Аннотация. В данной статье выделены разделы курса эволюционной биологии, выносимые для исследования в природных популяциях. Основными объектами изучения являются вид, популяция и биогеоценоз, по которым составлены задания. Полевая практика по курсу эволюционной теории способствует не только закреплению полученных теоретических знаний, но и совершенствованию умений, навыков, методов исследований и обработки полученных материалов.

Ключевые слова: микроэволюция, естественный отбор, вид, популяция, биогеоценоз.

Одной из составных частей профессиональной подготовки учителя-биолога является умение грамотно организовать исследовательскую работу со школьниками не только по разделам - растения, животные, но и по общей биологии. По учебному стандарту для студентов – бакалавра специальности «Биология» предусмотрена полевая практика (2 кредита) по дисциплине «Эволюционное учение». Данная дисциплина занимает центральное место в современной биологической науке, т.е. ее законы и принципы используются в любой области биологических знаний.

Цель полевой практики по эволюционной теории: изучить состояние природных систем разного уровня, популяционно-видового и биогеоценозического, выявить взаимосвязь, взаимовлияние основных ее частей в природных системах.

Основные задачи:

- ознакомить с основными и специфическими методами изучения живой природы и ее закономерностей;
- уметь составить план и программу полевых исследований;
- приобрести умения и навыки оформления отчетов, различных коллекций, гербарий и другие материалы;
- сформировать у студентов представление о реальных процессах, протекающих в биоценозах, напряженности внутри- и межвидовых конкурентных отношений;
- показать действительную глубину влияния биотических и абиотических факторов на жизнь конкретных видов;

Помимо достижения чисто учебных задач, полевая практика несет и воспитательную функцию. Преподаватели должны активно формировать у студентов природоохранное сознание, этическое отношение и просто любовь к живой природе. Важная задача – доведение до сознания студентов понимания неповторимости, уникальности каждого биологического вида, каждого сообщества, каждого природного объекта.

Для решения поставленной цели программа полевой практики включает следующие разделы:

Раздел 1: Микроэволюция

Микроэволюция – центральный раздел современного эволюционного учения, посвященный различным факторам эволюции, эволюционному материалу и эволюционному явлению, наконец, виду, видообразованию и возникновению различных адаптаций как главным результатам эволюционного процесса на этом уровне. Вид - основная категория таксономической иерархии и одна из самых фундаментальных категории в биологии. Вид – качественный этап эволюционного процесса, потому что это – наименьшая неделимая генетически устойчивая система органического мира [5].

Тема: Изменчивость в пределах вида у животных

Изменчивость свойство живых организмов существовать в различных формах (вариантах). Изменчивость – один из важнейших факторов эволюции обеспечивающих приспособленность популяций и видов к изменяющимся условиям существования[3,5].

Задание №1. Изучить внутривидовую изменчивость на примере широко распространенных насекомых луга и степи: бабочки репницы, рапсового клопа, клопа ягодного и других видов. Собрать указанных насекомых (по 30-50 экз.) из каждого биотопа. Провести сравнительный анализ морфометрических показателей. Построить график (диаграмму), сделать вывод, смонтировать коллекции внутривидовой изменчивости.

Тема: Вид – качественный этап эволюционного процесса

Задание №2.

А) Морфофизиологические отличия белянок. Воздушным сачком собрать бабочек семейства белянок: капустниц, брюквенниц, репниц. Провести анализ по указанным в таблице признакам. Заполнить таблицу, составить диаграмму и график. Смонтировать коллекцию белянок.

Сравнительная характеристика белянок

Таблица 1

Признаки	Виды белянок		
	Капустница	Брюквенница	Репница
Размах передних крыльев			
Окраска вершины передних крыльев			
Окраска нижней стороны задних крыльев			
Привлекающий запах чешуек самцов			
Место обитания			
Размножение			

Б) Собрать из различных биоценозов несколько видов из рода люцерна: люцерна серповидная, люцерна румынская. Сравните их морфометрические признаки, характеризующие самостоятельность этих видов. Составить и заполнить таблицу.

Раздел 2: Естественный отбор – движущий и направляющий фактор эволюции

Тема: Возникновение адаптаций – результат действия естественного отбора. Демонстрация.

Велика роль покровительственной окраски и формы в изменяющихся условиях среды. Различают три типа покровительственной окраски и формы: демонстрацию, маскировку и мимикрию[1].

Задание №1. В природных популяциях собрать насекомых: имаго и личинок бабочек, жуков, перепончатокрылых, клопов и другие виды с яркой окраской тела. Идентифицировать по определительной таблице, заполнить сравнительную таблицу 2, сфотографировать и подготовить учебный слайд с описанием и с выводами.

Результат естественного отбора

Таблица 2

Виды насекомых	Окраска тела	Защитные свойства	Тип окраски
Божья коровка			
Жук нарывник			
Оса обыкновенная			
Листоед травяной			
Медведица			

Мимикрия – подражательное сходство незащищенного организма с защищенным или несъедобным. Возникновение мимикрии связано с избирательным истреблением животных или растений другими животными и растениями, руководствующимися в поисках пищи зрением. Эволюция явлений мимикрии связана с накоплением под контролем естественного отбора мелких удачных мутаций у съедобных видов, которые, в конце концов, способствовали усилению конвергентного сходства с несъедобным видом в условиях совместного их обитания. Мимикрия у животных выражается внешним сходством незащищенных животных с предметами окружающей среды и растениями (мимезия) или с несъедобными или защищенными животными (миметизм) [2].

Мимикрия у растений служит большей частью для привлечения или отпугивания животных и обычно касается отдельных органов, а не организма в целом. Лишенные нектара цветки (белозор), внешне сходные с медоносными, привлекают насекомых, которые в поисках нектара опыляют их. Ловчие аппараты насекомоядных растений (непентес) часто напоминают яркие цветки других растений, привлекая этим насекомых, которые погибают в ловушках.

Изучением явления мимикрии с точки зрения эволюционной теории занимался особенно Уоллес. Самое широко распространённое и давно известное явление представляет общее соответствие, гармония в окраске животного с местом его обитания[3,5].

Задание №2. Провести наблюдения в различных биоценозах (степь, луг, лес), с целью выявления покровительственной окраски у беспозвоночных и

позвоночных животных. Непосредственно на экскурсии фотографировать виды с ярко выраженными признаками криптической и формой тела личики пяденицы, богомола, ленточницы ордена голубая, зеленого кузнечика, яйца степного жаворонка, птенцы куро-патки и другие виды животных. Полученный материал оформить в слайды, для дальнейшего использования в школе.

Тема: Коадаптивная эволюция цветковых растений и насекомых – опылителей.

Задание №3. Собрать растения относящиеся к различным семействам опыляемые насекомыми. Обратит внимание на размер цветков, характер окраски чашечки, венчика. Отметить часто посещаемые виды насекомых определенные растения.

Обратить внимание на морфологические особенности посещаемых насекомых следующих отрядов: чешуекрылых, двукрылых, перепончатокрылых, жесткокрылых, клопов и др. Какие связи с растениями исторически обусловили особенности строения ротовых частей и других приспособлений у насекомых? Результаты наблюдений, оформить в форме графика, таблиц, гербария, фотографий и тематической коллекции.

Раздел 3: Искусственный отбор

Дарвин обратил внимание на многообразие пород и сортов. Отметив особые изменения, свойства, признаки у животных и растений, человек отбирает для себя только особей, обладающих нужными ему особенностями. Отбор по полезным для человека признакам растений и животных Ч. Дарвин назвал искусственным отбором. Впервые Ч. Дарвин заметил, что нельзя только изменчивостью объяснить все различия между породами и сортами. Если изменчивость в природе подвергает изменениям все органы растений и животных, то при искусственном отборе человек отбирает организмы с необходимыми для него признаками, поэтому Ч. Дарвин поставил перед собой цель - выяснить механизм эволюционного процесса. Для этого он начал изучать сельскохозяйственную практику Англии.

Ч. Дарвин исследовал получение новых форм организмов (пород животных и сортов растений) в практике сельского хозяйства. Затем он приступил к изучению причин появления новых видов в природе и заметил, что основным принципом процесса образования новых форм в природе и практике сельского хозяйства является отбор. Он сумел показать огромные различия между искусственным и естественным отбором. В результате Ч. Дарвин заложил основу учения об искусственном и естественном отборе. В работе "Изменение домашних животных и культурных растений", изданной в 1868 г., Ч. Дарвин дал полное описание происхождения пород и их многообразия. Он изучил около 400 пород крупного рогатого скота. Животные отличались друг от друга по величине черепа, форме тела, окраске, по развитию скелета и мышц. Несмотря на множество отличий, он пришел к выводу, что предком всех полученных путем искусственного отбора пород и сортов является один дикий вид. Например, все породы домашних кур произошли от дикой банкивской курицы, домашние утки - от утки-кряквы, породы кроликов - от дикого европейского кролика. Породы

крупного рогатого скота берут начало от дикого европейского быка - тура, собаки - от волков и т. д.

Искусственный отбор – процесс создание новых пород животных и сортов культурных растений путем сохранения и размножения особей с ценными для человека признаками и свойствами[1].

Тема: Искусственный отбор

Задание №1. Экскурсия на селекционно-опытную станцию г.Уральска.

- познакомиться с достижениями селекционеров области: по созданию, сохранению и совершенствованию пород животных (крс и мрс) и сортов растений адаптированных к аридным условиям сухих степей Западно-Казахстанской области:

- выписать районированные сорта зерновых культур, описать их морфологические признаки, биологические особенности, история создания;

- ознакомиться с методами современной селекции;

- получить полную информацию о создании новых пород животных (крс и мрс) различных направлений, улучшенных сортов зерновых, кормовых и др. культур;

- материалы оформить: в виде отчета, диаграмм, графиков.

Подведение итога полевой практики: проведение конференции, сдача отчета и подготовленные тематические наглядные пособия.

Литература

1. Дарвин Ч. Происхождение видов. М., 1987.
2. Иорданский Н.Н. Эволюция жизни. М.: Издательский центр «Академия», 2001.
3. Северцов А.С. Теория эволюции. М.: ВЛАДОС, 2005.
4. Тыщенко В.П. Введение в теорию эволюции. СПб: Изд-во СПб университета, 1992.
5. Яблоков А.В., Юсуфов А.Г. Эволюционное учение. М.: Высшая школа, 2004.

Л.А. Байдулова, К.Б. Булатова

**«ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ІЛІМ» КУРСЫ БОЙЫНША ОҚУ-ДАЛАЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ
(5В011300 «Биология» мамандығына арналған - бакалавр)**

Бұл мақалада табиғи популяциядағы зерттеулерге арналған эволюция ілімінің бөлімдеріне көңіл бөлінген. Негізгі оқу нысаны болып түр, популяция және биогеоценоз болып табылады. Бұл тақырыптарға арналып тапсырмалар құрастырылған. «Эволюциялық ілім» курсы бойынша оқу-далалық практикасы теориялық білімнің бекітілуіне ғана емес, сонымен қатар зерттеу және де алынған материалды өңдеу дағдысын, әдістерінің жетілдіруіне үлесін қосады.

Түйін сөз: микроэволюция, табиғи сұрыптау, түр, популяция, биогеоценоз.

L. Baidulova, K. Bulatova

METHODS OF FIELD PRACTICE IN EVOLUTIONARY THEORY

This article describes sections of evolutionary biology course which are used for natural population study. The all assignments are based on major topics of study like a species, population and biogeocoenosis.

The field practice in evolutionary theory course contributes to consolidation of the theoretical

knowledge and also improve the abilities and skills of research methods and the processing of the materials.

Key words: micro-evolution, natural selection, species, population, biogeocoenosis.

УДК 372.853

Ж.С. Сырым – п.э.к.,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры

Г.А. Нуртазаева – магистрант,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Г.Ш. Кәжмуханова – магистрант,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: sezim_gul_sezim@mail.ru

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ МОДЕЛЬДІҢ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада оқу үдерісінде компьютерді қолданудың әртүрлі аспектілері талқыланған. Физикалық құбылыстарды компьютерлік модельдеу ерекшеліктеріне аса көңіл бөлінген.

Түйін сөз: компьютер, модель, физика, әдістеме, үдеріс.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлеуметтік стандарттар деңгейінде сапалы білім қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Оқытудың, әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау қажет» деп көрсетілген. Білім беруді ақпараттандыру үдерісінде компьютерді оқу жүйесінде пайдалануы арқылы халыққа білім беру жүйесін реформалаудың негізгі буынының бірі болып саналады.

Қазіргі қоғамның қажеттілігіне сай оқытудың әдісі мен қалпын, білім берудің мазмұнын түбірімен өзгертуде компьютердің мүмкіндігін пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес деп есептейміз. Компьютерлік оқыту бағдарламаларын оқу үдерісіне пайдалануда оқытудың мынадай жалпы ұстанымдарын қолдануға тура келеді.

Бірінші ұстаным – өзара тығыз байланыстағы материалдарды блоктарға бөлу (қадамдарға). Ал бағдарлама авторларынан оқу материалдарын тиянақты талдауды, мәтін бөліктері арасындағы өзара байланыстың ерекшеліктері мен мазмұнын анықтауды талап етеді.

Екінші ұстаным - алгоритмдерді (бағдарланған мәтіндерді) оқып үйрену кезінде студенттердің белсенділігін арттыру, яғни студенттердің терең де, жан-жақты талдаулар машығын қалыптастыруға бағытталады.

Үшінші ұстаным - оқушының әрбір жауабына мұқият баға беру және ол жауаптың бағасын тез хабарлап, дұрыс жауап берген болса келесі қадамға көшу.

Төртінші ұстаным - оқудың қарқыны мен мазмұнын арттыру, яғни оқу қарқынын дараландырып отыруды қамтамасыз ету.


Бесінші ұстаным – бағдарланған мәтіндердің сезім мүшелері арқылы қабылдау (эмпирикалық) сенімділігін тексеру, яғни әрбір оқушының мүмкіндігіне қарай тапсырманың қиындық дәрежесін реттеуді қарастыру.


Оқыту үдерісінде білім беру жүйесінің жаңа бағыттарының бірі - болашақ маманның ақпаратты игеру мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Модельдеу қоршаған ортаны, табиғат пен қоғамда болып жатқан ақпараттық процестерді тану әдісі ретінде ерекше мәнге ие болады. Сондықтан да компьютерлік модельдеуге ерекше назар аударуға тура келеді. Себебі ол студенттер меңгеруге тиісті білім қорын таным тәсілі мен мазмұны тұрғысында қарастырылады. Бұл компьютерлік модельдеу (КМ) мәселесі, қоршаған шындықты танып-білудің әдістері ретінде оқып-үйренуді қажет етеді.

А.Маслов өз еңбегінде ақпаратты ұсыну формалары, ақпаратты сақтау, өңдеу және тасымалдауды ұйымдастыру. Өндірісті басқару үшін ақпаратты пайдалану, ЭЕМ құрылғылары және оны қолдану, бөлімдерімен қатар информатиканың философиялық және саяси көзқарасы деген бөлімді ендірген. Соңғы бөлім студенттерге қоршаған әлемді тану туралы, ойлау үлгілерін тану әдістерінің даму тарихы туралы, логикалық ойлау элементтері және оны қалыптастыру, математикалық модельдеу, модельдер және білімді ұсыну үлгілері туралы түсініктерді алу мүмкіндігін беретін тармақтардан тұрады [1.,б.565].

Модельдеуді - оқытудың басты бір әдісі ретінде физика ілімінің мамандары үлкен назарда ұстап отыр. Атап айтқанда Л.И.Резников физиканы оқып-үйренуде графикалық модельдерді қолданудың әдістемесін зерттеді. С.Е.Каменецкий модель – аналогиялардың рөлі мен мүмкіндіктерін көрсетті. Д.И.Пеннер ядро құрылғысын оқып-үйрену барысында және физикалық оптикадағы модельдеудің рөлін зерттеді. Ал физикалық есептерді шешуде, құбылыстарды зерттеудегі компьютерлік модельдер әзірше, жете зерттелмегендігі байқалады.





1-сурет. Студенттерді компьютерлік модельдеуді қолданып оқытудағы оқу-әдістемелік жұмыстардың жүйесі


Осы аталған ғалымдардың еңбектеріне жүргізілген талдау нәтижелеріне сүйенсек, олардың жалпы ортақ мақсатты көздейтіндіктерін байқауға болады. Физика курсына модельдеуді оқып-үйренудің негізгі мақсаты, бұл студенттер арасында қазіргі заманның ғылыми көзқарасын қалыптастыру, бұл жерде ақпарат – табиғаттың іргелі сөз мағынасының қасиеті ретінде қарастырылады, ал ақпараттық үдерістер кез-келген техникалық, әлеуметтік және табиғи жүйелердің, оның ішінде адамзатты қоршаған ортаны тану үдерісінің де маңызды интеллектуалды компоненттері болып табылады. Сонымен бірге аталған зерттеулер бүгінгі заманның ғылыми әдістемелерін негізге ала отырып, ақпараттық модельдеудің теориялық мәселелерін оқып үйренуге бағытталады.

Ал, Т.А.Яковлева ЭЕМ көмегімен есепті шешудің келесі кезеңдерін атап көрсетеді: есептің нақты зерттеу нысанында қойылуы, формальдау және модельдеу алгоритм және бағдарлама құру ЭЕМ жұмысының нәтижелерін алу және талдау. Модельдер сызба, схема, формула, теңдеулер және т.б қалыпта ұсынылуы тиіс. Сонан соң модельдеу басқа пәндерді (химия, биология, информатика, физика және т.б) оқып үйрену барысында қолданылады. ЭЕМ-ді қолдану арқылы модельдеу, яғни компьютерлік модельдеу технологиясы қазіргі ғылыми танымның неғұрлым жемісті (продуктивті) технологияларының бірі болып табылады. Ол студенттердің эксперименттік және зерттеушілік әрекеттерін арттырады, модельдеу технологиясына негізделген оқыту үдерісін нақты таным үдерісіне жақындату мүмкіндігін береді. Біздіңше, осы айтылған пікірлерге сүйене отырып физика курсының кез-келген тақырыбы, мүмкіндігінше, компьютерлік модельдеу идеологиясына сәйкес құрылуы тиіс. Сондықтан физика курсының оқулықтарындағы есептерді модельдеу элементтерін оқып-үйренудің дидактикалық шарттарына байланысты топтастыру қажет [2.,б.96-98].

Сондықтан физика курсын оқыту өзара әрекеттесетін модельдерді кеңейте түсетін жаңа жүйе ретінде құрылуы тиіс.

Физиканы оқытудағы модельдеу әдісінің мәні мынада: яғни нысанын оқып-үйрену барысында, алдыңғы зерттеу нысанын алмастыратын басқа зерттеу нысаны қолданылады. Түпнұсқаны алмастыратын зерттеу нысанын модель деп атайды. Модельдеу кезінде, бір зат (модель) туралы білімдер басқа бір зерттеу нысанына (түпнұсқаға) тасымалданады. Молекулалық физиканы, электродинамиканы, оптиканы, атомдық және атомдық ядро физикасын, заттардың құрылысы және өрістер, молекула мен атомдардың құрылысын, олардың қозғалысын, оқып-үйрену үдерісінде студенттерде модельдік ұғымдарды және олар туралы түсініктерді қалыптастыру қажеттігі туындайды. Бұл жерде техникалық және зертханалық құрылғылар мен тәжірибелердің модельдері қолданылады, яғни олар Резерфорд тәжірибиесі, Штерн тәжірибиесінің моделі, үдеткіш, циклотрон, бетатрон, ядролық реакторлардың және т.б. модельдері. Мұндай модель ұқсастықтар студенттерге құбылыстың ішкі механизмін түсіну үшін маңызды мәнге ие болады.

Физиканы оқыту практикасында тағы да бірқатар модель – ұқсастықтар кеңінен қолданылады. Мысалы Броундық қозғалыстың механикалық моделі, металл өткізгіштегі электрондардың инерциялық қозғалысының механикалық моделі - О.Э.Мандельштам мен Н.Д.Папалекси және т.б тәжірибелерінің моделі.



2 – сурет. Броундық қозғалыстың механикалық моделі

Модельдеу табиғатты зерттеу әдісі ретінде физикалық зерттеу нысанын тану үшін ертеден қолданылып келеді. Физикадағы модельдеудің ғылыми негіздерінің дамуы И.Ньютонның атымен байланысты. Ол алғаш рет ұқсастық туралы екі теореманы ұсынады, сонымен модельдеуді теориялық танымның әдісі ретінде физикадағы модельдеудің ғылыми негіздерінің дамуы И.Ньютонның атымен байланысты, сонымен модельдеуді теориялық танымның әдісі ретінде тұңғыш бастама жасады. Бұл бағыттағы келесі қадамды, физикалық құбылысты математикалық модельдеу тұрғысынан

қарастыруды Д.Максвелл жасады. Идеал газдың моделі мен заттардың атомдық молекулалық құрылысының моделі заттардың молекулалық-кинетикалық теориясының дамуына ықпал етті және бірқатар эксперименттік газ заңдары (Бойль-Мариотт, Гей –Люссак, Шарль) түсіндіруге көмектесті.

Жиырмамыншы ғасырда теориялық модельдеу микроәлем физикасын оқып-үйренуге бағытталып, әрі қарай дами түсті. 1900 жылы М.Планк кванттық осцилятордың моделін ұсынды. Бор атомының моделі классикалық физикадан кванттық физикаға өтудің өтпелі кезеңі болды. Кванттық механикада бірқатар құбылыстардың құрылымдық және энергетикалық моделін (зондық модель жартылай өткізгіштердің өтімділігінің зондық теориясы) қарастыру мүмкін болды. Ядро моделі бүгінгі заман теориясы бойынша эксперименттік зерттеулердің нәтижелері мен оларды жоспарлаудың басты қызметін атқарады.

Физикада барлық модельдерді құру тәсілі бойынша құру материалдық және идеалды (ойша) деп бөлуге болады. Материалды модель деп зат түріндегі элементтен тұратын және белгілі бір табиғи (жаратылыс) заңдылықтарымен нақты қызмет ететін модельдерді айтады. Олар зерттеу нысанының құрылымын, өту сипатын және қарастырылып отырған физикалық процестің немесе техникалық құбылыстың мәнін жаңғыртуға арналады.

Материалдық модельдер физикалық ұқсас (электродвигательдердің моделі, бу трубиналары); кеңістіктегі ұқсас (автомобильдердің, кемелердің, ұшақ қанатының, іштей жану, магниттік қосқыш, двигательдерінің модель - макеті және басқа микроәлемнің демонстрациялық модельдері және т.б) оларды суреттердің, мультипликацияның, белгілі бір символдардың көмегімен көрсетуге болады. Дегенмен, элементтердегі барлық түрлендірулер бұл жағдайда адам санасында логикалық, математикалық және физикалық ережелер мен заңдар бойынша іске асырылады.

Идеалды модельдер елестету – модельдер мен таңбалары моделіне бөлінеді. Адам бейнелер арқылы ойлайды, сондықтан студенттер санасындағы физикалық бейнелер қорын толтыру – физика мұғалімінің басты міндеттерінің бірі, яғни студенттердің физикалық ойлауын дамытудың негізі [2.,б.99-102].

Ақпараттық модельдеудің жалпы идеяларын қарастыру барысында мына сұрақтарға басымдылық беріледі; ақпараттың қалыпты белгілер түріндегі сипаты; компьютерді дискретті белгілер құрылымдарын ұсыну және түрлендіру құралы ретінде пайдалану; зерттеу нысанының бейнесі (модель); формальды модельдерді жүйелі ақпараттық тілде сипаттаудың негізгі конструкциялары; ақпараттық модельдерді құру барысындағы технологиялық тізбек және оларды компьютердің көмегімен жүзеге асыру (есептің қойылуы және зерттеу нысанын-модельдеу – алгоритмдеу – бағдарламалау – нәтиже - нәтижені талдауды оқып-үйрену).


Ақпараттық модельдеуді оқып-үйрену үшін көптеген авторлар мектеп бағдарламасына келесі жаңа бөлімдерді кіргізуді ұсынады: «Ғылымдар жүйесіндегі информатика», «Зерттеу нысаны», «Бүтін, бөлік жиын», «Қасиеттер мен шамалар», «Қатынастар», «Схемалар», «Әрекеттер», «Тіл», «Қалыпты зерттеу нысаны», «Класс», т.б.


Егер физика курсы қалыптастыру бұған дейін математикалық модельдеуге негізделіп келсе, курсты қазіргі заман технологиялары тұрғысында

дамыту үшін студенттерді компьютерлік модельдеу әдістері бойынша ұсынамыз. Компьютерлік модельдеу әдістері пән салалары бойынша нақты және жалпы мәліметтерді ұсыну конструкциялық құралы ретінде қарастырылады.

Студенттерді компьютерлік модельдеу негізінде кәсіби оқыту іс-әрекетінің бөлінбейтін компоненті, ол мынадай іс-әрекеттің жинағы: модельдеу іс-әрекетінің нысанын анықтау, модельдерді таңдау және құрастыру, оқу үдерісін жоспарлауда қойылған мақсатқа жетудің көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау; оқу үдерісінің әрбір кезеңінде модельдердің түрлерін тиімді және жүйелі қолдану; іс-әрекет нәтижелерін түсіндіру және бағалау; жоспарланған және алынған нәтижелерді салыстыру; іс-әрекеттік мақсатқа жетуде жіберілген кемшіліктердің себептерін анықтап, өзінің іс-әрекетін бағалау; қажет болған жағдайда оқыту әдістемесіне өзгерістер енгізу.

Компьютерлік модельдеу негізінде болашақ мамандарды кәсібилікке бейімдей оқыту әдістемесінің негізгі мақсаты - олардың ақпараттық мәдениетін дамыту, олардың әдістемелік даярлығының кәсіби деңгейге жетуін қамтамасыз ету. Әдістеменің мазмұндық негізін физика пәні мен кәсіби-педагогикалық білім берудің негізгі құрауыштары (компоненттері) анықтайды. Бұл тұрғыда біз болашақ мамандарды кәсіби оқыту жүйесінде компьютерлік модельдеуді қолданудың оқу-технологиялық моделін ұсындық.





2-сурет - Болашақ мамандарды кәсіби оқыту жүйесінде КМ-ді қолданудың оқу-технологиялық моделі

Есепті шешуді автоматтандырудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін ЭЕМ қолданылады. Математикалық модельдерді ЭЕМ бағдарламаларының жиынтығы түрінде іске асыру оның компьютерлік моделі деп аталады [3.,б.56].

Ақпараттық модель - бұл сезімдік және теориялық ойлауға сүйенетін табиғи немесе арнайы тілдердің көмегімен оқып-үйренетін пәнді дәл, нақты сипаттау. Компьютерлік модель - ақпараттық-компьютерлік-ақпараттық модель арқылы ұсынылған пәндер мен құбылыстар туралы нақты білімдерді жалпы анықтау нәтижесі ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер

1. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития. Книга I – Казань. 1996 - 565с.
2. Анциферов Л. И. Использование управляющей функции ЭВМ в физическом эксперименте Использование физического эксперимента и ЭВМ в учебном процессе: сб. науч. тр.- Свердловск. 1987.- с.96-102.
3. Буршан Э.В. Задачи по физике для компьютера: Учеб. пособие для студентов физ.-мат. фак. пед. ин-тов. - М.: Просвещение. 1991. – с.56.

Ж.С. Сырым, Г.А. Нуртазаева, Г.Ш. Кажмуханова
ОСОБЕННОСТИ МОДЕЛИ И МОДЕЛИРОВАНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЙ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ В ОБУЧЕНИИ ФИЗИКЕ

Рассматриваются функции компьютерных моделей в обучении, определяется их видовое разнообразие, уточняются термины, характеризующие конкретные виды компьютерных моделей. Указаны направления использования компьютерных моделей как средства предъявления «готового» знания и организации учебного исследования.

Ключевые слова: компьютер, модель, физика, методика, процесс.

Zh.S. Syrym, G.A. Nurtazaeva, G.Zh. Kazhmuhanovna
**FEATURES OF MODEL AND DESIGN IN ORGANIZATIONS OF EDUCATIONAL-
COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS IN EDUCATING TO PHYSICS**

The functions of computer models are examined in educating, their specific variety is determined, terms characterizing the certain types of computer models are specified. Directions of the use of computer models as facilities of producing of the "prepared" knowledge and organization of educational research are indicated.

Key words: computer, model, physics, methodology, process.

УДК 616.9

*Л.А. Байдулова - б.з.к., доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Қ.Б. Булатова - аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Б. Ертлеуова – студент
E-mail: kanzhan_46@mail.ru*

ОПИСТОРХОЗ ИНВАЗИЯСЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Описторхоз – адамның гельминтоздық қауіпті ауру түрі. Жайық өзенінің бассейні осы инвазияның табиғи ошағы болып табылады. Бұл мақалада аралық иелерінің (ұлулар, кәсіптік мәні бар балықтар) зақымдану деңгейін зерттеу әдістері қарастырылған.

Түйін сөз: Описторхоз, гельминтоз, инвазия, табиғи ошақ.

Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген аймақтарында антропоознозды гельминтті аурулардың таралуына байланысты олармен күресу шаралары Денсаулық сақтау және Ветеринария саласында маңызды орын алуда. Соңғы жылдардағы ғылыми еңбектер мен есептер, көптеген паразитарлық аурулардың эпизоотиялық және эпидемиялық жағдайлары, соның ішінде описторхоз, эхинококкоз, аскаридоз, токсакароз, трихинеллез және т.б. дәлелі бола алады.

Бұл гельминтоздар бүкіл адамзатқа елеулі шығын әкелуде. Оған тек адам денсаулығы мен жануарлар ағзасына тигізіп отырған зардаптың әсері ғана емес, сонымен қатар, әлемдік қауымдастықтың осы гельминтоздардан сауықтыру мен сақтандыруға жұмсап отырған экономикалық шығындары да аз емес.

Адам мен жануарларға қауіпті болып табылатын көптеген гельминттердің негізгі иесі – ит, мысық, ал қосымша (аралық) иесі – тұқы тұқымдас балықтар болғандықтан, халық денсаулығына үлкен қауіп төнуде. Бұл қауіп бұралқы ит, мысықтардың көптігіне және адамдардың азықтану рационындағы балық пен балық өнімдеріне сұранысына, балық аулауға әуесқой адамдардың көбеюіне байланысты.

Елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, көпшіліктің гигиеналық тазалық сақтау мәдениеті, қоршаған ортаның жыл өткен сайын ластану салдарынан әртүрлі жұқпалы кеселдер бас көтеріп, жануарлардан жұғатын инфекциялық, паразитарлық аурулар халық арасында жиі кездесіп отырғаны мәлім. Мұндай паразитарлық аурулардың бірі – описторхоз.

Адамның қатерлі ауруы описторхоздың қоздырғышы - *Opisthorchis felineus*-тің ареалы Қазақстан Республикасының шығыс шекарасынан батысына дейін үзіліссіз жалғасады, соның ішінде Батыс Қазақстан облысын да қамтиды [5].

Opisthorchis felineus-тің тұрақты (соңғы) иесі – ит, түлкі, көгілдір түлкі, бұлын, қара күзен, жабайы шошқа және адам, аралық иесі – тұщы суда ұлуы *Codiella (Bithynia leachi)* және қосымша (екінші аралық) иесі – тұқы тұқымдас балықтар (аққайран, таран, торта, табан, қияз, т.б.).

Қазіргі кезде описторхоздың ошақтарын, берілу жолдарын және таралуын анықтау, эпидемиологиялық және эпизоотологиялық маңыздылығына баға беру, алдын алу шараларын жүргізу және диагностика үшін *Opisthorchis felineus*-тің биологиясын, даму циклін зерттеу әдістерін білуді қажет етеді.

Зерттеу әдістемесі: гельминтоовоскопиялық (гельминт жұмыртқаларын жануар қиынан табу әдісі), гельминтокопрологиялық (жануар қиынан гельминт жұмыртқасын және дернәсілін табу арқылы балау), компрессорлық, описторхоз метатеркарийларын бөліп алу үшін балық бұлшықетін жасанды асқазан сөлінде қорыту, жүйелілік шаю, флотациялау, құнарландырылған «Parasap» (құнарландырылған шыны түтікте) сынамасын дайындау, паразитологиялық және етқоректілер описторхозын анықтау үшін модификациялау әдістемелері, сонымен қатар сойып-жару тәсілдері негізінде зерттеледі [1,2,3,4].

Моллюскаларды паразитологиялық зерттеу әдістері

Битиния моллюскаларының мысық қосезуі - *Opisthorchis felineus*-тің дернәсілдерімен экстенсивті инвазиясы (зақымдануы) негізінен төмен (0,5-3,0%, 10%-дан жоғары болуы өте сирек). Моллюскалардың описторх дернәсілдерімен зақымдануын зерттеу жүргізгенде паразиттің церкарий дернәсіл стадиясының тіркелуіне көңіл аудару керек. Оларды келесі әдіс-тәсілдердің көмегімен анықтау әдістерін жүргізуге болады.

Компрессор әдісі. Препаровал иненің көмегімен моллюска бақалшағының төбесіндегі бірінші 2-3 оралымды көтеріп (уатып), ас қорыту безі - бауырды шығарып, заттық шыныға бір тамшы суға салып жабын шынымен жауып, жеңіл басады да МБС бинокулярмен қарайды. Бұл жағдайда паразитпен зақымдалған моллюскалардан жүздеген, мыңдаған қозғалғыш дернәсіл-церкарийлерді көруге болады. Моллюскалардың үлкен партияларын зерттеуді тездету мақсатында диагностиканы жеңілдету үшін, жеке бауырды бөліп алмай, моллюсканы бақалшағымен бірге жабын шынымен жаншып зерттейді. Бір заттық шыныға 4 моллюсканың төбе бақалшағын орнатып, әрбіреуін жеке жабын шынымен жауып қарайды. Бұл тәсіл 2,5-3 сағатта 500 дана моллюсканы зерттеуге мүмкіндік береді [5].

Тірілей диагностикалау әдісі описторх церкарийінің оң фототаксисіне негізделген. Компрессор әдісінен жеңіл, бірақ нақтылығы төмен, моллюскаларда қалыптасқан церкарий болған жағдайда қолдануға болады.

Әсіресе тірі моллюскалардың зақымдануын анықтау үшін өте қолайлы әдіс.

Зерттелетін тірі моллюскаларды жеке-жеке микроаквариумдарға (көлемі 3-5мл ұяшықты иммунологияда қолданылатын мөлдір пласмасса бюкс)

орналастырып, су құяды да тіке күн сәулесі жақсы түсетін немесе 100 Вт электрошамынан 30 см қашықтыққа 50-60 мин қояды. Жарық экспозициясынан кейін (моллюскаларымен бірге) микроаквариумдарды 16 есе ұлғайтқышпен МБС бинокулярмен қарап моллюскалардан шыққан белсенді жүзіп жүрген церкарийлерді анық көруге болады [5].

Моллюскалардың интенсивті зақымдануын анықтау описторхоздың табиғи ошағында терең эпидемиологиялық зерттеуде жүргізіледі. Интенсивті зақымдану көрсеткіші негізінде (бұл көрсеткішті экстенсивті зақымдану және популяция тығыздығымен салыстыру жағдайында) биотоптың адам, жануар экскриментімен ластануын және оның эпидпроцестегі маңызын анықтау мүмкін. Сонымен қатар, бұл көрсеткішті описторхоз ошағын типтеу кезінде және аймақты аудандастыру үшін, т.с.с. қолдануға болады.

Бір зақымданған дараның бауырындағы (гепатопанкреастегі) церкарий саны, яғни битинияның интенсивті зақымдануын анықтау-моллюска бқақалшағынан бауырды толық бөліп, заттық шыныға 5-6 тамшы суға салып, инемен тегістеп жазады, екінші заттық шынымен жабады [5].

Заттық шынының көлемінен аздаған үлкен ұяшықты қағаз алып, 0,5 x 0,5 см квадрат ұяшық қияды. Дайындалған шаблонды бинокуляр үстеліне препарат астына салып, 30-40 есе үлкейткіште қарап, шаблон квадратындағы церкарийге сандық есеп жүргізеді. Препарат астындағы шаблонды қозғап, ұяшықты жылжытып, есепті бірнеше рет қайталап, препараттың әртүрлі аймағындағы церкарийлерді санайды. Алынған материалдан церкарийдің $0,25 \text{ см}^2$ -дегі орташа санын анықтайды, кейін бұл көрсеткішті заттық шынының барлық ауданына шағып, препараттағы, яғни зақымданған моллюска бауырындағы церкарий санын алады. Мысалы: церкарийдің орташа саны (5 есеп нәтижесі бойынша) $0,25 \text{ см}^2$ - де = 60, яғни $1 \text{ см}^2 = 240$. Заттық шыны ауданы $17,5 \text{ см}^2$; церкарийдің жалпы саны $240 \times 17,5 = 4200$.

Осы әдіспен моллюска гепатопанкреасіндегі паразиттің редий санын да есептеуге немесе трематодтың екі түрімен зақымдану қарқынын салыстыруға болады.

Церкарийлердің тәуліктік эмиссиясын анықтау. Белгілі-бір мерзім аралығында (жарық тәулік бөлігінде, жаз мерзімінде, т.с.с.) зақымдалған моллюскалардан сыртқы ортаға шығатын описторх церкарийлерінің сандық есебін жүргізу үшін эмиссияны анықтайды. Тәулік бойы зақымдалған моллюскалардан бөлінетін церкарийлер, шыңы күндізгі сағаттарға сәйкес келетін бір төбелі сызықпен сипатталады. Белгілі сағаттарда бөлінетін церкарийлер санын анықтау үшін зақымдалған моллюскаларды бір-бірден нөмірленген көлемі 2-5 мл микроаквариумдарға орналастырады. Сағаттық жарық экспозициясынан кейін моллюскаларды сол нөмермен басқа микроаквариумға салып, қайтадан жарық экспозициясынан өткізеді. Алғашқы церкарийлер бөлінген микроаквариумдарға этанолдің бірнеше тамшысын, 4% формалин немесе 0,01% - ды церкарицид ерітіндісін қосады.

Мысалы, сандық есеп жүргізуді жеңілдету мақсатында, церкарийлердің қозғалысын тежеу үшін 5,2-дихлорнитросалициланилид қолданады. 1,2,3, т.с.с. сағат сайын процесс қайталанады. Тәжірибе соңында тәуліктік (күндізгі) церкарийлер эмиссия графигі құрастырылады.

Описторх мирацидияларын битинияға экспериментальды жұқтыру.

Бұл әдісті гельминттердің дернәсіл және партеногенетикалық ұрпақтарының биологиясын, сонымен қатар қоздырғыштың әртүрлі тұртармақтары

немесе штаммдар тіркестік деңгейі бойынша аралық ие популяциясының гетерогенділігін зерттеуде қолданады.

Табиғи жағдайда описторх мирацидиялары сыртқы ортаға шықпайды, сондықтан битинияны дозалы зақымдау кезінде белгілі қиындық туады. Битинияны экспериментті зақымдау және инвазия материал ерітіндісін титрлеу негізінде описторхозды моделдеуде қолданылатын тәсілдер:

1-тәсіл. Инвазия материалын (экспериментті мысық немесе лаборатория жануарларынан бөлінген гельминттер жатынының алдыңғы үштен бір бөлігінен алынған жұмыртқалар) түбі көктерек жапырағымен төселген, су құйылған сыйымдылығы 600 мл стаканға пипеткамен жапырақ бетіне салады. Жұмыртқалар төсемікке біркелкі тұну үшін суды сәл шайқап, стаканға 16-20 моллюска жібереді. Эксперимент жағдайына байланысты стаканға бір моллюскаға шаққанда 50-ден 100-ге дейін, барлығы 800-2000 жұмыртқа салынады. Инвазия материалымен моллюскалар экспозициясы 3 тәулікке созылады. Бұл тәсілмен массалы инвазия алуға болады, бірақ моллюскалардың гельминттердің тұртармақтарына немесе штаммдарға сезімталдығын зерттеуге ұсынуға болмайды, себебі мирацидиялардың көп мөлшері аралық иені уақытынан бұрын өлімге әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда жақсы нәтижені келесі тәсіл береді.

2-тәсіл. Моллюскаларды кіші көлемді суда индивидуалды белгілі дозамен зақымдауға негізделген. Сыйымдылығы 2 мл, түбі жұмырланған микроаквариумдарға инвазия материалын (ұяшықтарға 15-20 тіршілікке қабілетті жұмыртқадан түсуге тиісті) салады [5].

Фиксациялау және сақтау әдістері. Церкарийлерді 4% формалин ертіндісінде сақтаған жөн. Сыйымдылығы моллюсканың мөлшеріне сәйкес пробиркаға 4% формалин (жартысына дейін) құйып, қайнағанша қыздырады да оған моллюсканың паразитпен зақымдалған бауырын, одан бөлінген церкарий тұнбасын салады. Ыссы формалин дернәсілдің жиырылуына мүмкіндік бермей тез өлтіреді. Пробиркаға моллюсканың, церкарийдің латынша аты, сойылған күні жазылған, нөмірленген этикетка салынады. Егерде дернәсілді бірден анықтау мүмкін болмаса, оған шартты атау беріледі. Препаратпен жекелеген пробиркаларды этикеттелген ауызы арнайы тығындалатын шыны банкаларда сақтайды. Глицеринде дайындалған дернәсілдердің уақытша препараттары қорапшаларда сақталады [5].

Церкарийлерді идентификациялау өте күрделі, ол арнайы дағдыны талап етеді.

Церкарийді анықтау үшін төмендегі белгілердің таксономиялық маңызы үлкен: дене пішіні және мөлшері, құйрықтың болу немесе болмауы және пішіні мен мөлшері, дене немесе құйрықтағы жарғақ, бауыр сорғыштың болу немесе болмауы, иеге ену бездерінің саны және орны, тегумент, стилет және виргулдердің болу немесе болмауы, экскретор жүйесінің құрылысы, пигментті көзшелердің болу немесе болмауы, денеде және құйрықта сенсор түктерінің орналасу кестесі.

Екінші аралық немесе қосымша ие-балықтарды *Opisthorchis felineus*-тің дернәсілі-метацеркариймен зақымдалуын зерттеу.

Описторхид метацеркариін таратушы тек тұқытұқымдас балықтар. Бірақ олардың зақымдануға сезімталдығы, төзімділігі әртүрлі. Описторхоз инвазиясына қатысты су қоймаларының қолайсыздығын көрсететін инди-


катор-кяз, одан кейін табан, торта, оңғақ, аккөз, синец, подуст, густера, үкішабақ, қызылқанат, аққайран, елец, кара балық және т.б. Описторхоз ошағын толық сипаттау үшін, қоздырғыштың барлық қосымша иелерін жақсы білу қажет. Описторх метацеркарийлерін негізгі тасымалдаушыларды, әсіресе ересек балықтарды (балықтағы метацеркарийлердің тіршілік ұзақтығы - 2,5 жылға дейін) зерттеген жөн.

Описторхоз бойынша су қоймаларының нақтылы эпидемиологиялық сипаттамасын алу үшін кәсіби балықтардың әрбір түрінің 50 данасын зерттеу қажет. Егерде жас балықтар болса, оның саны 2-3 есе артық болуға тиісті. Кіші су қоймаларында алынған зерттеу нәтижелері барлық биотопты сипаттайды, ал ұзындығы бірнеше жүз шақырым ірі өзен, көл, т.с. су қоймаларын зерттеу бірнеше пунктарда жүргізіледі. Мысалы, Ертіс, Жайық, т.б. су қоймаларында пункттар аралығы 70-100 шақырым болуға тиісті.

Балықтың метацеркариймен зақымдалуын анықтау әдістері:

Компрессор әдісі және балық етін жасанды қарын сөлінде қорыту. Бұл әдіс табиғи жағдайда және көп балықты қарауға, ал екінші әдіс лабораторияда көп метацеркарийлерді (сүтқоректілерді зақымдау экспериментін жүргізу үшін) жинауға қолайлы [3,5].

Компрессор әдісі. Описторх метацеркарийлері негізінен тері асты бұлшықеттерінде тұрақтанады және балықта болатын дернәсілдердің 80-95% құрайды. Дене ұзындығы бойынша дернәсілдер түрліше таралады. Мысалы, жас балықтарда (1 жасқа дейін) метацеркарийлер құйрық өзегінде, ересек формаларда алдыңғы және ортаңғы арқа бөлігіне тұрақтанады (27 және 32%). Метацеркарийлердің топографиялық ерекшелігіне байланысты балықтың тек *O. felineus* (сурет 1). дернәсілдері жинақталған бұлшықеттерін зерттеуге болады. Бұл әдіспен көптеген кәсіби мөлшердегі балықтарды зерттеп, қысқа уақытта қоздырғыш дернәсілдерімен зақымдалғаны туралы нақтылы ақпарат алуға болады [3,5].



Сурет 1. Тері асты бұлшықеттердегі метацеркарий топографиясы. Учаскалардағы сандар – метацеркарийдің барлық сандық мөлшерінің %-дық көрсеткіші

Зерттелетін балықтың түрі және қабыршағы бойынша жасы анықталады, тұмсығынан құйрық қанатына дейін дене ұзындығы өлшенеді. Балық ауланған орын, күні және барлық мәліметтер арнайы журналға түсіріледі. Балықтың денесінің ортаңғы бөлігі қабыршақтан босатылады, пышақпен арқа сызығы бойынша терісі кесіледі, алғашқы кесіндіден бүйір сызыққа дейін екі вертикальды тілікпен ортаңғы арқа учаскасы белгіленеді. Оның терісі сылынады, қалыңдығы 2-3мм бұлшықет қабаты кесіліп, компрессориде «МБС» микроскоп көмегімен 15х20 үлкейтіліп қаралады [2,3].

Компрессорға заттық шыныны қолданған ыңғайлы (астыңғы 10x15 см, үстіңгі шыны заттық шыныдан аздап үлкендеу).

Дайындалған материал кесіндісін заттық шыныға салып, шынының жиегімен бұлшықетті кішкентай бөліктерге бөлшектеп, екі шыны арасында қысып, микроскоппен қарайды. Материал кеуіп кетсе мезгіл-мезгіл пипеткамен су тамызып ылғалдап отырады. Бірінші кесіндіде трематод дернәсілдері кездеспесе, дененің келесі бетінің, одан кейін балықтың басына жақын арқа учаскаларының бұлшықеттерін тексереді.

Жас балықтарды зерттеу методикасын жеңілдетуге болады, яғни ұзындығы 20-25мм дараларды тұтастай, ал ірілеу сеголеттерді екіге жарып, қабыршақ және теріден босатпай-ақ компрессирулейді.

Тұздалған, кептірілген балықтарды бұлшықеттері жібігенше суға салады.

Бұлшықетті жасанды қарын сөлінде қорыту әдісі. Балықтың тері асты шел майы бұлшықет ұлпасын қаңқасынан бөліп, пышақпен ұсақтап кеседі немесе еттарқыштан өткізеді. 10г өлшеп түбі тегіс табақшаға (шыны банкаға) салып жасанды асқазан сөлін құяды (1:10 қатынасындай). Банканы температурасы 36-37⁰С термостатқа 3 сағатқа қояды. Одан кейін оны шыны ұяшығы 1x1мм цилиндрге металлды сүзгімен фильтрлейді. 15-20 минуттан кейін асқазан сөлінің жоғарғы қабатын қорытылған бұлшықет ұлпасымен төгеді, тұнған дернәсілдерді Петри табақшасына немесе сағат шынысына салып, «МБС-1» бинокуляр микроскопымен 15-20 үлкейткіште сандық есеп жүргізеді. Есеп нақтылы болу үшін Петри табақшасына физиологиялық ерітінді құйып, бірнеше рет дөңгелетіп қозғаса, метацеркарийлер табақша ортасына жинақталады, ал бұлшықет ұлпа қалдықтарымен артық ерітіндіні пипеткамен жинап алады. Бұл әдіс бұлшықеттен метацеркарийлерді 98%-ға дейін шығаруға мүмкіндік береді [1,4].

Қорытылған жас еттен жиналған метацеркарийлер тіршілік қабілетін жоғалтпайды, сондықтан оларды жануарларға жұқтыру бойынша жүргізілетін эксперименттер үшін қолдануға болады.

Белгілі тәжірибе жинағаннан кейін бұлшықет компрессорынан *O. felineus* метацеркарийлерін тікелей анықтауға болады. Күмән туған жағдайда оларды препаровальды инемен шығарып, заттық шыныға су тамшысына салып, жабын шынымен жауып «МБИ», «МБД» микроскоптарымен қарайды.

Описторхоз қоздырғышы *O. felineus*-тің тұрақты иелері етқоректі жануарлар, адам паразиттің метацеркарий дернәсілдерімен зақымдалған балық және балық өнімдерін жеп жұқтырады.

Қорытынды: Жайық өзен алқабы описторхоздың табиғи ошағы болғандықтан, негізгі кәсіптік балықтарға тұрақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Әдебиеттер

1. Глазков Г.А. Выделение метацеркариев некоторых трематод из пораженной ткани рыбы методом переваривания в искусственном желудочном соке // Болезни и паразиты рыб ледовитоморской провинции (в пределах СССР) / Г.А. Глазков. - Томск, 1979. - 72-82. с.
2. Кереев Я.М. Химиопрофилактика ларвальных цестодозов животных // Автореф. дисс.... докт. вет. наук. - Алматы, 1999. - 46 с.

3. Котельников Г.А. Гельминтологические исследования животных и окружающей среды. - М.: Колос. 1984. - 207 с.

4. Клебановский В.А. и др. Новые данные об описторхозе в верховьях бассейна реки Урал и вопрос о возможных эпидемиологических последствиях в связи с предполагаемой переброской части стока сибирских рек в Арало-Каспийский бассейн. В кн. Материалы межоб-й научно-практ. конф. по проблеме «Описторхоз человека». - Томск, 1979. - С. 89-90.

5. Хавкин С.М. Гельминты домашней кошки и ее роль в распространении гельминтозов человека и домашних животных в Северном Прикаспии: автореф. дис... кан. биол. наук. - Алма-Ата, 1988. -18 с.

Л.А. Байдулова, Қ.Б. Булатова, Б. Ертлеуова
МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ОПИСТОРХОЗНОЙ ИНВАЗИИ

Описторхоз – опасное гельминтозное заболевание человека. Бассейн реки Урал является природным очагом данной инвазии. В статье рассматриваются методы исследования зараженности промежуточных хозяев: моллюсков и промысловых рыб.

Ключевые слова: Описторхоз, гельминтоз, инвазия, природный очаг.

L.A. Baidulova, K.B. Bulatova, B. Yertleuova
OPISTHORCHOSIS INVASION STUDYING METHODS

Opisthorchosis is a dangerous helminthic human disease. The river Ural is a natural focus of this invasion. This article discusses the methods of studying of the infection rate among interim hosts, i.e. shellfish and commercial fish

Key words: Opisthorchosis, helminthic, invasion, natural focus.

УДК 796.3:796.034

Р.Н. Испулова – к.п.н., доцент
И. Нугманов - мастер спорта международного класса РК
E-mail: glebshok@mail.ru

ХОККЕЙ С МЯЧОМ КАК ОДИН ИЗ ВИДОВ МАССОВОЙ
ФИЗКУЛЬТУРНО-СПОРТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация. В статье дается характеристика такому виду спорта как хоккей с мячом, который способствует оздоровлению и закаливанию организма. Важное значение в хоккее с мячом является развитие специальной выносливости.

Ключевые слова: хоккей с мячом, физические качества, специальная выносливость.

Хоккей с мячом - единственная зимняя коллективная игра, проводимая под открытым небом, которая собирает стадионы болельщиков независимо от погоды. Игра привлекает миллионы любителей своей высокими скоростями и обилием голов. За 90 минут игры хоккеист пробегает расстояние от 20 до 30 км, используя при этом около 30 способов перемещения на коньках. Эффективная техника позволяет делать это с наименьшими энергозатратами. «Запас» скорости во многом определяет выбор тактики команды, эффек-

тивность соревновательной деятельности в целом. Высокий темп игры, разнообразие тактических комбинаций, широкие возможности продемонстрировать свое техническое мастерство, проявить физические способности и бойцовские качества - все это представляет собой интересное соревнование для спортсменов и захватывающий спектакль для зрителей.

Хоккей с мячом активно способствует оздоровлению и закаливанию организма, благоприятно сказывается на деятельности органов дыхания и кровообращения, опорно-двигательного аппарата и центральной нервной системы. Эта игра способствует воспитанию у занимающихся ряда ценных физических качеств: быстроты, ловкости, силы, выносливости, а также вырабатывает такие необходимые для современного человека свойства, как смелость, решительность, мужество, чувство товарищества и коллективизма, дисциплинированность, выдержку и самообладание.

Одной из тенденций в развитии современного хоккея с мячом является дальнейшее повышение интенсивности игры. Анализ игр Чемпионатов Мира, Азиатских игр, Чемпионата России, республики Казахстан последних лет показал, что указанная тенденция характерна и для матчей молодежных и юношеских команд.

Без хороших физических данных, без полной отдачи сил в хоккее с мячом не поможет никакая техника. Только взаимное переплетение физических данных, технической подготовки, тактического мышления и психологических особенностей создает личность игрока и обуславливает его успешность в коллективной игре. Нагрузка на игрока в период игры повышается еще тем, что ему приходится передвигаться в снаряжении. Исследования показали, что в течение короткого отрезка времени игрок испытывает такой же недостаток кислорода, как бегун на короткие дистанции. В период матча организм хоккеиста испытывает примерно двадцатикратные перегрузки по сравнению с состоянием покоя. Игрок должен научиться экономно расходовать свою энергию и постоянно быть готовым к интенсивной нагрузке. Эти способности организма характеризуют проявление такого физического качества, как специальная выносливость. Целенаправленное воспитание специальной выносливости у юных хоккеистов начинают с 13-14 летнего возраста. Однако на этапе начальной подготовки можно воздействовать на общую выносливость, используя бег в равномерном темпе продолжительностью 10-20 минут при частоте сердечных сокращений 140-150 уд/мин [1,2].

Развитие специальной выносливости достигается преимущественно специальными упражнениями на льду, играми и игровыми упражнениями в режиме смешанного аэробно-анаэробного энергообеспечения. К выполнению упражнений в анаэробно-гликолитическом режиме для развития специальной выносливости надо подходить осторожно. С этой целью вводятся тренировочные задания на повышение емкости и мощности гликолитического механизма энергообеспечения, которые характерны жесткими режимами работы и высокими физиологическими сдвигами (частота сердечных сокращений достигает 200 уд/мин.). Вместе с тем нельзя не учитывать, что процесс восстановления юных хоккеистов после таких нагрузок более продолжителен. Поэтому на подготовительных этапах годичного цикла подобные тренировочные занятия следует проводить не

чаще двух раз в недельном микроцикле при обеспечении тщательного контроля над переносимостью нагрузок [3,4].

Специальной выносливости в физической подготовке хоккеистов необходимо уделять должное внимание. Ведь, не учитывая этого в современном хоккее с мячом, где высока скорость протекания игры, достичь высоких результатов невозможно. Но причиной увеличения скорости в хоккее с мячом стало не только внесение изменений в правила игры, тактического рисунка игры, но и все большее привлечение в профессиональные команды мастеров молодых игроков, которые в силу физиологических особенностей своего организма достигают в развитии специальной выносливости максимальных результатов. Поэтому вопрос о важности специальной выносливости хоккеиста является актуальным в хоккее с мячом.

Цель работы - разработать методику развития специальной выносливости юношей 15-17 лет в хоккее с мячом.

Объектом исследования является тренировочный процесс подготовки юношей в хоккее с мячом. Предмет исследования - специальная выносливость юношей в хоккее с мячом.

Задачи исследования: проанализировать существующую литературу по данной проблеме исследования; разработать методику тренировочного процесса по развитию специальной выносливости юношей 15-17 лет в хоккее с мячом; проанализировать и экспериментальным путем доказать эффективность предлагаемой методики.

Для решения поставленных задач были использованы следующие методы исследования: анализ и обобщение литературных и документальных данных; изучение передового тренерского опыта; педагогические наблюдения; педагогический эксперимент; статистическая обработка данных.

Хоккей с мячом зародился из бенди у англичан, бендо у валлийцев, шинти у шотландцев, херлинга у ирландцев, кнатлекена у скандинавцев. В 18 – начале 19 вв. в Великобритании возникает игра, во многом уже напоминающая современный хоккей с мячом.

В 1891 в Англии создается Национальная ассоциация бенди.

Хоккей с мячом в Республике Казахстан, к сожалению, не является одним из видов массовой физкультурно-спортивной деятельности. В годы СССР команда «Динамо», в которую входили и казахстанские спортсмены, такие как К.Д. Байбулов, А.М.Ионкин, Е.Я.Агуреев, гремела на всю страну, и собирала полные стадионы болельщиков. После распада СССР интерес к хоккею с мячом постепенно угас.

На сегодняшний момент хоккей с мячом культивируется только в Западно-Казахстанской области. В г. Уральске хоккей с мячом имеет давние традиции и является одним из популярных видов спорта. Официальной датой рождения хоккея с мячом можно назвать 1 сентября 1974 года, когда на базе детско-юношеской спортивной школы №3 г. Уральска было открыто отделение по этому виду спорта.

Уральские тренеры воспитали большое количество отличных игроков, таких как Александр Ионкин, Саулет Рафиков, Вячеслав Пак, Олег Чернов, Марсель Кигбаев, Сакен Нугманов, Сергей Токмаков, Евгений Мусевич, Игорь Кострыгин, Михаил Адаев, Леонид Бедарев, Алексей Горохов, Сергей Уланов, Владимир Кожевников, Валерий Пилин, Сергей Иванков, Виталий

Суетнов, Ирбулат Темиргалиев, Дмитрий Иванников, Павел Савченко, Игорь Чиликин, Сергей Путько, Александр и Николай Шавалдины, Денис Максименко, Рауан Исалиев.

На Первенстве СССР в 1976 году среди команд Первой лиги честь республики Казахстан отстаивала команда из г. Уральска, завоевавшая это право на чемпионате республики. С тех пор и после распада Союза воспитанники уральских тренеров становились победителями и призерами различных международных, союзных и республиканских соревнований. В настоящее время традиции уральских мастеров хоккея с мячом продолжает команда «Акжайык», которая выступает в Чемпионате России, представляя Казахстан, среди команд первой лиги.

Город Уральск является на сегодняшний день островком хоккея с мячом в Республике Казахстан, где трудятся такие ведущие тренеры высшей категории: С. Нугманов, М. Рожков, В. Шавалдин, А. Пиунов, В. Немо-лочнов. Они продолжают тренировать и воспитывать на базе областной детско-юношеской спортивной школы пополнение для команд «Акжайык» и сборной команды Казахстана. Областная детско-юношеская спортивная школа г. Уральска, является единственной школой в Казахстане, которая на протяжении многих лет готовит юных спортсменов для игры в хоккей с мячом.

Исследование проводилось на базе областной детско-юношеской спортивной школы г. Уральска. Для применения экспериментальной методики была выбрана учебно-тренировочная группа учащихся (имеют 1-й взрослый разряд) 1997 года рождения (тренер-преподаватель Комков Михаил Васильевич). Данная группа была поделена на две подгруппы по 10 человек в каждой. Подбор групп осуществлялся на основе результатов полученных учащимися во время сдачи контрольных нормативов и по дополнительной рекомендации тренера.

Годичный цикл тренировочных занятий в ОДЮСШ по хоккею с мячом состоит из 3-х периодов:

- подготовительный (июль, август, сентябрь, октябрь);
- соревновательный (ноябрь, декабрь, январь, февраль, март);
- переходный (апрель, май).

Применение нашей экспериментальной методики было направлено на подготовительный и соревновательный периоды годичного тренировочного цикла.

Занятия с хоккеистами из контрольной группы проводились 4 раза в неделю и проводились по стандартной программе подготовки в соответствии с учебно-тренировочной программой.

Занятия с хоккеистами из экспериментальной группы проводились 4 раза в неделю по предложенной методике развития специальной выносливости. В тренировочном процессе использовались: длительный равномерный бег (частота пульса 140-160 уд/мин); переменный бег (частота пульса 130-180 уд/мин); кроссы 3-6 км; чередование бега с максимальной, умеренной и малой скоростью; подвижные и спортивные игры с увеличением продолжительности игры, с уменьшением количества участников на площадках увеличенного размера; упражнения с отягощениями, выполняемые с максимальной скоростью (работа 15-20 сек, вес отягощения для рук не более 5 кг., интервалы отдыха 30-60 сек., число повторений 4-5 раз); кроссовый бег с высокой скоростью передвижения в равномерном и переменном темпе с

постепенным увеличением длины дистанции; серийное выполнение беговых и игровых упражнений (работа субмаксимальной мощности не более 30-40 сек., отдых 1,5 - 2,5 мин., число повторений в серии 4-5, число серий 1-3); повторный бег на коньках на коротких отрезках 30, 40, 60 метров с короткими (15-30 сек.) интервалами отдыха, для контрольной группы; повторный бег на коньках на коротких отрезках 17, 30, 50 метров с короткими (15-30 сек.) интервалами отдыха, для экспериментальной группы.

Применялись контрольные упражнения для оценки уровня специальной выносливости хоккеистов 15-17 лет из экспериментальной группы и контрольной группы [5]: бег на 30 метров на коньках (сек.); подтягивание на перекладине (количество раз); кросс 3000 метров (мин. сек.).

Хоккей с мячом широко распространен как массовый вид спорта в г. Уральске, благодаря энтузиазму таких тренеров как С. Нугманов, М. Комков, В. Шавалдин, С. Рафиков и др. На данный момент необходим стадион с искусственным льдом в г. Уральске, потому что здесь базируется и функционирует единственная профессиональная команда «Акжайык» республики. Тренерский состав – это специалисты с большим опытом работы продолжают готовить квалифицированных игроков для команды «Акжайык» и сборной РК, а успех сборной команды РК, в основном, состоящих из уральских игроков, – это золото на 7 Азиатских игр, это трехкратные бронзовые призеры Чемпионатов Мира. Победы спортсменов Уральска служат стимулирующим фактором для молодых ребят, занимающихся хоккеем с мячом.

Резюмируя вышесказанное можно сделать следующие выводы:

- спортивная игра хоккей с мячом способствуют воспитанию, развитию и укреплению физических качеств человека;
- сочетание физических данных, технической подготовки, тактического мышления и психологических особенностей создает личность игрока и обуславливает его успешность в коллективной игре;
- исследования авторов по данной тематике показали, что одним из важных физических качеств для хоккеистов с мячом является специальная выносливость, которая зависит от уровня развития других двигательных качеств, технического и тактического мастерства, основных компонентов физической нагрузки: интенсивности и продолжительности упражнения, количества повторений, величины интервалов отдыха и его характера, волевых способностей хоккеиста, его психологической устойчивости и устойчивости организма к неблагоприятным сдвигам внутренней среды;
- выявлена эффективность экспериментальной программы по развитию специальной выносливости хоккеистов 15–17 лет.
- проведенный эксперимент показал, что в контрольной группе по тесту 1 (бег 30 на коньках) показатели улучшились на 8%; тесту 2 (подтягивание на перекладине.) – на 9%; тесту 3 (кросс 3000 м.) – на 8%. В экспериментальной группе по тесту 1 – на 21%; тесту 2 – на 28%; тесту 3 – на 25%.

Литература

1. Расин, М.С. Педагогические основы подготовки юных спортсменов: Учебное пособие. Омск: ОГИФК, 1987 - 32 с.
2. Михалкин Г. Хоккей для начинающих. М.: АСТРЕЛЬ, 2001 - 63 с.

3. Колосков, В.И., Климин, В.П. Управление подготовкой хоккеистов. М.: Физкультура и спорт, 1982.
4. Лукашин / Энциклопедия юного хоккеиста. Лабиринт Пресс, 2004. -45 с.
5. Фатеева О.А., Фатеев Г.В. Ф27 Программа по хоккею с мячом Иркутск: Издательство «Папирус», 2008 – 132 с.

Р.Н. Испулова, И. Нугманов
ДОПТЫ ХОККЕЙ БҰҚАРАЛЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Орал қаласында допты хоккей кеңінен дамыған. Арнайы төзімділік - допты хоккейшілердің ең маңызды денелік қасиеттерінің бірі. Жұмыста арнайы төзімділікті дамыту әдістемесінің ерекшеліктері көрсетілген.

Түйін сөз: допты хоккей, дене сапалары, арнайы шыдамдылық.

R. Ispulova, I. Nugmanov
BANDY AS A FORM OF MASS SPORTS ACTIVITY

Bandy is widely developed in Uralsk. One of the most important physical qualities for players with the ball is a special endurance. In this work shows the development of the specialized nature of these special endurance.

Key words: Bandy, Physical Quality, special endurance.

УДК 39:37.011.31:78

М.М. Нагымова - п.ғ.к., доцент

Г.А. Бекеева - магистрант,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ,

E-mail: galiya.bekeeva.2012@mail.ru

ПЕДАГОГ МУЗЫКАНТТЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТІН ДАМУДА
ЭТНОМӘДЕНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫНЫҢ МӘНІ

Аңдатпа. Мақалада педагог мамандардың тұлғалық қасиеті ретіндегі этномәдени толеранттылықтың мәні қарастырылып, педагог музыканттың этномәдени білім беру процесіне оның толеранттылығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесі негізделеді.

Түйін сөз: толеранттылық, педагог-музыкант, этномәдени тәрбие, тұлға, музыкалық білім.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа этномәдени құндылықтар негізінде патриоттық тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып отыр.

Бүгінде ғылымның даму қарқынына орай мектептегі білім мен тәрбие деңгейіне белгілі. Сондықтан ең басты шарты – бастауыш мектептен бастап білім мазмұнын өткен тарихымызда қалыптасқан құндылықтарды бүгінгі этномәдени құндылықтармен толықтырып, білімді өздігімен дербес толықтыру және оны күнделікте іс-әрекетінде қолдана білу біліктілігі мен құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол педагогикалық проблема болып табылады. Сондықтан 1995 жылғы 16 қарашада ЮНЕСКО-ға мүше елдер қабылдаған «Толеранттылық принциптерінің Декларациясында» білім беру саласында толеранттылық идеясын насихаттауға басымдық берілген [1, 342б.]. Педагогика ғылымында оның саласы ретінде «толеранттылық педагогикасы» даму үстінде, онда толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге негізгі көңіл бөлінеді.

«Толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі [2]: 1) бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау; 2) биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни ағзаның ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің төмендеуі. Ал педагогикалық сөздіктерде бұл ұғымға «қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі» деген анықтама беріледі [3].

Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі - өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады.

«Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Толеранттылық ұғымына педагогика ғылымы тұрғысынан түсініктеме беруге әсіресе соңғы онжылдықта Г.Д. Дмитриев, А.В. Логинов, А.С. Меньшиков, В.В. Самсонов, М.Б. Хомяков, Б. Берри, М. Мараверс, М. Уолцер, т.б. тарапынан үлкен қадамдар жасалды. Осының нәтижесінде, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында көрініс табатын барлық әсерлер мен ықпалдар екі топқа – ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ортаның әсері мен тәрбие жеке тұлғаның дамуының сыртқы факторларына жатады. Табиғи әсерлер – бейімділік пен әуестік, сонымен қатар, адамның сезімдері мен күйзелістері, оның сыртқы әсерлердің ықпалымен пайда болатын сылтаулары мен қажеттіліктері – барлығы ішкі факторларға жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың өзара байланысының нәтижесі болып табылады.

Егер тәрбие жеке тұлғаның өзіндік жұмысы кезіндегі белсенділігіне деген іштей ықпалына әсер ететін болса, онда оның жеке тұлғаның дамуында шешуші рөл атқара алатыны түсінікті. Осы бейімділік пен өсіп келе жатқан адамның жеке тұлға ретінде жетілуіне деген өзіндік ынтасы ғана түбінде оның дамығанын анықтайды. Осылайша бұл шын мәнісінде, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу сипатына ие болады. Л.Н. Толстойдың адамның дамуын жемісті ағаштың өсуімен салыстыруы тегін емес. Өйткені, сөздің тура мағынасында оны ешкім өсірмейді, ол өздігінен өседі. Адам тек қана топырағын қопсытады, тыңайтқыштар себеді, артық бұтақтарын кеседі, яғни оның өзіндік дамуына мүмкіндік беретін қажетті сыртқы жағдайларын жасайды, ынталандырады. Ал өзіндік даму өзінің ішкі заңдары бойынша жүреді.

Тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы ұзақ және күрделі процесс, оның барысында жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды, қалыптасады, олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық болады. Егер адамның көзқарастар жүйесі оның санасының, сезімдерінің бірлігіне сүйенсе, тек сол жағдайда ғана белгілі бір тұлғалық қасиет қалыптасады. Сондықтан тұлғалық қасиет қалыптастыру тұлғаның белсенді іс-әрекетінен, оның интеллектісіне, жігеріне, эмоцияларына ықпал етуден тікелей тәуелді. Тұлғалық қасиет қалыптастыру процесіне әр түрлі факторлар, мәселен әлеуметтік және микроорта, оқыту және тәрбие, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б әсер етеді. Олардың әрқайсысы әр түрлі ықпал жасайды.

Педагогтің әлеуметтік және кәсіби позициясы – тұлғалық қасиет қалыптастырудың бір жолы. Білім алушының тұлғалық қасиетін қалыптастырудағы жетістік көп жағдайда оқушылардың мұғалімге деген сеніміне байланысты. Сондықтан, ғылымның мәнін, жетекші идеяларды толық түсінген, қабылдаған, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасқан мұғалім ғана жастардың рухани жетекшісі бола алады.

Тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың өзегі – жан-жақты ойлау мәдениетін дамыту болып табылатыны түсінікті.

Білім беру жүйесінде ойлау мәдениетін дамыту процесі адамның интеллектуалдық іс-әрекетіне қойылатын формалды-логикалық, тілдік, мазмұндық-әдіснамалық және этикалық талаптар мен нормалардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі, оларды меңгеруден тұлғаның әлеуметтенуі, оның кәсіби және шығармашылық жетістіктері тікелей тәуелді болады [4,531б.].

Тұлғаның этномәдени толеранттылығын қалыптастыруда да ойлау мәдениетін дамытудың рөлі өте үлкен. Себебі, ойлау мәдениетін дамыту арқылы білім алушының ойлау тереңдігі, өзіндігі, сынилығы, жылдамдығы, икемділігі тәрізді қасиеттердің динамикалылығына қол жеткізуге болады.

Ойлау мәдениетін дамыту арқылы этникалық толеранттылықты қалыптастыру мәселесі мәдени тарихында өзіндік орын алады. Педагогикалық теориялар мен дидактикалық концепциялар тарихын талдау осы мәселеге ойшылдардың, ғалымдардың негізінен қандай тұрғылардан келгенін көрсетіп берді.

Қазіргі уақытта барлық ұстаздардың, соның ішінде музыка мұғалімдерінің алдында: музыкалық білім беру үрдісінде оқушы бойына толеранттық сапаларды қалай сіңіруге болады деген үлкен сұрақ тұр. Қазіргі заманауи мектеп оқушылардың өз және өзге ұлт өкілдерінің мәдениетіне құрметпен қарайтын, этникалық қарым-қатынас ортасына айналуы тиіс.

Білім алушының еліне, Қазақстан болашағына деген азаматтық көзқарасы қалыптасуы қажет. Өз туған жерін сүймейтін адам өз халқының тарихы мен мәдениет білмейді, өз елінің патриотты азаматы да бола алмайды. Отанды өз үйіне, ауылына, туған жеріне, өмір сүріп жатқан қоғамға теңеуге болады.

Мектеп оқушыларын өз және өзге ұлт өкілдерінің өткені мен бүгінгі мәдениеті, ғылым және өнер саласындағы мақтаныштарымен таныстыру қажет. Сондықтан, қазірден бастап музыка өнерінің қалыптасуына еңбек сіңірген танымал адамдар туралы мағлұмат жинап, музыка өнерінің негізін құрайтын музыкалық құндылықтар және еліміздегі әр ұлт өкілдері туралы білімімізді тереңдету қажет.

Оқушының бойына музыка сабақтарында патриоттық тәрбиені сіңіру терең ойлы әрі көркем эмоционалды тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Оқушының жеке шығармашылық өмірінің сапалы білім жүйесінде толық интеллектуалды ойының дамуына мүмкіндіктер жасалуы тиіс.

Қазіргі біздің қоғамға жеке тұлғаның шығармашылық ойлау стилінің тұрақты компоненттерінің интеллектуалды және психологиялық даму жүйесі – озық педагогика қажет.

Осыған байланысты музыка сабақтарында өз Отанын, туған жерін, өз халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелейді.

Оқу үрдісі әр түрлі жанрда жүруі мүмкін, оқушының танымдық және шығармашылық белсенділігіне байланысты. Кей жағдайда еліктеу үрдісі де қолданылады. Өзіндік шыдамсыздық пен мәдени эгоизм бұқаралық құралдар арқылы мектеп пен жанұя ортасына кіреді. Сондықтан толеранттылыққа тәрбиелеудің тиімді әдістерін қарастыру қажет. Толеранттылықты нығайтудың тағы бір жолы адам құқығын жүзеге асыру кезінде байқалады.

Толеранттылық тәрбие саласында жарқын мінезділік, мәдени ерекшеліктерге қызығушылығы, әр түрлілікті мойындауы, әділетсіздікті жеңуге ұмтылу және келіспеушіліктерді шешу қабілетімен баяндалады.

Музыка пәні оқытушысының толеранттылығы оқытушылар мен басқа да заттардың кейбір қырларын бақылап отырады. Сондай-ақ, оның бойына музыкаға байланысты әр түрлі қызмет түрлері мен өнер оқытушыларының іс-әрекеттеріне байланысты ерекшеліктер тән.

Педагогикалық толеранттылық бұл – оқытушының өз тәрбиеленушілерінің бойына жақсы қасиеттерді сіңіру барысындағы «шыдамдылық пен кешірімділігі» ғана емес. Көп жылдық тәжірибе, музыка пәні оқытушысының педагогикалық толеранттылығы оның музыка-педагогикалық жұмыстар негізіндегі әр түрлі «механизмдермен» байланысында ғана тиімді екендігін көрсетіп отыр. Оның әртүрлілігі музыка өнерінің табиғатынан және музыкалық қабілеттердің (тыңдай білу, ойлау, есте сақтау және т.б.) дамуы арқылы анықталады.

Әдебиеттер

1. Декларация принципов толерантности (принята на 28-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН 16 октября 1995 г.) / В кн.: Толерантность / Общ.ред. М.П. Мчедлова. – М.: Республика, 2004. – С. 342.
2. Словарь иностранных слов. - 18 изд. - М.: Русский язык, 1989.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. - Алматы: Мектеп, 2007.
4. Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта: Психология мышления. – М.: Прогресс, 1959. – 531 с.

М.М. Нагимова, Г.А. Бекеева

РОЛЬ ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ В РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТНЫХ КАЧЕСТВ ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА

В статье рассматривается воспитание этнокультурной толерантности личностных качеств педагога-музыканта. В процессе этнокультурного образования и воспитания используется педагогическая система формирования толерантности педагогов-музыкантов.

Ключевые слова: толерантность, педагог-музыкант, этнокультурное воспитание, личность, музыкальное образование.

M.M. Nagimova, G.A. Bekeeva
THE ROLE OF ETHNO-CULTURAL TOLERANCE IN THE DEVELOPMENT
OF PERSONAL QUALITIES OF THE TEACHER MUSICIAN

In the article is considered the education of the ethnic and cultural tolerance personal qualities of the teacher musician. In the process of ethno-cultural education and upbringing используется pedagogical system of formation of tolerance music educators.

Key words: tolerance, teacher, musician, ethno-cultural education, personality, musical education.

УДК 78/574

***М.М. Нагимова** - п.э.к., доцент*
***А.А. Жартыбаева** – магистрант,*
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Altyngul.zhartybaieva@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ
ЭЛЕКТИВТІ ТАҢДАУ КУРСЫН ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісіне «Ақтөбе өңірінде музыкалық білім мен тәрбие берудің даму тарихы» арнаулы курсты даярлаудың және өткізудің әдістемесі қарастырылған. Арнаулы курстың тақырыптары сабақты өткізудің формалары, сағат сандары берілген.

Түйін сөз: білікті музыка маманы; арнаулы курс, жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесі.

Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуын жүзеге асырудың аса маңызды құралы қоғамның барлық саласын, соның ішінде ұлттық мәдениет пен білімді дамытуға кеңінен жол ашты.

Халықтың бай тарихын, мәдени құбылыстарының сан қилы ерекшеліктерін білмей, бүгінгі тәрбие жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үдерісіне қазақ халқының бай мәдени мұраларының негіздерін енгізу барынша қажет болып отыр. Жастардың рухани дүниесіне белсенді ықпал етіп, олардың эстетикалық талғамы мен адамгершілік, тұлғалық және сапалық қасиеттерінің қалыптасып дамуына игі әсер етеді.

Бүгінгі таңда жастардың өз халқының, өз өлкесінің тарихына деген қызығушылығы өсіп отырғандығы байқалады. Еліміздің аймақтарындағы тарихи-педагогикалық жұмыстар – отандық ғылым мен зиялы қауым өкілдерінің көңілін аударып, қызығушылық туғызып отырғандығын айтуға болады.

Соның ішінде, Ақтөбенің педагогикалық институтының ашылу тарихы, жұмысының мазмұны көптеген мағлұматтар береді.

Қазақ ССР комиссариатының 1934 жылғы 15 желтоқсандағы №163 қаулысымен Ақтөбе облысындағы алғашқы жоғары білім беретін мұғалімдер институты ашылды. Алғашқы директоры болып Залиев Нұрман бекітілді. Қазан қаласындағы мұғалімдік семинариясын бітірген, батыс өңіріндегі ағарту жұмыстарын ұйымдастырушылардың бірі болды. Ақтөбе облыстық атқару комитеті Н.Залиевке оқытушылар құрамын білікті кадрлармен ұйымдастырып және алғашқы 70 студентті іріктеп алып, 1935 жылдың

қаңтарында оқу процесін бастап кетуді тапсырды. Жаңадан ашылған институттың жұмысы 1935 жылының қаңтар айынан басталуына сәйкес көптеген ұйымдастыру жұмысында өзіне тән қиыншылықтары болды. Ең бірінші мәселе оқытушы кадрларды іріктеп, оқу процесін жүргізуде болды. Алғашқы оқу жылында профессор Х.А.Басымов, доценттер А.Б.Некрасов, Г.Б.Тонгши, И.Г.Белакановтар жұмыс жасады. СССР ғылым ағарту комиссариаты сол уақыттағы жетекші жоғары оқу орындарының түлектері Ю.Таласбаевты (*Ташкент мемлекеттік университетінің география факультетінің түлегі*), Т.М.Хабибулинді (*Қазан мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін бітірген*), А.Е.Спиринцевті (*Герцен атындағы Ленинград пединститутының түлегі*) Ақтөбе оқытушылар институтына жолдамамен арнайы жұмысқа жіберді.

Москва қаласындағы Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының экономика факультетінің түлегі Қ.Оспанов 1937 жылы институт директоры болып тағайындалды. 1940 жылдың тамызында Қ.Оспанов шет тілдер факультетін (неміс, ағылшын тілдері бөлімдерін) ашуға ұсыныс жасап ашты. Соның нәтижесінде Орынбордағы шет тілдердің жоғары республикалық курсы Ақтөбе қаласына көшірілді. 1940 жылы оқытушылар институтының екінші бітіруші 240 түлегін облыстың мектептеріне жіберді. Институт түлектері білім беру мекемелері мен әр түрлі салаларда жұмыс істеді. 1930 жылдары оқытушылар институты мұғалім кадрларды дайындауды өз міндеттерін абыроймен атқарды. Кеңес одағына фашистік германияның тұтқиылдан шабуыл жасауы елге көп ауыртпалық түсіргені белгілі. Жалпы жоғары оқу орындарының жұмысы соғыс жағдайына бейімделді. Ұлы отан соғысы жылдарында институтты басқарған Д.С.Кантемиров (1941-43жж), Н.Ф.Пак (1943-47жж) ауыр жағдайларға қарамастан оқу процесін ұйымдастыра білді. Соғыстың басталған жылдары яғни алғашқы екі жылында Отанды қорғау үшін кеңес армиясының қатарына 34 оқытушы мен студент алынды. Соғыс болып жатқан аймақтардан көшіп келгендердің (эвакуация) ішінен 15 мұғалім Ақтөбе мұғалімдер институтында жұмыс істеді. Соғыс жылдарында студенттердің құрамы азайды. Көшіп келгендердің ішінен жоғары оқу орындарында оқып жүрген 15 студент Ақтөбе оқытушылар институтында өздерінің білімдерін жалғастырды. Ақтөбе оқытушылар институтынан Ұлы отан соғысы жылдары әскер қатарына алынғандар Отан алдындағы борыштарын абыроймен атқарды. Үкіметтің марапаттарына ордендер мен медальдарына ие болды. Кеңес одағының батыры атағын алғандар да болды. Соның бірі Қожабай Жазықов (1945 ж.) болды. Ақтөбе педучилищесін бітірген. Ал бастауыш мектебінің мұғалімі 1942 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылған кіші командирлік құрам мектебін бітірген. Соғыстан кейін Ақтөбе педагогикалық институтына түсті. Мектеп мұғалімі, директоры, білім бөлімінің меңгерушісі, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды.

1998 жылы Ақтөбе қалалық мәслихатының шешімімен Донский көшесін Қожабай Жазықовтың есімімен атап батыр атағына құрмет көрсетіп есте қалдырды.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін де Ақтөбе оқытушылар институты негізгі мектептер үшін мұғалімдер даярлау бағытындағы жұмыстарын жалғастыра берді. 1945 жылы қараша айында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің

Президиумының Қазақ ССР-не еңбек сіңірген Мәдениет қайраткері, ақын жерлесіміз Н.Байғанин атағын берді.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ ССР үкіметі қазақ жастарының арасынан әсіресе қазақ қыздарынан мұғалімдерді дайындаудың жоспарларын жасады. «Қазақ ССР-де арнаулы және жоғары білім беруді дамыту туралы» СССР Министрлер Кеңесінің 16.11.1947 жылғы №75 қаулысына сәйкес Ақтөбе мұғалімдер институты болып қайта құрылды. Республикадағы қазақ қыздарына жоғары педагогикалық білім беретін екінші жоғары оқу орны болды. Н.Байғанин атындағы әйелдер мұғалімдер институтының директорлығына З.М.Баймұхамедованы бекітті.

1954 жылы 20 тамыздағы Қазақ ССР ағарту Министрлігінің №102 бұйрығына сәйкес Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты болып қайтадан құрылды. Алғашқы жылдары институттың ректорлары болып К.Оспанов, К.Балниязова, Г.А.Абухановтар қызмет атқарды. Алғашқы жылдары тіл және әдебиет, физика-математика факультеттері жұмыс жасады, оларда бес кафедра жұмыс жасады. Дегенмен де жоғары білімді мұғалімдерге қажеттілік бола тұрса да, Ақтөбе облыстық партия Комитеті мен облыстық атқару комитетінің басшыларының институтты сақтап қалу туралы ұсыныстарына қарамастан Республиканың жоғарғы органдары 1958 жылы педагогикалық институтты жапты. 8 жыл өткен соң мұғалім кадрлардың жетіспеуіне байланысты Ақтөбе педагогикалық институтын ашу туралы мәселе қайтадан қойылды.

1964-1965 жылдары Ақтөбе облысының мектептерінде математика мен физикадан жоғары білімді дипломы бар мамандар жетіспеді. 1969-1970 жылдары орта мектептердегі математика және физика пәндерінің мұғалімдеріне деген сұраныс 110 адамға дейін жетпейтіндігі көрсетілген. Қазақстан Коммунистік Партиясының ОК және Қаз ССР Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 15 апрельдегі №261 қаулысы бойынша Ақтөбе педагогикалық институты ашылды [57,3].

Ақтөбе педагогикалық институтының 1983-1995 жылдардағы өсіп-өркендеуі институт ректоры, профессор Арынов Мұхтар Ғалиұлының атқарған қызметіне байланысты. Факультеттердің жұмыстарындағы өзгерістер, жаңадан мамандықтардың қосылуы, пәндердің енгізілуі, бөлімдердің құрылуы, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жолындағы тарихи ақтандардың қайтадан қаралуына өзіндік үлес қосқан адам.

1991 жылы «Музыка», «Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтарының ашылуына сәйкес эстетикалық тәрбие факультеті құрылды. 90-жылдардың ортасында факультетте 3 кафедрада 28 мұғалім жұмыс жасады.

2004 жылдың наурыз айынан бастап 2012 жылдың 24 шілдесіне дейін Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Білім академиясының академигі Ғалымжан Жұмабайұлы Нұрышев басқарды. Осы жылдар бойы педагог мамандар даярлайтын оқу орнының беделінің көтеріліп, республикамыздағы жетекші білім ордасына айналуына жеке қомақты үлесін қосты. Ғалымжан Жұмабайұлы - институттағы оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық технологияларды кеңінен енгізу арқылы білім беру ісін халықаралық стандарттар деңгейіне көтеру бағытында жасалған ірі қадамдардың бастамашысы бола білді. Ғ.Ж.Нұрышевтың басшылығымен жүйелі де ізгілікті түрде жүргізіліп

отырған кәсіптік бағдар, оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесінде жылдан-жылға студенттер құрамының, білім деңгейінің сапасы жоғарылады.

Институтта «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан «Қазына» атты жоба бойынша XIX және XX ғасырлардың басында Ақтөбе өңірінде өмір сүрген ақын-жыраулардың бес томдық мұрасы республикалық деңгейде жарық көрді. Мөңке би Тілеуұлы, Әбубәкір Боранқұлұлы, Әкімәлі Қаржауұлы, Ақпан Әйтбекұлы және т.б. танымал тұлғалардың туындылары біріктіретін екі томдық жинақты құрастыру жұмыстары аяқталды. «Ғибрат» атты топтамамен Шекті Мөңке бидің ғибраттарын, Әбубәкір Кердеріұлының және Сары Батақұлының шығармалары жарық көрді.

Институт студенттері - Президенттік «Жасыл ел» құрылыс жасақтары бағдарламаларын іске асырудың белсенділері. Институт ректоры осы бастамалар бойынша «Үздік ректор» номинациясы атағына ие болды.

Институт оқытушылары - халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», т.б. әртүрлі гранттардың иегерлері.

Институт оқытушыларының бірі ҚР БЖҒМ «Ғылым және техниканың дамуына қосқан үлесі үшін» номинациясының, енді бірі «Дарынды жас ғалым» номинациясының степендиаты атанды.

2005-2008 жж. аралығында институтымыздың 300-ден астам оқытушысы республикамыздағы, жақын және таяу шет елдердегі (АҚШ, Түркия, Жапония, Ұлыбритания, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б.) өтіп жатқан ғылыми конференцияларға қатысты. 200-ден астам оқытушы әртүрлі формаларда білімін жетілдіріп, республикамыздағы, жақын және таяу шет елдердегі жетекші жоғары оқу орындарында шақырылған профессор ретінде жұмыс атқарады (Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Жапония, Қытай, Ресей және т.б.). 2006-2008 жж. аралығында институтта 7 халықаралық, 8 республикалық, 2 аймақтық, ғылыми конференция және 1 интернет-конференция ұйымдастырылды. 2005-2008 жж. институттың профессор-оқытушылар құрамы 12 патентті жеңіп алды. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын «Жас ғалымдар кеңесі» мен факультет пен кафедралардың студенттік ғылыми қоғамдары үйлестіреді.

Институтта 58 ғылыми үйірме және проблемалық топтар жұмыс жасайды. Студенттердің ғылыми жариялынымдары жылдан-жылға көбейіп келеді.

Институттың студенттері мен магистраттары - республикалық, аймақтық пән олимпиадаларының жеңімпаздары, халықаралық, республикалық, аймақтық стипендиялардың иегерлері.

Студенттер республикалық студенттік пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізді.

2007-2009 жж. ҚР Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясын институттың 6 студентінің жеңіп алуы ұжымның нәтижелі еңбегі деп есептейміз.

Ақтөбе институтында бүгінгі күні жақын және таяу шет елдердің 27 жоғары оқу орнымен халықаралық қатынастар орнатылған.

Сонымен қатар бірнеше халықаралық білім қорларымен ғылыми байланыстар орнатылған.

Институттағы ғылыми-зерттеу орталықтары, интернет кластар, лингофондық кабинеттер, мультимедиялық құралдар, интерактивті тақталар,

студенттер сарайы, студенттер үйі, «Ирбис» компьютерлік бағдарламасымен жабдықталған 6 оқу залы бар ғылыми кітапхана, спорт кешені, 600 орындық жатақхана, студенттік асхана, т.б. материалдық-техникалық базасының заман талабы мен стандарт талаптарына сай екендігіне дәлел.

Болашақ музыка мамандары аймақтық музыкалық білім берудің ерекшеліктерін, қалыптасуын, даму тарихын жете меңгергені абзал. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының кәсіби шығармашылық факультетіндегі «Музыкалық білім» мамандығының 3-ші курс студенттеріне «Ақтөбе өңіріндегі музыкалық білім мен тәрбие берудің даму тарихы» атты арнайы курс жүргізілді. Мұнда студенттерге Ақтөбе өңіріндегі музыкалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы, белгілі өнер қайраткерлерінің шығармашылығы туралы 24 сағат көлемінде беріледі (кесте 1). Дәріс 18 сағат, практикалық жұмыс - 6 сағат. Семинар сабақтарында студенттер тақырып бойынша рефераттар жазып, өз бетінше ғылыми әдебиеттерге талдау жасап, өз өлкесінің мол музыкалық мұрасымен, тарихымен танысады.

Кесте 1

**«Ақтөбе өңірінде музыкалық білім мен тәрбие берудің даму тарихы»
атты элективті таңдау курсының тақырыптық жоспары**

№	Дәрістер тақырыбы	Сағат саны	
		лекция	семинар
1	Ақтөбе өңірінде музыкалық білім мен тәрбие берудің қалыптасуы	2	-
2	Ақтөбе өңірінде Ұлы Отан соғысына дейінгі көркемөнерпаздықтың дамуы	2	-
3	Өңірдегі айтыс өнері	2	-
4	Ақтөбе өңірінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және соғысынан кейінгі жылдардағы мәдениеті мен өнері	2	-
5	Ақтөбе өңірінде музыкалық білім мен тәрбие берудің мазмұны мен түрлері	4	-
6	Т.Ахтанов атындағы драма театрының облыс мәдени ағарту саласын дамытудағы ролі	2	-
7	Ақтөбе өңірінде жетіжылдық балалар музыка мектептерінің жасөспірімдерге музыкалық білім беруде атқаратын қызметі	-	2
8	А.Жұбанов атындағы музыка колледжінің жастарға музыкалық білім берудегі алатын орны	-	2
9	Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының «Кәсіби шығармашылық» факультетінің жастарға кәсіптік музыкалық білім беруде атқарған қызметі	2	2
10	Ақтөбе облысының 1970-80-ші жылдардағы мәдениеті мен өнері	2	-
Барлығы 24 сағат		18	6

Өмір - музыка бұлағы немесе оның қайнар көзі деген түсінік дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Көңілді музыка адамның қуанышты кезінде, ал мұңды, зарлы музыка қайғылы шағында пайда болатыны да ешқашан күмән келтірмейді. Өмір мен музыка тығыз байланысты. Егер музыка өмірден туатын болса, оның өзі өмірге ықпал ететіні де айқын. Әрине, музыка өзінен-өзі өмірге бірден араласып әсер ете алмайды. Бірақ, ол адам баласына үлкен күш-жігер беруге, сана-сезімін оятуға, мінез-құлқының өзгеруіне әсер етеді.

Музыка батылдыққа баулып, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелейді. Сондай-ақ, музыканың қатал, мейірімсіз болуға әсер ететін кездері де болады. Жалпы алғанда, музыка адамның өмірге кездері де болады. Жалпы алғанда, музыка адамның өмірге деген көзқарасының барлық жағына: олардың бір-бірімен қарым-қатынасына, еңбегіне, эстетикалық идеалы мен өнеге-үлгісінің бәріне де өз әсер ықпалын тигізбей қоймайды.

Жастарды асыл мұраға тәрбиелеуде арнайы курстың үлкен тәрбиелік мәні зор.

Аталған курс бағдарламасынан алуан түрлі мазмұн, формаларын айқын көруге болады. Олар өңірдегі туған жер, табиғат суреттемесі, тарихи оқиғалар, жастық-махаббат әсерлері әрбір перне дыбысынан естіліп тұрады.

Осындай көкейкесті мәселелерге студенттер назарын аударып, өңірдің музыкалық мұрасы мен мәдениетіміздің қыр-сырын меңгерте білу - басты міндетіміз.

Арнайы курс тақырыптары мен мазмұнын оқу-тәрбие құралы ретінде тиімді пайдаланудың теориялық негіздерін анықтап, берілген материалдарды пайдалану арқылы тәрбиелеудің тиімді жолдарын қалыптастыруды жүзеге асырдық.

Бүгінгі таңда музыка мамандарының алдында тұрған мәселелердің бірі – ата-бабаларымыздай музыканың құдіретін терең түсініп, оны өзінің рухани азығы етіп, адам өмірін нұрландыруға атсалысатын музыкалық білімді азамат тәрбиелеу болса, біздің құрастырған арнайы курс бағдарламасы ЖОО музыка мамандарына әдістемелік құрал ретінде пайдасын тигізеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан мұғалімі. 25 тамыз, 2010. - Б.2-3
2. Қазақстан Республикасының этномәдени білім тұжырымдамасы
3. Нурышев Г.Ж., Султанғалиева Г.С., Шалабаева Д.Н.. История высшего педагогического образования в Актюбинской области. - Актобе, 2006. - 188 с.
4. Тәжібаев М. Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991). - Ақтөбе, 1999. - 280 б.
5. Ақтөбе облысының мемлекеттік мұрағаты, 85 қор. 1 тізбе. 2295 іс. 134 б.
6. Ақтөбе облысының мемлекеттік мұрағаты, 1625 қор. 2 тізбе. 1 іс. 1 б.
7. Ақтөбе облысының мемлекеттік мұрағаты, 2054 қор 2 тізбе. 20 іс. 3 б.

М.М. Нагимова, А.А. Жартыбаева
ПРОБЛЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ СПЕЦИАЛЬНОГО КУРСА В УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

В статье рассматриваются проблемы подготовки и проведения специального курса в отделении музыки педагогического института. Определены темы формы занятия и количество часов специального курса.

Ключевые слова: квалифицированный специалист музыки; специальный курс, учебно-воспитательный процесс высших учебных заведений.

M.M. Nagimova, A.A. Zhartybayeva
PROBLEMS INTRODUCTION OF THE SPECIAL COURSE OF EDUCATIONAL EDUCATOR PROCESS IN HIGHER EDUCATIONAL ESTABLISHMENTS

The article deals with the problem of training and conduct a special course in the Department of Music Teachers' Training Institute. Identified topics forms of employment and the number of hours of a special course.

Key words: qualified music, a special course, the educational process of higher education.

УДК 316.344

*А.Ш. Шоқанова – докторант,
КазНПУ им. Абая,
E-mail: shokanova@gmail.com*

**РОЛЬ АКТИВНЫХ ФОРМ И МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ
В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ
СТУДЕНТОВ-ЭКОЛОГОВ**

Аннотация. В статье анализируются основные активные формы и методы обучения в высшей школе, которые имеют огромную роль в повышении качества будущих специалистов.

Ключевые слова: форма обучения, метод обучения, активное обучение, учебный процесс.

Как известно, форма обучения – дидактическая категория, обозначающая внешнюю сторону организации учебной работы, которая связана с количеством обучающихся, местом и временем обучения, порядком осуществления учебного процесса.

В основу разделения форм обучения положены характеристики особенностей коммуникативного взаимодействия между преподавателем и студентом, а также между самими студентами. Формы обучения делятся на индивидуальные, групповые, фронтальные (таблица 1).

В вузовской учебной практике используются следующие формы учебного процесса: лекции, самостоятельная работа студентов, семинарские занятия, практические занятия, консультации, ВСК, коллоквиумы, экзамены и др., а также различные формы внеаудиторной работы.

Таблица 1

Формы организации обучения

Формы организации обучения		
Фронтальные (коллективные)	Групповые, парные	Индивидуальные
Аудиторные (лекции, ВСК, колоквиум, экзамен) Внеаудиторные (конференции, дебаты и др.)	Аудиторные (семинар, практические, лабораторные занятия, консультации - СРСП) Внеаудиторные (экскурсии, походы, клубы, секции и т.п.)	Консультации в сочетании с дополнительными занятиями (самостоятельная работа студентов, руководство написанием курсовых и дипломных работ, руководство научно-исследовательской работой студентов и т.п.).
Примечание – составлена на основе источников [1; 2]		

Фронтальное обучение предполагает работу преподавателя со всем коллективом студентов с общими целями и задачами. Коллективом может выступать поток студентов из разных специальностей или несколько групп одной специальности. Преподаватель управляет учебно-познавательной деятельностью всей студенческой группы, работающей над единой задачей. Фронтальная работа сориентирована на каждого обучающегося и должна дополняться групповыми и индивидуальными формами работы. Помимо этого, новым может быть введение дистанционной формы обучения, когда подается видео-лекция фронтального охвата и студенты могут слушать лекции известных профессоров и ученых с других городов и стран.

Групповая форма обучения предполагает работу со студентами в группах, создаваемых на различных основах: учебная деятельность осуществляется в постоянных группах; создаются временные группы, сформированные для выполнения конкретных заданий; разделение всего коллектива студентов на группы, которые выполняют часть общего задания. Временные группы создаются преподавателем в зависимости от учебных возможностей студентов.

Индивидуальная форма обучения подразумевает взаимодействие преподавателя с одним студентом. Осуществляется в рамках как фронтальной, так и групповой форм работы. Это выполнение студентами самостоятельно различных заданий аудиторно и внеаудиторно.

Практикуется также и *парное обучение*, при котором основное взаимодействие происходит между двумя студентами, которые могут обсуждать проблему, задачу, осуществлять взаимообучение и взаимоконтроль. При этом пары могут меняться в определенной системе и последовательности, что позволяет соединить парную форму обучения с коллективной [3].

Общеизвестно, что метод обучения – система целенаправленных действий преподавателя, организующих учебную деятельность студентов, ведущую к достижению целей обучения. От применения тех или иных методов обучения зависит успех и результативность всего учебного процесса.

Добиться активности обучающихся в той или иной форме, а также их самостоятельности, что настоятельно рекомендует кредитная система образования, важная задача педагога. Существует множество методов, способов и приемов, совокупность которых стали называть активными методами

обучения, поскольку все они предполагают активность обучающихся в той или иной форме. Причем формы могут быть те же, что и при традиционном подходе к обучению, важно правильно выстраивать последовательность и содержание преподаваемого материала, активизирующих познавательную деятельность и мотивацию получения новых знаний студентами.

Обучение становится эффективным, если обучающимся дать больше возможности действовать самим, это одна из главных задач кредитной системы обучения. Студенты должны воспринимать информацию не только от преподавателя, но и сами должны быть активной стороной: знать, где искать нужную информацию и находить решение тех или иных проблем. Преподаватель же только направляет и регулирует процесс активного поиска решений конкретных проблем. Такое обучение действительно способствует росту самостоятельности и активности студентов, становится для них интересным [1, С.28].

Активное обучение - представляет собой такую организацию и ведение учебного процесса, которая направлена на всемерную активизацию учебно-познавательной деятельности обучающихся посредством широкого, желательного комплексного, использования как педагогических (дидактических), так и организационно-управленческих средств [4].

А.А. Вербицкий в структуре активных методов обучения (АМО) выделяет имитационные и неимитационные методы.

Среди неимитационных можно выделить:

- проблемную лекцию (учебная лекция, лекция – визуализация, доклад, демонстрация, вопрос-ответ, самостоятельное чтение);
- проблемное практическое или лабораторное занятие;
- проблемный семинар (семинар - дискуссия, «Мозговой штурм», «жужжащие» группы, «синдикат»);
- доклад, курсовая и дипломная работа;
- производственная практика на рабочем месте;
- использование обучающих и контролирующих программ;
- активно-групповые консультации;
- олимпиады, студенческие научные конференции;
- социологическое тестирование и анкетирование и др.

Имитационные активные методы обучения подразделяются в свою очередь на игровые и неигровые.

Неигровые имитационным АМО предполагают моделирование реальных объектов и ситуаций без изменения переменных величин и исполнения ролей. К ним следует отнести:

- обучение на практических примерах и ситуациях (метод кейсов (конкретных ситуаций);
- имитационные упражнения по нахождению студентами решения, известного преподавателю;
- индивидуальный тренинг на компьютере.

Игровые имитационные АМО в отличие от неигровых, основаны на игровых элементах, связях, отношениях. К ним относят:

- игровое моделирование (ролевая игра, деловая игра, моделирование практических ситуаций);
- игровое производственное проектирование;

- обучение с помощью специальных средств (с помощью компьютера, на основе компьютера, открытое обучение, видео обучение).

АМО можно комбинировать, сочетать их отдельные фрагменты. Например, в проблемную лекцию можно включить фрагмент деловой игры, завершая ее разбором конкретных ситуаций.

При планировании лекции для студентов-экологов, как активного метода обучения, в нее лучше включить не только теорию, но и интересные факты, которые служат основанием для той или иной концепции или теории. От этих фактов следует перейти к их обобщению и лишь затем к умозаключению. А от умозаключения можно перейти к изложению последовательности действий по решению конкретной экологической проблемы [5].

Лекцию можно построить в виде диалога с аудиторией студентов. Это значит, что любой студент может задать вопрос лектору, на который он может ответить как кратко, так и развернуто. Иногда небольшой вопрос может повернуть лекцию в другое русло, чем планировалось изначально. Для того, чтобы вести лекцию в таком стиле, лектору необходимо знать несколько больше того, о чем он мог бы рассказать за час или полтора. Опыт показывает, что на лекции не следует также рассказывать слишком много нового теоретического материала, так как это сложно для восприятия студентов. Лучше ограничить лекцию рассмотрением одной-двух идей или проблем, которые важно рассмотреть со всех сторон. Если сам лектор хорошо знает рассматриваемую тему, то вопросы слушателей не будут уводить его в сторону от предмета, он постарается осветить вопрос с новой точки зрения. Это сделает лекцию более эффективной и позволит лучше закрепить материал в сознании слушателей. Здесь важно, чтобы студенты заранее знали тему и план лекции, чтобы смогли подготовить интересующие их вопросы. Либо, преподаватель ставит перед студентами какую либо проблему, проблемный вопрос, на который есть несколько вариантов ответов или решений, тогда можно организовать лекцию - дискуссию, в процессе которой преподаватель знакомит студентов с разными вариантами решений данной проблемы и интересуется мнением студентов, активизирует их познавательную активность, самостоятельность выводов, самостоятельность умозаключений и сравнивает их ответы с имеющимися у него решениями.

Главная идея практического занятия, в рамках активных методов обучения – это дискуссия, обсуждение. И основная задача преподавателя - суметь организовать эту дискуссию, умело направлять ее и управлять ее ходом. Это сложная задача, к этому надо готовиться.

Основными задачами проведения практических занятий, построенных на использовании активных методов обучения являются:

- создание более доверительной атмосферы в группе, развитие внутригрупповых отношений;
- предоставление возможности студентам высказать свое собственное мнение, поделиться своими знаниями или опытом, сделать свои выводы и проверить их, высказать новые идеи, принять какое-то решение;
- развитие речи студентов, процесса мышления: умения мыслить, проводить аналогии, находить причинно-следственные связи, делать обобщения и выводы.

Здесь важно студентам привить еще такие важные навыки, как умение слушать, не перебивать своего товарища, даже если его мнение в принципе отличается от вашего; уметь критично относиться к любому мнению, но для этого важно обладать необходимым багажом знаний; умение отстаивать свою точку зрения не криком и критикой другого, а посредством предоставления фактов, логических умозаключений.

Для сравнения и удобства можно работать с малыми студенческими группами (образовать в рамках занятия несколько подгрупп), сравнить результаты обсуждения в подгруппах или устроить соревнование подгрупп, активизируя познавательную активность студентов. В зависимости от темы иногда может быть важна дискуссия в масштабах целой группы. Преподаватель должен уметь управлять ходом дискуссии, следить, чтобы в ней по возможности участвовали все студенты, и ход дискуссии не отклонялся от заданной темы.

Очень важно, в качестве примера, предлагать студентам описание реальной практической жизненной ситуации экологического характера. Как правило, она включает постановку проблемы и поиска путей ее решения, такие ситуации принято называть кейс-стади. Описание всегда дается с позиции человека, принимающего решение, что позволяет студенту, работающему с кейсом, войти в его роль. Соответственно, в кейсе должны быть описаны все факты, относящиеся к рассматриваемой ситуации. Кейс-стади это инструмент, посредством которого в учебную аудиторию переносится часть реальной жизни – реальная ситуация, например, актуальная экологическая проблема, над которой преподавателю и студентам предстоит совместно поработать и представить обоснованное решение.

Кейс привязывает дискуссию в аудитории к реальным фактам, с которыми студентам обязательно придется столкнуться на практике. Это описание сложной ситуации, которую необходимо проанализировать, получить целостное представление о проблеме. Кейс-стади непременно должна содержать проблемные элементы, способные вызывать в группе студентов горячие споры, обсуждения, желание думать, размышлять, разрабатывать нетрадиционные варианты решений [6].

Прочитав рекомендуемые главы в учебнике, прослушав краткие пояснения преподавателя, студенты получают задание, сформулированное таким образом, чтобы вынудить их применить полученные знания, найти и проанализировать необходимую дополнительную информацию, изложить результаты анализа ясно и логично. Задание типа «деловой ситуации» предполагает, что студенты не могут решить поставленную перед ними задачу, просто открыв учебник. Для успешного результата в этом случае необходимо изучить несколько источников, конспекты лекций и сопоставить имеющийся там материал.

Решение кейс-стади студенты могут выполнять не только в аудитории, но и в виде самостоятельной работы. Такая организация учебного процесса требует свободного доступа студентов к источникам информации, к интернету. Практические примеры и ситуации, которые студенты самостоятельно изучают, анализируют и пытаются найти им решение, являются мощным и эффективным средством обучения. Они существенно приближают студентов к реалиям жизни и позволяют им самостоятельно принять то или иное решение, от которого будет зависеть успех дела.

Преподаватели, в свою очередь, должны уметь не только излагать информацию, написанную в учебнике, а ставить проблемные вопросы, консультировать отдельных студентов и проектные группы, быть осведомленными о всех новинках в области бизнеса, иметь практический опыт в этой сфере или уметь привлечь специалистов из практического бизнеса. Ситуации и примеры, предлагаемые для решения студентам, могут быть реальными или вымышленными.

Цель обучения с помощью кейса – формирование специалиста, который правильно анализирует ситуацию, выявляет возможные их причины, выбирает оптимальный выход из возможных вариантов решения, приводит его в действие и осуществляет контроль.

Кейс представляет собой информационную конструкцию, построенную для решения конкретных задач.

Решение кейса в некоторых случаях можно разбить на несколько стадий:

- сбор и анализ информации;
- поиск решения проблемы;
- принятие решения и его осуществление.

Таким образом, применение кейс-метода направлено на развитие:

- аналитических навыков: умение классифицировать, отделять существенную информацию от несущественной, уметь ее анализировать, представлять, восстанавливать и моделировать недостающую информацию;
- практических навыков: применение на практике академических теорий, методов и принципов;
- творческих навыков: научиться мыслить и принимать управленческие решения;
- коммуникативных навыков: умение вести дискуссию и налаживать взаимоотношения.

Работу по подготовке занятий с использованием активных методов обучения рекомендуется проводить в следующей последовательности:

1. Определение тем дисциплины, по которым можно провести занятия в данной форме.
2. Формулирование текста лекции с элементами проблемности и использования активных методов обучения.
3. Разработка пакета заданий для студентов, как во время занятия, так и внеаудиторно с методическими указаниями по их выполнению.
3. Подбор пакета информационных документов (Указы, договора, инструкции, заключения экспертов и др.).
4. Разработка критерия оценки знаний и умений».

Таким образом, рассмотренные нами аспекты применения активных методов обучения в процессе подготовки студентов-экологов будут способствовать повышению мотивации учения, активизации познавательной деятельности студентов, развитию их самостоятельности и формированию умений и навыков, прикладного характера, которые помогут им в дальнейшем лучше адаптироваться в профессиональной среде. А специфика экологической подготовки и тематика рассматриваемых экологических тем сама по себе уже подразумевает развитие критичности мышления, поиска опыту

Литература

1. Есимжанова С.Р., Абенова Е.А. Методика преподавания экономических дисциплин: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2010. – 112с.
2. Сластенин В.А., Исаев И.Ф. Педагогика: учеб. пос. – М., 1997.
3. Анисимов В.В. Общие основы педагогики: учеб. Для вузов / В.В. Анисимов, О.Г. Грохольская, Н.Д. Никандров. – М.: Просвещение, 2006. – 574 с.
4. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе. – М.: Высшая школа, 1991. – 204с.
5. Джонсон Д., Джонсон Р., Джонсон-Холубек Э. Методы обучения. Обучение в сотрудничестве. – М., 2003.-С.221-244.
6. Сидоренко А.И., Чуба В.И. Ситуационная методика обучения: Теория и практика.– Киев: Центр инноваций и развития, 2001. – С.334.

А. Шоканова

ЭКОЛОГ СТУДЕНТТЕРДІ ДАЙЫНДАУ САПАЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІНІҢ РӨЛІ

Мақалада жоғары мектептегі негізгі белсенді формалар мен әдістер талданып, олардың болашақ мамандар дайындау сапалығын арттырудағы рөлі ашылған.

Түйін сөз: оқыту формасы, оқыту әдісі, белсенді оқыту, оқу үдерісі.

A. Shokanova

ROLE OF THE ACTIVE FORMS AND METHODS OF THE EDUCATION IN INCREASING

This article discusses aspects of training students in ecology using active forms and methods that enhance learning motivation and enhance their cognitive activity, as well as developing the skills of independent work, and information retrieval.

Key words: forms of training, active learning methods, simulation and nonimitational active learning methods, case-study.

УДК 392,6 – 053,2

С.Б. Калаханова - оқытушы, магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: tainur1987@mail.ru

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ АНА МЕН БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛЬДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТІ

Андатпа. Мақалада толық емес отбасындағы ана мен баланың қарым-қатынас ерекшеліктері сипатталған. Тиімді қарым-қатынас стильдерін орнату арқылы толық емес отбасының тәрбиелік қызметін арттыру мәселесі қарастырылған.

Түйін сөз: толық емес отбасы, қарым-қатынас, стиль, тәрбие, психологиялық түзету.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп отбасының міндеті анық көрсетілген. Сонымен бірге, «Неке және отбасы туралы» Заңда отбасына өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті

жүктелген [1]. Сөйтіп, отбасының әуел бастан–ақ өзіне тән киелі міндетін орындау қажеттілігі бекемделе түсті.

Отбасы – баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы қатарында өмірдің мақсаты, оның құндылықтары не біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтарды береді және онда тұлғалық «мен» бейнесі қалыптасады.

Отбасында әр түрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда бала өзін ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Ата-аналардың мінез-құлқы, бір-біріне және балаға, қарым-қатынасы қалыптасып келе жатырған бала тұлғасына үлкен әсер етеді. Бала үлкендердің әрекеттеріне сезімтал болады, отбасының тәрбие үрдісінде алынған тәрбиені тез меңгереді. Ата-ананың үгіт-насихаты, түсіндіруі олардың үлгі-өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалау уәзіндері (критерий) қалыптасуымен бірге қандай қылықтары үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық туралы ұғымын түсіндіреді.

Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, ондағы мүшелер саны азайып, бала саны да кеми түсуде. Осы заманның тағы бір ерекшелігі – толық емес отбасылар, жалғыз басты аналар көбейіп, ата, әже, қайын жұрт, нағашы жұрт секілді, т.б туысқандық байланыстар әлсіреді. Осыдан келіп, бала тәрбиесіне байланысты әкесі мен анасына жүктелуі тиіс міндет жалғыз ананың не әкенің иығына артылады. Отбасы құрылымдық деформацияға ұшырайды – яғни, отбасының құрылымының тұтастығының бұзылуы, ата-ананың біреуінің болмауымен байланысты өзгерістер. Отбасының құрылымдық деформациясы бала тұлғасының қалыптасуына теріс әсер етеді. Құрамы бұзылған отбасының сау ұрпақты тәрбиелеуді көздейтін киелі міндеттері мен мәні өзгереді. Ажырасу санының көбеюі, некеден тыс баланы дүниеге әкелу жайтының артуы салдарынан толық емес отбасылардың жағдайы қазіргі қоғамда ерекше назар аударуды қажет етеді.

Толық емес отбасылардың тәрбиелеу мүмкіндіктері мен әлеуметтік мәртебесі ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Себебі жалғыз басты анаға отбасының қаржылай және психологиялық мәселелерін өзі шешуіне тура келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды жариялаймын... Мемлекет үшін және менің жеке өзім үшін де ананы қорғау - ерекше мәселе» және «Біздің елімізде толық емес отбасылар көп. Мемлекет баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмектесуі керек. Біз әйелдер үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызуымыз керек», - деп көрсеткен болатын [2].

Құрылымы бұзылған отбасында бала тұлғасының қалыптасуына ананың мақсатты ұйымдастырылған тәрбиесі мен саналы ұғынылған қарым-қатынасымен қатар, оның балаға бейсаналы деңгейдегі инстинктивті реакцияларымен шартталған қарым-қатынасы шешуші әсер етеді. Нәтижесінде толық емес отбасындағы ана мен бала қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты бала бойында әртүрлі жағымсыз тұлғалық сапалар, қасиеттер, әдет-дағдылар қалыптасуы мүмкін.

Осыған байланысты, толық емес отбасындағы бала дамуының ерекшеліктерін, ондағы ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселесін зерттеу, оны оңтайландырудың жолдарын қарастыру қазіргі таңда өзекті болып табылады.

Отбасылық қатынастар тақырыбына соңғы жылдары көптеген авторлар көңіл бөлуде, оларға А.Спиваковская, А.Захаров, Ю.Гиппенрейтер, Г.Хамен-таускас, М.Буянов, З.Матейчек, А.Фромм, Р.Снайдер және т.б. жатады. Ресейлік психологтар (Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштен, П.Я.Гальперин, Л.И.Божович, В.С.Мухина, Е.М.Волкова және т.б.) тұлға дамуы көбіне балалық шағында меңгерген әлеуметтік тәжірибесіне тәуелді деп есептейді. Толық емес отбасының ерекшелігі, ондағы ана мен бала қарым-қатынасы туралы ғалымдардың (М.Ю.Арутюнян, М.П.Ган, А.М.Демидов, О.М.Здравомыслова, Э.Ивер-Жалю, О.И. Ключко, И.С. Кон, Дж. Коулман, Л.Г.Лунякова, Н.М.Римашевская, В.Титаренко, И.Ф.Дементьева, В.М.Закирова, Н.И.Иванова, С.А.Фролов, С.К.Нартова-Бочавер, Ж.Брук, В.М. Целуйко т.б.) зерттеулері ерекше қызығушылықты тудырады.

Отбасының күйреуіне бала әркез ауыр қайғырады. Ажырасу үрдісі ата-ананың өзара келісімі нәтижесінде екі жақты сабырлы сипатта өтсе де, бала психикасына ауыр соғып, оны ауыр уайым-қайғысына душар етеді. Әрине, балаға осы қиындықтардан өтуге көмектесуге болады, бірақ бұл баламен қалған анадан не әкеден көп еңбектенуді қажет етеді. Ажырасу салдарын әсіресе 3 жастан 12 жас аралығындағы балалар ауыр қабылдайды.

Отбасының бұзылуы немесе ерлі-зайыптылардың ажырасуы көбіне айлар бойына созылған ұрыстар мен отбасылық кикілжіңдер нәтижесінде болады. Осының барлығын баладан жасыру мүмкін болмайды, ал бала көргендерін уайымдайды. Тіпті кейде ата-ананың ұрыс-керісінің нәтижесінде балаға да кесірі тиеді [3].

Бала әкесінің жоқтығын сезінеді. Тіпті әкесінің үйден кетуін баладан, яғни өзінен бас тартқаны деп қабылдайды. Бала осы сезімдерді ұзақ жылдар бойына ұмытпауы мүмкін.

Көбіне толық емес отбасында анасы отбасын қаржылай қамтамасыз ету үшін көп уақытын жұмыста өткізеді. Нәтижесінде бала анасының да оны тастап кеткенін сезінеді.

Осындай күрделі психологиялық жағдайда балаға қалай көмек беру керектігін, бала қажеттілігін есепке алып, анасының бала тәрбиесімен қалай айналысуы, қай мәселелер ескерілмей қалмауын білуі өте маңызды.

Бұл орайда көптеген аналардың жіберетін қателігі - баласын шектен тыс қамқорға алу. Балаға есеюге көмектесіп, өзбетті болуына жағдай жасаудың орнына аналар өздерін бала алдында кінәлі сезініп, шектен тыс қамқорға алады. Анасы ең жақсы ниеттерден баласына қамқорлық жасап, көбірек көңіл бөлуге тырысады. Бірақ, сол арқылы анасы өз қызығушылықтарын, армандарын, денсаулығын құрбан ете отырып, ер баласының бойындағы ер адамға тән қасиеттерді жойып, оны жігерсіз, шешім қабылдай алмайтын қыз мінезді етіп тәрбиелейді [4].

Осындай мысалдарды қорыта келе, толық емес отбасындағы тәрбие функцияларының тиімді жүзеге асуы үшін ана мен бала қарым-қатынасы қандай сипатта, қай стильді орнату арқылы тәрбие мәселесін шешу болатынын анықтау қажеттігі туындайды.

Шетелдік және ресейлік психологтары мен педагогтары ата-ана қатынастарының әртүрлі стильдерін бөліп, сипаттаған (О. Коннер, Е.Шеффер, Р.Белл, А.И.Захаров, А.Е.Личко, Э.Г.Эйдемиллер, А.Я.Варга, А.В.Петровский, В.Г.Левкович т.б.).

Психологтар әр түрлі отбасындағы балаларды тәрбиелеуді бақылай келе тәрбиенің әр түрлі типтерін суреттеді. А.Болдуин ата-ана тәрбиесінің екі стилін көрсетті: *демократиялық және авторитарлық*.

Қарым-қатынас көбіне тәрбиенің демократиялық стилінде жақсы орнайды. Мұнда ата-ана мен бала арасында жоғары деңгейде вербалды қарым-қатынас болады. Балалар отбасылық мәселелерді талқылауға араласады.

Авторитарлық стильде ата-ана мен баланың арасында тәртіптік шаралар жөнінде келіспеушіліктің болмағанымен баланың мінез-құлқы шектеледі және бала мұның мәнін жете түсінбейді. Ата-ана талаптары қатты болуы мүмкін, бірақ олар балаға жүйелі әрі бірқалыпты қойылып отырғандықтан бала оларды әділ әрі негізделген деп мойындайды.

Кейін бұл стильдерден басқа отбасылық тәрбиенің стильдері де бөліп көрсетілді.

Либералдық стиль (өз бетіне жіберу, бірізділігі жоқ жетекшілік) – бұл ата-ананың тәрбиеге байланысты ортақ көзқарасының болмауы, балаға қойылатын нақты, айқын әрі анық талаптарының жоқ болуы немесе баланы өз еркімен қараусыз жіберуі. Мұндай стильде тұлғаның маңызды базалық қажеттіліктерінің бірі – тұрақты және бірізді болуына мінез-құлық пен бағалауда нақты бағдарлардың болуына қажеттілігі фрустрацияланады.

Қамқоршы стилі (гипер қамқорлық, балаға жоғары көңіл бөлу) – баланың қасында үнемі болуға ұмтылу, барлық мәселелерді ол үшін шешу. Ата-аналар баланың мінез-құлқын үнемі қадағалап жүреді. Мұндай тәрбиенің нәтижесінде бала өзінің маңыздылығын шектен тыс жоғарылатады, екінші жағынан үрейлену, әлсіздік, әлеуметтік кеш есею болады.

Аталған стильдердің ішінде ең жағымдысы демократиялық стиль болғанымен, зерттеулер көрсеткендей толық емес отбасында мұндай қарым-қатынас стилі сирек орнатылады. Себебі толық емес отбасында ана мен бала қарым-қатынасының стилінің қалыптасуына ықпал ететін бірнеше факторлар бар, олардың біріне ананың баласымен эмоционалды қарым-қатынасының бұзылуы жатады.

Отбасындағы эмоционалды қарым-қатынастың маңызы зор. Сондай қарым-қатынасқа негізделген отбасы мүшелері өздерін біртұтас жүйе ретінде сезінеді және бірін-бірі қолдап, жылулық танытады. Сүйіспеншілік пен симпатиядан туындаған мұндай қарым-қатынас отбасылық өмірде және балаларды тәрбиелеуде кездесетін фрустрациялық қайғыруларды азайтуға көмектеседі. Эмоционалды қарым-қатынастың бұзылуы бала тұлғасының қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. (2000) отбасылық терапиядан жинақтаған бай тәжірибесін жалпылай келе, ананың баласына деген эмоционалды қарым-қатынасының бұзылуының көп кездесетін түрлерін бөліп қарастырды [5]. Соның бірі – *«ата-аналық сезімдердің көрінбеуі»* - мұнда ана бала іс-әрекеттері мен жұмысына қызығушылық танытпайды. Ол ата-аналық міндетті ауырсынады, баланы баққаннан гөрі одан маңызды жұмыстарды жасау дұрыс деген пікірде болады. Аналық сезімдерінің айқын көрінбеуі

отбасылық тәрбиенің ерекшеліктеріне байланысты болады, мысалы, өз балалық шағында өз ата-анасынан жылы қарым-қатынас пен мейірімділікті сезінбеген жағдайда жиі кездеседі. Осылай кіші кезінде анасының жылы алақанын сезінбеген қыз өскенде тәрбиенің жазалау шараларын (ұрысу, соғу) қолдануға бейім келеді және балаларына барлық ашуын шығарады. Сонымен қатар, жас аналарда да ата-аналық сезімі әлі де әлсіз болады, бірақ оларда есейе келе күшею тенденциясы бар.

Э.Г.Эйдемиллер, В.Ю.Остицкис (1998) бала мінез-құлқы бұзылуы мен ауытқуына әкелетін ата-ана тәрбиесінің факторларын бөліп көрсетті. *Протекция* деңгейі ананың баланы тәрбиелеуге бөлетін уақыты, көңілі мен күшінің мөлшері. *Гиперпротекция* болғанда ана балаға шектен тыс көп көңіл бөледі, уақыты мен күшін жұмсайды, баланы тәрбиелеу олардың өмірлік мақсатына айналады. Ал *гипопротекцияда* бала ана көңілінен шет қалады, тек бала қиын жағдайға ұшырағанда ғана аналары тәрбиені қолға алады. Екінші маңызды фактор – баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі. Мұндайда баланың барлық тілектері орындалады, ерке болып өседі. *Елемеу* – баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылыстың әлсіз болуы, әсіресе, рухани қажеттіліктер, эмоционалды байланыс, анасымен қарым-қатынас қажеттілігі көп жағдайда еленбейді.

Ана мен бала арасындағы үйлесімсіз қарым-қатынас типтері және олардың салдары:

1) Ретсіз тілектерді мақұлдайтын гиперпротекция – аналар баланы бар қиындықтардан босатуға, оның тілектерін орындауға тырысады, шектен тыс жақсы көреді және қорғайды, минималды жетістіктеріне қуанады, басқалардың да таңданып қуануын талап етеді.

Мұндай қарым-қатынас нәтижесі балада орынсыз дәмелену, талаптану деңгейінен көрінеді, мысалы балада табандылық және өз күшіне сенімсіздік секілді қасиеттердің жеткіліксіз болғанымен лидерлікке ұмтылады.

2) Басым протекция – бала анасының назарының ортасында болады. Олар балаға көп күш пен уақыт жұмсайды, бірақ көптеген шектеулер мен тыйымдар қоя отырып, өзбеттілігіне шектейді. Бұл эмонсипация реакциясына немесе инициативсіздікке, өзі үшін жауап бере алмаушылыққа әкеледі.

3) Гипопротекция – балаға аз көңіл бөлінеді, оның жұмыстарына еш қызығушылық танытпайды, баланың жеке гигиенасына үстіртін қарайды. Жасырын гипопротекция барысында аналар формальды түрде бақылау мен қамқорлық білдіреді, бірақ бала өміріне араласпайды.

4) Эмоционалды окшаулау – бала киналады, оның қажеттіліктері еленбейді. Ана баланы масыл деп санайды, оған үнемі көңілі толмайды.

5) Жоғары моральдық жауапкершілік – баладан жасына сай емес шыншыл, тәртіпті болуды, отбасы алдындағы борышты сезінуді, жақын-дардың жағдайын ойлайтын жауапкершілік талап етеді де, бала анасының үмітін ақтай алмаймын деп қорқады.

6) Баламен қатал болу – баланың қажеттіліктеріне көңіл бөлмей отырып, тіпті кішкене қате қылықтары үшін ауыр жазалар қолдану. Ол ашық көрінуі мүмкін, мысалы балаға кекті шығару, жазалау, зорлық көрсету. Ал жасырын болғанда ана мен бала арасында эмоционалды салқындық пен қастық қамалдары болады.

Толық емес отбасында ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың үйлесімді болуына ананың тәрбие позициялары да үлкен әсер етеді. Бұл – бала тәрбиесіне байланысты ананың тұлғалық құрылымдар жиынтығы. Олардың маңызды сипаттарына адекваттылық, икемділік және болжай алушылық жатады.

Адекваттылық – ананың өз баласының индивидуалдылығын көре және түсіне білуі. Анасының баланың тұлғалық ерекшеліктерін, таным, эмоционалды және мотивациялық сфераларын, рухани дүниесін білуі.

Икемділік – баланың ер жетуі барысындағы немесе отбасындағы өмір жағдайларының өзгеруіне байланысты ананың тәрбие әсерін қолайлы етіп, икемдеп өзгерте алу қабілеті.

Болжай алушылық – ананың жаңа тұлғалық және психикалық сапаларының пайда болуын алдын ала болжай алу қабілеті. Алдын ала болжамайтын қарым-қатынас моделі тек бір сәттік жағдайдың ерекшеліктерін ескеруге әкеледі. Ал бұдан аналар баласының күтпеген мінез-құлқына тап болады, қарым-қатынас қиындай түседі.

Маңызды, бірақ әлі дұрыс зерттелмеген ананың сипаттамаларының біріне олардың балаға қатынасының мотивациясы және оны субъективті ұғынуы жатады.

Толық емес отбасында мүшелерінің өзара қарым-қатынасында рөлдік құрылымы бұзылады және ең алдымен баланың позициясы өзгереді. Мысалы, бала келесі рөлдерді иемденуі мүмкін:

«сүйкімді» (Э.Г.Эйдемиллер, В.Юстицкис айтуы бойынша – «ата-ана сезім сферасының кеңеюі») – балаға шектен тыс көп көңіл бөлу. Көбіне ерлі-зайыптылар өзара қарым-қатынасын қанағаттандыра алмағандықтан санасыз түрде баламен өзара ерекше, жақын жылы байланысты орнатуға ұмтылады. Балаға «барлық махаббатты», «барлық сезімдерді» беруге ұмтылады. Жалғыз басты ана екінші рет тұрмыс құрудан, карьерадан бас тартады.

«кішкентай бала» («балада сәбиге тән сапалардың болуын қалау») – тіпті есейген бала да отбасында еш нәрсеге қатысы жоқ, міндеті жоқ кішкене бала болып қала беруі мүмкін. Аналар балалардың есеюін мойындағысы келмейді, себебі балада сәбиге тән аңқаулық, ойыншылдық, еркелік болғанын қалайды, сөйте отырып, балаға талаптарды аз қойып, психологиялық инфантилизмнің дамуына жол береді.

Психологиялық инфантилизм – онтогенетикалық дамуда денелік әрі психологиялық функциялардың кешігіп қалыптасуы. Бірақ психологиялық дамуы уақыт өте келе толықтай даму деңгейіне жетуі мүмкін.

«Тентек», «түзеуге келмейтін», «қиын», т.б. – бұл роль негізіне «бала бойына өзіне тән ұнамсыз қасиеттерді проекциялау» жатады.

«Вундеркинд», «отбасы үміті» - анасы өзінің қанағаттандырылмаған қажеттіліктерін балалары арқылы жасауға ұмтылу.

«Өзгеге деген кекті кінәсізден шығару» - бала ата-аналарының кекті шығаруға қажет объект рөлін сомдайды. Отбасындағы немесе отбасынан тыс қайғыруларды ата-аналар баласына ұрсу, т.б. арқылы сыртқа шығарады.

«Сот адамы», «татуластырушы» - бала кішкентайынан отбасы өмірінің қиындықтарына араласады, реттейді, ерлі-зайыптылардың дау-жанжалдарын шешеді. Ата-аналар өзара қарым-қатынасты шешумен ғана айналысады және баланы осыған қатыстырады. Оның сезімдері мен ішкі жан

күйзелісіне мүлдем көңіл бөлмейді. Баланы соғыс кезіндегі бір-біріне қарсы қару ретінде немесе татуласу үшін делдал ретінде пайдаланады. Бұл рөлді бала ажырасудың ұзақ күрделі кезеңінде сомдауы мүмкін.

Толық емес отбасында ананың баласымен қарым-қатынасының бұзылуы баланың өскенде мінез-құлық акцентуациясының күшеюіне апаруы мүмкін. Яғни, баланың әлеуметтік бейімделуі бұзылады, мінез-құлқында ауытқушылық болады. Бұл акцентуациялар көбіне жасөспірімдік кезеңде айқын байқалады [6].

Толық емес отбасындағы баланың психикалық дамуына әсер ететін көп факторларды психотерапевтілер талдай келе, олардың бастыларына әкесінен және анасынан оқшаулану, ата-ана арасындағы жанжалды қайғыру, ана мен бала арасындағы шектен тыс қамқор немесе суық қатынас пен тәрбиенің қатаң әдістерін жатқызған.

Жоғарыда аталған өлшемдер мен факторларды ескеріп, теориялық талдауларға сүйене отырып, толық емес отбасында тиімді қатынастарды орнатуға арналған психологиялық-педагогикалық түзету жүйесі өңделді. Толық емес отбасындағы ана мен бала қатынастарын қалыптастыру жүйесі тұлғалық-мотивациялық, ұйымдастырушылық-мазмұндық, процессуалдық компоненттері негізінде жүзеге асырылды.

Жұмыс жүйесінің **мотивациялық компоненті** отбасы мүшелерінің қажеттілігін, қызығушылығын, танымдық белсенділігін, қолайлы психологиялық-эмоционалдық жағдайын қалыптастыруға бағытталады.

Ұйымдастырушылық-мазмұндық компонент психологиялық-педагогикалық білім көздерінен отбасылық қарым-қатынас стильдерін айқындау, толық емес отбасының психологиялық ерекшеліктері негізінде ана мен балаға қажет үйлесімді даму, тәрбиелеу ортасын құру әдістемесін анықтауды жүзеге асырады.

Ал, **процессуалдық компонент** тренинг жаттығулары мен ойындар, тапсырмалар орындау барысында отбасылық тәрбие туралы оқу-теориялық білімін, практикалық, коммуникативтік дағдыларын қалыптастырып, толық емес отбасында жағымды отбасылық қатынастарды дамытуға мүмкіндік береді.

Кешенді педагогикалық-психологиялық диагностика вербальды, графикалық диагностика әдістер арқылы жүргізілді: ата-ана қатынасының тест-сауалнамасы (Варга А.Я., Столин В.В.), «Отбасы суреті» проективті тесті, тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеу әдістемесі (Лири Т.).

Психологиялық-педагогикалық түзету жүйесінің жұмысын 2 негізгі бағыт бойынша жүргізу көзделді – бұл балалар мен аналардың қатынастарына психологиялық түзету тренинг жұмыстарын жүргізу және аналарға кеңес беру-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру. *Формалары:* ойын, әлеуметтік-психологиялық тренингтер, әңгіме, дәріс, семинар, дөңгелек үстел, консиллиумдерді ұйымдастыру және өткізу. Аналарға түсіндіру, әңгімелесу әдістері қолданылды.

Отбасындағы қарым-қатынастағы ана позициясы баласының келесі қажеттіліктерінің өтелуіне байланысты қалыптастырылды:

1. Махабатқа деген қажеттілік, эмоционалды байланыстың орнатылуы. Бала сөздері мен қылықтарына анасының қызығушылығын, қатысуын сезіну керек. Сонда ғана бала да анасының өміріне үлкен қызығушылық тудырып, анасымен байланыс орната алады;

2. Баланың өзінің индивидуалды қабілеттері жүзеге асып, дамып келетін жеке тұлға ретінде сезінуге қажеттілігі;

3. Жеке басын сыйлауға деген қажеттілік, бала анасының оған сыйластықпен қарауы нәтижесінде өзін адекватты бағалайды.

Отбасындағы ана мен балалардың қарым-қатынасын оңтайландыру мақсатында жүргізілген психологиялық түзету жүйесі екі психологиялық өлшемге негізделді:

1. ананың бала мінез-құлқын бақылау формасы мен талаптар ерекшеліктері;

2. балаға эмоционалдық қатынасының сипаты.

Осы өлшемдердің үйлесімі қарым-қатынас стильдерінің сипатын анықтайды.

Қарым-қатынас типі	Қарым-қатынаста сипаттардың көрінуі				
	Протекция деңгейі	Бала қажеттіліктерінің қанағаттану деңгейі	Талаптар қоюдың деңгейі	Шектеулер деңгейі	Санкция қаталдығы
Ретсіз тілектерді мақұлдайтын гиперпротекция	+	+	-	-	-
Басым протекция	+	+	+	+	+
Жоғары моральдық жауапкершілік	+	-	+	+	+
Эмоционалды оқшаулау	-	-	+	+	+
Қатал қарау	-	-	+	+	+
Гипопротекция	-	-	-	-	-

Ескерту. «+» - сол сипатының шектен тыс жоғары көрінуі, «-» - дұрыс көрінбеуі, «⁺-» - бұл қарым-қатынас типінде сипаттың шектен тыс көрінуі, көрінбеуі немесе жеткіліксіздігін білдіреді.

Өңделіп жүргізілген педагогикалық-психологиялық түзету жұмысының жүйесі толық емес отбасында бала тәрбиесін сауатты ұйымдастырудың негізі ретінде қолданыс таба алады.

Себебі, құрылымдық деформацияға ұшырап, стрестік жағдайды қайғырған отбасында баласымен тиімді қарым-қатынас орнату анасынан үлкен психологиялық-педагогикалық сауаттылықты қажет етеді. Әр ана баласына жақсылық тілейді, бірақ сол сезімі мен ниетін дұрыс әрі тиімді білдіре алмай жатады. Жалғыз басты ана отбасы тәрбие үрдісінде еш қиындыққа қарамастан өз мінез-құлқын, әрекеттерін, эмоционалдық ішкі күйін бақылай отырып балаға жағымды қатынасын, баланың отбасына оң қатынасын орнатып ұстай білу керек. Ата-аналарға арналған әдебиеттерде тәрбие стильдері, қатынастар ерекшеліктерінің жағымды, жағымсыз түрле-

ріне сипаттама беріліп, ақыл-кеңес, ұсыныстар беріледі, бірақ олар отбасылық мәселелердің тәжірибедегі шынайы көрінісін сезіндірмейді. Сондықтан, толық емес отбасындағы ана мен бала қарым-қатынасына педагогикалық-психологиялық түзету жұмыстарын әдістемелік жағынан жетілдіру және жүргізу мәселесі өзекті болып қала береді. Берілген педагогикалық-психологиялық түзету жүйесі мектеп психологтары, тәрбиешілер мен сынып жетекшілеріне толық емес отбасылармен жұмыс жасауда әдістемелік негіз бола алады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы // Егемен Қазақстан., 17 желтоқсан 1998.
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Орал: Орал өңірі., 15 желтоқсан 2012.
3. Целуйко В.М. Психология неблагополучной семьи. М., 2006.
4. Құдиярова А. Ортақтасу психологиясы. Алматы, 2002.
5. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкий В. Психология и психотерапия семьи. СПб.: Питер, 2001
6. Калаханова С.Б. Жасөспірімдік кезеңдегі баланың тұлғалық ерекшеліктеріне отбасындағы ата-ана қатынасының әсері // Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы және жоғары мектеп міндеттері. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 75 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 17 қазан 2007 жыл.

С.Б. Калаханова ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ФУНКЦИИ СТИЛЕЙ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ МАТЕРЬЮ И РЕБЕНКОМ В НЕПОЛНОЙ СЕМЬЕ

В данной статье описываются особенности и воспитательные функции стилей взаимоотношений между матерью и ребенком в неполной семье. Проанализированы факторы, влияющие на формирование взаимоотношений между матерью и ребенком. Рассмотрена методика создания гармоничных взаимоотношений в семье.

Ключевые слова: неполная семья, взаимоотношение, стиль, воспитание, психологическая коррекция.

S. Kalahanova STYLES OF THE RELATIONS BETWEEN MOTHER AND CHILD IN INCOMPLETE FAMILY

In given article are described particularities of the styles relation between mother and child in incomplete family. The Analysed factors, influencing upon shaping relation between mother and child. The Considered methods of the creation harmonious relation in family.

Key words: incomplete family relation, style, upbringing, psychological correction.

УДК 37.037 - 057.875

С.Ж.Бахтиярова – оқытушы, магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: saya_bakhtiyarova@mail.ru

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРГЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘСЕРДІҢ ТИГІЗЕР МҮМКІНДІКТЕРІН АРТТЫРУ

Андатпа. Спорт пен дене шынықтыру қызметтерінің ықпалынан қозғаушы, көруші, сипап сезуші, вестибулярлық сияқты талдауыштар сезімталдылық табылдырығынан жоғарылайтынына байланысты отандық және шет елдік психологтардың жүргізген зерттеулерін басшылыққа алады. Өзінің зерттеулерінде баскетбол сабақтарында, түрлі жаттығуларды жасағанда студенттердің көру анализаторларының сезімталдылығы жоғары болғандығын талдайды. Мақалада қазіргі кезде спорт қызметімен белсенді айналысатын тұлғалардың құқық бұзушылық мотивінің топтамасын түсіндіреді. Еңбектің бірігуін ұйымдастыру үшін белгілі бір шарттарды құрып, әрбір студенттің ұжым мен өзіне қойған тапсырманы орындаудағы талабын оятып, ұжым ішіндегі жолдастық қарым-қатынастың орнығуы бағытында ұжымдық сипаттағы дене жаттығуының тиімділігін жоғары бағалайды. Студенттердің ерік-жігерлік қасиеттерін дамытудың маңызды орны спорт пен дене шынықтыру қызметтерінің мүмкіндіктерін есепке алып, спортшы және ерік-жігерлік қасиет өзара байланысты ұғымдар ретінде педагогикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырған. Автор қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлауда дене шынықтыру мамандарына дене тәрбиесі сабағын өткізу кезінде олардың темпераменттерін ескеру қажет деп санайды.

Түйін сөз: студенттер, дене шынықтыру, мотив, қажеттілік, психология, процесс, ұжым, темперамент.

Бүгінгі күні дене мәдениетін зерттеуші мамандар студенттердің тек қана дене қимылымен айналысуымен ғана шектелмей, осы дене шынықтыру мәдениетінің адамның жан дүниесіне әсеріне үлкен мән беруде. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогика білімі материалдарын дене тәрбиесінде пайдалану өзектілігі арта түседі.

Әр түрлі дене қимыл әрекеттерін орындау психикалық белсенділікті және де осындай жұмыстарға тек бұлшық ет топтарын ғана емес, сонымен қоса психикалық функцияның да қосылуын талап етеді. Бәрінен бұрын, бұл сезімталдылықтың айыру мен абсолютті жоғарылауын сипаттайтын түрлі анализатор функцияларын жетілдіруіне қатысты. Отандық және шет елдік психологтардың жүргізген зерттеулері спорт пен дене шынықтыру қызметтерінің ықпалынан қозғаушы, көруші, сипап сезуші, вестибулярлық сияқты талдауыштар сезімталдылық табылдырығынан жоғарылайтынын дәлелдеді. О.И.Ильин [1], Р.Х.Яруллиннің [2] пайымдауынша дене жаттығу үрдісінде, әсіресе, қозғаушы анализатордың сезімталдылығы өзгереді. Гимнастикамен, жеңіл атлетикамен, спорттық ойындармен, қолданбалы жаттығулармен және түрлі спорт ойындарымен айналысу кинестетикалық сезінуді саралап, бұлшық ет сезімталдылығын жетілдіре түседі. Біздің зерттеуіміз бойынша, баскетбол сабақтарында, түрлі жаттығуларды жасағанда студенттердің көру анализаторларының сезімталдылығы жоғарылайтыны байқалады. Студент өзінде пайда болып жатқан қозғаушы, вестибулярлы, сипап сезуші, т.б. сезімдерін бақылауға қабілетті. Бұл оған оқу тапсырмаларын орындауда дифференцияланған көлемді ақпаратты ала алуына мүмкіндік жасайды.

Спорт пен дене шынықтыру қызметтерінде психикалық үдеріс жетіле түсіп студентке оқу тапсырмасының көлемін нақты әрі толық бағалап, алған ақпаратты тез өңдеп, тиісті шешім қабылдауына көмектеседі. Мұның бәрі келешекте, студент жастардың оқу-кәсіби жұмысқа деген қабілеттілігіне сенімділігін қамтамасыз етеді.

Спорт пен дене шынықтыру қызметі тұлғааралық әрекеттестікте жоғары деңгейімен ерекшеленіп, педагогикалық басқарумен тең дәрежеде болып студенттерге қажет өзіндік сана сезім мен өзін ұйымдастыра алатын дағдыларын қалыптастыруда қолданатын психология-педагогикалық тәжірибе жинақтауға жағымды шарттар туғызады.

Дене шынықтырудың психологиялық ерекшеліктерін ең алдымен оның денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-әрекет болуында. Бұл процесте әрекеттердің бәрі ең соңғы кезеңге, қорытынды нәтижеге бағытталған ерекшелігінде. Әдетте дене мәдениеті адамның қалыпты қажеттігі. Дене тәрбие сабағы – жас мамандардың өздерін іс-әрекетте көрсете білуі. Әрқандай нақты іс-әрекеттегідей, дене тәрбиесі сабағында адамның барша қасиеттері икемділіктері мен қимыл-қозғалыстары, ептіліктері мен сапалары қатысып көрініс береді. Әртүрлі жаттығу жасағанда соған сай: қимылдардың қолданымын таба білу қажет және студенттердің міндеті сол әдістерді қолдану тәсілдерін игеру.

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлауда дене шынықтыру мамандарына дене тәрбиесі сабағын өткізу кезінде олардың темпераменттерін ескеру қажеттігі туындап отыр. Себебі адамның жеке динамикалық бітістері оның сырттай әрекет-қылығында, қимыл-қозғалысында ғана емес, барша ақыл-ой топшылауынан, ниеттенуі мен жаттығуларды орындауында көрінеді. Темперамент ерекшеліктері оқу және дене еңбегі барысына ықпал етуі табиғи құбылыс. Егер дене шынықтыру жаттығулары қалыпты жағдайда жүріп жатса, соңғы нәтиже мен темперамент арасында ешқандай да тәуелді байланыс болмайды. Сонымен тұлғаның қалыпты жағдайдағы әрекет нәтижесі оның шапшаң не енжар екендігіне қарамай, бірдей өлшемде болады, себебі соңғы өнім нәтижесі басқа факторларға, әсіресе, түрткілер мен қабілет деңгейіне байланысты келеді. Темперамент ерекшеліктері осы жаттығулар мен әрекетті орындау тәсілдерін өзгертуге ықпал жасауы мүмкін.

Жас мамандар темпераменттеріне қарай нәтиже емес, сол нәтижеге жету жолдарын таңдауымен ажыратылады. Темпераменттің тума ерекшеліктері тәжірибе, әлеуметтік ортаға және өз басын билей алуға байланысты психикалық процестерде көрініс береді. Жағдайға орай жауап-әрекет, бір жағынан жүйке жүйесінің сипатына, екінші тараптан - білім алуы, тәрбие, дене мәдениеті кәсіби тәжірибеге тәуелді болмақ. Мысалы, тәжірибелі маманның әрекет шапшаңдығы тума берілген қасиет емес, ол жаттығу мен үйренудің нәтижесі екендігі хақ. Ал сол әрекеттердің іске асу шегі жүйке жүйесінің мүмкіндіктерімен анықталады.

Көптеген кәсіби қызметтер үйрету, оқытумен кемелденеді, мұндай жағдайда темперамент бітістері шек қояды. Дене тәрбиесі сабағы жаттығулар мен дене қимылдарын кез-келгені жасайды, ал өте жақсы нәтиже беру – кез-келген адамның қолынан келмейді. Мұндайда кәсіби таңдаумен бірге, бір кәсіби бағдарлы дене тәрбиесі сабағы әбден қажет. Дене тәрбиесі сабағын

студенттің психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне негіздеп, кәсіби мамандандырылған студенттер денсаулықтарын шыңдап, өз еңбектеріне қанағаттанумен зор табыстарға жете алады.

Жас маман іс-әрекетінің жемісті болуы сол адамның темперамент ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Мысалы: қимыл-қозғалыстары көп, тез ауысып отыратын ойындарға сангвиниктер мен холериктер жақсы қатысады, ал флегматиктер әрекетке сылбыр, енжар көрінгенімен жай бірқалыпты, тұрақты, бір тәртіппен орындалатын ойын, жаттығуларды өте тиімді орындайды. Қайталануы көп, жалықтыратын істерде меланхолик шыдамдылық көрсете алады, мұндайда олар басқаларға қарағанда онша шаршап-шалдықпайды.

Оқу мен дене тәрбиесін оңтайластыру мен олардың тиімділігін көтеру жолында әрбір педагог өз шәкіртінің темперамент типін мүмкіндігінше нақты анықтап алған жөн. Холерикті мейлінше жиі бақылауға алған дұрыс. Бұл типті студентпен қатты сөзбен, жекіріп қатынас жасауға тіпті болмайды – қатынасқа сай келеңсіз жауап әрекет болуы сөзсіз. Сонымен бірге оның қай қылығы болмасын орынды талаппен, әділ бағалануы тиіс. Сангвиниктерді үздіксіз жаңа, қызғылықты, зейін тоқтатып, белгілі күш жұмсауда талап еткен істерге қосып отыру керек. Оны ұдайы белсенді іс-әрекетке араластырып, мақтауын үзбей жеткізіп тұру қажет [3].

Сынаққа алынушылардың салыстырмалы талдануларына қарағанда, спорт пен дене шынықтыру дайындығының параметрі бойынша белсенділіктерінің орта көрсеткіштері, біраз төменгі деңгейде болатыны сенімді түрде анық ерекшеленеді, себебі тәртібі реттелмеген студенттер көптеген студент жастардан бөлектеніп тұрады. Сонымен қатар, әлеуметті-негативті бағыттағы тұлғалардың ішінен де спорт пен дене шынықтыру дайындығы жоғары нәтижелі жігіттер мен қыздар да жиі кездеседі. Қазіргі кезде спорт қызметімен белсенді айналысатын тұлғалардың құқық бұзушылық мотивінің топтамасын түсіндіріп беру ең қызығы болып отыр.

Енді сөз болатын іс, дене шынықтыру білімі тек, дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысуға ғана қажет емес, қазіргі қоғамның мәдени бөлігі бола бастады және ол адамдарды дене дайындығына (қозғалыстық) бағыттау әрекетімен қоса, мәдени-әлеуметтілік үрдіске жалғасты.

Сондықтан, дене шынықтырудың педагогикалық тәжірибесінде, студенттің ағзасының морфофункциональдық мүмкіншіліктерін, қозғалыс икемділігінің қабілетін дамытуға бағыттайтын, әдістер мен мол шараларды қолдану заңдылығын, көзқарастарын қалыптастыру, құндылық жүйесіне, жеке тұлғаның мотивациялық саласына, өз саналығына және өзін-өзі ұйымдастыра білуге қалыптастырған жөн.

Спорт пен айналысуды енді бастап келе жатқан студенттердің тәртіпсіздік пен құқық бұзушылық мотиві құрдастарынан немесе өздерінен үлкендерден үстемдігін көрсетуге деген талпынысымен, яғни жалған беделділік мотивациясымен байланысты.

Белгілі бір спорттық жетістікке жеткен студенттер үшін негативті тәртіп мотивінің өз әсері бар. Бұл мотивтер өзін-өзі жоғары бағалауға, өзіне жоғары деңгейде талап қоюға негізделген. Жеңімпаз атағына ие болған студенттер тәртіптің нормасы мен заңы олар үшін емес деп, өздерін ерекше жаратылған тұлға ретінде есептейді.

Үшінші топқа спорттан кетіп бара жатқан кейбір студенттерді қосуға болады. Бұл жерден әлеуметті және әлеуметті-психологиялық өтемақының теріс түрі көрінуі мүмкін.

Жоғары оқу орнының оқытушылары мен жаттықтырушыларына жүргізілген кәсіби-педагогикалық шеберліктің талдауы, олардың көбі студент жастардың жоғары сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеуде жеткіліксіз көңіл бөлетіні анықталды.

Көбіне жаттықтырушылар өте қауіпті, бірақ спорттың көп түрінде жетістікке жеткізетін қабілеттері бар шәкірттерін айрықша құрметтейді. Олар: өзін ерекше жақсы көрулері, қатыгездік пен агрессияның шиеленіскен түріне әкелуі мүмкін. Бұл спорт әдебінің бұзылуына, моральды-әдептің теріс қылығына, қақтығысты жағдайға, ал кейде құқықтық қылмысқа алып келеді.

Мұндай стереотипке қарсы әрекет болмаса, онда ол мінезге сіңіп, күнделікті өмірде өз көрінісін бере бастайды. Тәртіпті студенттердің маңызды ерекшелігі әлсіз дамыған жеке ерік-жігерлі қасиеттерінің күшін басқаруда тәжірибесіздігінен көрінеді. Бұл эксперименттік жұмыстарды жүргізу барысында алынған мәліметтермен дәлелденеді. Профессорлар мен оқытушылар құрамына жүргізілген сауалнама тәртібі реттелмеген студенттер жігерлілік дамуда әлсіздігімен көзге түсетіндігін көрсетті.

Жігерлі студент өз тәртібін басқара алатын қабілеті бар, алдына қойған нақты мақсатына жету үшін кездескен барлық қиындықтарды жеңіп, жоспарлы түрде өз дегеніне жетеді.

Студенттердің өз тәртіптерін саналы түрде реттей алуы екінші сигналдық жүйенің қызметімен байланысты. Сол арқылы адамның физикалық және ақыл-ой мүмкіндіктері шаршағанға, сырқаттықты сезінуге, аштық пен суыққа, қауіп-қатер мен қорқынышқа қарамай іске асады. Тәрбиелеу үрдісінде ерік-жігерге әсер ету дегеніміз – әртүрлі педагогикалық тәсілдердің көмегімен студент жастардың санасына әсер ету болып табылады. Ерік-жігерді теориямен тәрбиелеуге болмайды. Бұл үрдіс міндетті түрде белгілі бір қиындықтың кездесіп, сол қиындықты жеңуде шығатын ерік-жігердің күшімен байланысты сипатталады.

«Кейбір сәттерде сабыр мен батылдық, ұстамдылық сияқты жүректілік көрсететін қиын бір жағдай туғызбасаң, ер жүрек адамды тәрбиелей алмайсың», – деп көрсеткен А.С. Макаренко.

Ерік-жігер қасиетін қалыптастыруда спорт пен дене шынықтыру қызметтерінің мүмкіндіктері жоғары екені белгілі. Спорт пен дене шынықтырудың түрлі әдістері мен түрлерін қолдану арқылы төзімділік, өзін-өзі ұстай білу, табандылық, мақсатқа жетуге деген қажырлылық, шешімділік пен батылдық сияқты ерік-жігер қасиеттерін студенттер бойынан талап етілетін жағдай туғызады, - дейді С.В.Николаев [4].

Студенттердің ерік-жігерлік қасиеттерін дамытудың маңызды орны спорт қызметтеріне жатады. Спортшы және ерік-жігерлік қасиет - өзара байланысты ұғымдар. Дене шынықтыру үрдісінде жүретін түрлі кедергілер мен қиындықтарды жеңу сияқты спорттық айқаста да жеңіске деген ұмтылыс адамгершілік-ерік-жігер қасиеттерді қалыптастырады. Студенттер спорттың қолданбалы және басқа да түрлерімен айналысқанда үнемі олардан жеңіске деген ұмтылыс, табандылық, батылдық, шешімділік, физикалық пен психикалық кернеуді, тәртіпті және тағы басқа қасиеттерді талап ететін жағдайларға тап болады, ал бұл көбіне спорттық жекпе-жектің нәтижесіне

байланысты. Әлеуметтік-тұлғалық басқаруда студент жастарды тәрбиелеудің ең тиімді көрсеткіші ұжым ішіндегі жолдастық болып табылады. Спорт пен дене дайындығы әдістері мен тәсілдерінің көмегімен тәрбиелеудің кең мүмкіндіктерін орнатуға болатынын нақтылайды.

Спорт пен дене шынықтыруда түрлі іс-шаралар мен жарыстарды ұйымдастырып, өткізуде жарысқа қатысу кезеңіндегі студенттің тұлғалық мәнін қалыптастырып, нормативті шекті таңдауда шамасы келетін шығармашылық ықыласына көңіл бөліп көмектесу маңызды болып табылды. Белсенділер құрамына адамгершілік қасиеті жоғары, дене дайындығы мықты, ұйымдастырушылық қабілеті бар, жолдастармен қарым-қатынасын емін-еркін, игілікті мәнде құра алатын тұлғалар таңдалады. Белсенділер көбіне студент ұжымына өзара қарым-қатынастың жетіле түсуіне әсер етуде үлгі күші ретінде көріне біледі.

Тәрбиелеу міндетін атқаруда тәжірибесінде арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдайды қолдануға көңіл бөлінуі қажет.

Оларды үлгілеуде келесі талаптар есепке алынды:

- тәрбиелеу міндетін атқару жиынтығынан әр сабаққа негізгі тапсырмаларды бөлу;

- оқу мен тәрбиелеу міндетін бір уақытта шешу;

- педагогикалық жағдайдың студенттерді тәрбиелеудің басқа да әдістерімен үйлесімділігі;

- студенттердің жеке қабілеттерінің педагогикалық жағдайдағы қиындық дәрежесімен сәйкестенуі.

Спорт пен дене шынықтыру қызметтерінің бірігіп ұйымдасқан түрі жеке адам орындаған жаттығуға қарағанда, оқу міндеттерін орындаудағы ортақ шешімге келуге, достық қарым-қатынастың жақсаруына сапалы әсер етеді. Бұл – біріншіден, тұлғаның дене жаттығуды орындауда ұжымдық күш арқылы ғана көзделген мақсатқа жету мүмкіндігіне; екіншіден, әсіресе, қиын дене жаттығуларын орындауда ұжым мүшелерінің бір-біріне тікелей тәуелділікте болуына; үшіншіден, студенттер өмір әрекетінің барлық саласындағы өзара қарым-қатынас құрылымының спорт пен дене шынықтыру қызметіне көшірілуіне негізделген. Ұжымдық сипаттағы дене жаттығуының тиімділігі еңбектің бірігуін ұйымдастыру үшін белгілі бір шарттарды құрып, әрбір студенттің ұжым мен өзіне қойған тапсырманы орындаудағы талабын оята отырып, ұжым ішіндегі қарым-қатынастың орнығып, бір-бірін қолдап демейтін мазмұнды бағытқа негізделген. Спорт пен дене шынықтыру қызметі тиімділігі жоғары студенттік топтарда өзара әрекеттескенде топтың мақсатқа жетуінде мәнді болып есептелетін келбеті мен тәртібі әр студент үшін маңызды. Жолдастық қарым-қатынас, осы ұжымда қалыптасуы басқа да саладағы студенттер арасындағы қарым-қатынасының сипатын белгілейді.

Студенттер ұжымындағы тиімділігі төмендерінде мұндай тәуелділік жоқ немесе айқын көрсетілмеген. Спорт пен дене шынықтыру қызметтерінің бірігуін құру мен ұйымдастыру жолдастық қарым-қатынас функциясын орнатып, дамытатын ең маңызды фактор болып табылады. Топтық қызметтер тиімділік белгілерін анықтай отырып студент ұжымының әлеуметтік-функциялыққа арналғанын бөліп көрсетуге болады. Осыменен бағалау белгілері спорт пен дене шынықтыру қызметтерінің жемістілігіне ғана қарамай, сонымен қатар, оның әлеуметтік-психологиялық мүдделерінің ішіндегі әлеуметтік

белсенділік, ұжымды тәрбиелеудегі мүмкіндіктер, ұжым мүшелерінің қосылуын қанағаттандыру сияқты деңгейлерді өзіне таңдайды.

Алғашқы кезеңде студенттік ұжым енді ғана құрастырылғанда, оның арнайы құрылымы рәсімделеді, осы ұжымның атқаратын ісі айқындалады және қажетті құжаттармен реттеледі. Әрекеттердің мақсатын оның мүшелері жалпыша, яғни, оған деген қатынастың ашық байқалмайтын және оның әлеуметтік дәрмендігіне жекеше қызықпайтын түрде қабылдайды. Бұл кезде тәрбиелеуді басқарудың негізгі күші мамандарды, оқу тобының екпінділерін тауып алуға, дайындау мен орналастыруға жұмсайды. Сонымен, «студент - оқу тобы», «жеке тұлға - қоғамдық ұжым» сияқты қарым қатынастарды бекіту талабы туындайды.

Дене шынықтыру және спортпен айналысушылардың әр түрлі психикалық стрестерге тойтарыс беру әрекеті жайбарақат көрінеді, топтық қысымшылыққа бір қалыпты, сәтсіздік болған жағдайда өзіне іштей тынып, неғұрлым ширақ әріптестермен әңгіме қатынасқа бармауға ыңғай танытатындығы байқалған. Бұл жағдайда бастысы, спортшылардың ұжымдағы қарым-қатынасқа психотерапевтік тиімді әсері болады, әсіресе оны қалыптастырудың бас кезінде болса.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, өзара қарым-қатынас жағдайларында қалыптасқан күрделі қатынастар мен қақтығыстарды одан әрі шиеленістірмей тарату үшін, спортпен айналысушылар, өз тәртіптерімен және араласудың көтеріңкі түрлерімен жақсырақ ықпал еткендігі туралы дәлелдер бар.

Спорт пен дене шынықтыру әрекеттері тұлға аралық жағымды қарым-қатынастар арқылы, студенттер ұжымында достық пен жолдастық сезімді қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Тура осы қызмет барысында топтық және ұжымдық өзара әрекеттестікке, студенттер байланысына ықпал етуші жағымды жағдайлар орнығып, сақталады. Бұл педагогикалық басқару стилі мен әлеуметтік-психологиялық ортаға, дәстүр мен тәртіпке, студенттердің бір-біріне және оқуына мәнді ықпал етеді. Ұжым ішіндегі қатынастың дұрыс орнығуы оқу қызметіндегі жетістікке жеткен ең маңызды жағдай болып табылады.

Әдебиеттер

1. Ильин О.И. От культуры физической - к культуре здоровья //Теория и практика физической культуры. - 1994. - № 7. -С. 46-48.
2. Яруллин Р.Х. Качества двигательной деятельности человека. //Теория и практика физической культуры. - № 8. - С. 20-24.
3. У.Ж.Турыскулов, Болашақ дәрігерлерге дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану // Изденіс. – 2007. № 2. 233-236 б.
4. Николаев С.В. Социализация военнослужащих в процессе физкультурно-спортивной деятельности. - СПб.: ВИФК, - 2002. - С. 144-158.

С.Ж. Бахтиярова ПОВЫШЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВЛИЯНИЯ НА СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

В этой статье рассмотрены пути использования возможностей педагогического влияния на студентов в процессе физического воспитания

Ключевые слова: студенты, физическое воспитание, мотивы, потребности, психология, процесс, коллектив, темперамент

S.Zh. Bakhtiyarova
INCREASE OF PEDAGOGICAL INFLUENCE ON STUDENTS IN THE COURSE
OF PHYSICAL TRAINING

In this article are considered ways of use of opportunities of pedagogical influence on students in the course of physical training

Key words: students, physical training, motives, requirements, psychology, processes, collective, temperament

УДК 784:37.01(574)

О.В. Ворфоломеева - преподаватель,
ЗКГУ им. М. Утемисова
Email: muzikant-70@mail.ru

ВОКАЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье проведен анализ периода становления и тенденций развития вокальной педагогики Западного Казахстана в период с 60-х гг. до настоящего времени. В этой связи возникает необходимость определить направления развития вокальной школы региона через изучение методических основ педагогов-вокалистов.

Ключевые слова: вокальная педагогика, педагоги Западного Казахстана, бельканто, история вокального искусства, вокальная школа, искусство.

Совокупность вокально-технических средств, обеспечивающих высокий уровень исполнительства, четко сформированная методика – вот понятия относящиеся к термину *вокальная школа*, значительно более широкой отличительной чертой которой является самобытность национальной культуры, своеобразие исполнительского стиля, определенный эталон звучания, а также представители вокальной педагогики, как носители системы. Здесь речь пойдет о теории, методических основах и практике вокального исполнительства.

Не отделяя вокальную педагогику Западного региона от всей вокальной педагогики Казахстана, необходимо сказать о присутствии черт вокальной школы, влияющей на становление и развитие не только самой педагогики, но и музыкального искусства региона в целом.

To summarize the study criteria and principles for the formation of individual trajectories for the students specialty arts can confidently say that the criteria of artistic value and excitement, pedagogical expediency, principle of creative autonomy and the principles of high artistic value, taking into account individual characteristics of students (skills, knowledge, technical training), professional orientation, as well as the principles of motivational orientation, far and near prospects of development, the principle of historicism, which reveals the real path of historical development of art in the content of music and performing learning systems principle, which allows to present musical and historical process in the

content of music and performing as a learning holistic education, which operates on the basis set forth in its laws, to some extent overlap, or are the basis for one of four levels of individual learning paths, which, in turn, are closely interrelated.

The cardinal difference between the tested systems from a previous credit is the abandonment of traditional evaluation of the level of education through the individual characteristics of the future expert (University of Arts). To the credit system, focused on the transition from educational institutions to the group individually directed forms of learning, flexible enough to meet the needs of the education market, characterized by an attempt to take into account the amount of knowledge from the student, and a measure of which is a credit unit - a loan. Credit system is a practical embodiment of a new educational paradigm, so it is a choice selection of the Kazakhstan education, acceding to the European integration process (Bologna), and its introduction has become a strategic objective of the education system in universities of the CIS countries.

References

1. Barenboim L.A.. Questions of piano pedagogy and performance. - Leningrad, 1969. .
2. Vygodsky A.. Psychology of Art. – Moscow, 1968.
3. Gulyga A.V. The principles of aesthetic. - Politizdat, 1987.
4. Gurenko E. Problems of artistic interpretation (philosophical analysis) – Novosibirsk: Science, 1982.
5. Davydov V. The theory of developmental education. Moscow: Intor, 1996.
6. Mazel L. The nature and means of music. - Moscow, 1983.
7. Medushevsky V.V. On the laws and means of artistic influence of music. - Moscow: Music, 1976 - 254 c.
8. Savshinsky SI The work of the pianist. – Moscow, 1964.

О.В. Ворфоломеева

КРЕДИТТІК ЖҮЙЕДЕГІ ЖЕКЕ ӨНЕР МАМАНДЫҚТАР ТРАЕКТОРИЯСЫ

Жеке өнер траекториясы кредиттік жүйеде мамандық бойынша маңызды орын алады. Мақалада өнер мамандықтарына арналған тәжірибелер және бөлек амалдар жүйеленіп қаралды.

Түйін сөз: Вокалдық өнер, жеке траекториясы, өнер мамандықтары, БҚМУ, вокал педагогикасы.

О.В. Ворфоломеева

ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ТРАЕКТОРИИ ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ ИСКУССТВ В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ

В кредитной системе по специальностям искусства (бакалавр) индивидуальный подход не нов. Существует многолетний опыт различных отдельных методов в области искусства. Все они широко используются в воспитательной работе учителей на разных уровнях детских музыкальных школ и средних специальных учебных заведений (музыкальных училищ и колледжей искусств) и непосредственно в университетской системе высшего музыкального образования.

Ключевые слова: искусство, индивидуальные программы, специальности искусства, индивидуальное образование, культура Казахстана, Западный Казахстан, государственный университет, казахская музыка, музыкальное искусство Республики Казахстан.

УДК 599.369 (574.1)

С.Н. Бохорова - магистр, ст. преподаватель

E-mail: b_sveta_n@mail.ru

А.С. Бисенгазиева - магистр, преподаватель

E-mail: bisengazieva@mail.ru

А.Г. Жароева - магистр, преподаватель,

ЗКГУ им. М. Утемисова

E-mail: aliay_zhar@mail.ru

МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ ЗООЛОГИЧЕСКИХ ЭКСКУРСИЙ ПО ИЗУЧЕНИЮ ВОДНОГО БИОТОПА ВО ВРЕМЯ ЛЕТНЕЙ ПОЛЕВОЙ ПРАКТИКИ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ЗООЛОГИЯ БЕСПОЗВОНОЧНЫХ»

Аннотация. В статье рассмотрена методика изучения беспозвоночных животных во время проведения зоологической экскурсии на водный биотоп. Описана биология и экология наиболее распространенных видов беспозвоночных животных.

Ключевые слова: зоологическая, экскурсия, водный, биотоп, беспозвоночные, животные, простейшие, гидробионты.

Большое место для изучения биоразнообразия животного мира и механизмов их адаптации к различным биотопам в процессе летней полевой практики отводится экскурсии. Экскурсия основана на непосредственном восприятии студентами изучаемых объектов и явлений в естественной обстановке. Содержание экскурсий должно иметь непосредственную связь с пройденным теоретическим материалом на аудиторных занятиях. В то же время полученные на экскурсиях представления, результаты наблюдений и собранные материалы могут быть использованы на последующих занятиях по биологической экологии, эволюционному учению, энтомологии и др.

Экскурсии имеют большое познавательное и воспитательное значение. Они расширяют и углубляют знания учащихся, предоставляют возможность увидеть объекты природы в естественной среде, наблюдать взаимосвязь растений с почвой, животных с растениями. Это позволяет сформировать у студентов представление о природе как едином целом, в котором все части теснейшим образом взаимосвязаны.

Экскурсии проводятся непосредственно в природу на различные биотопы: водный, почвенный, закрытый (лес, лесополоса), открытый (степь, луг) и др.

Рассмотрим подготовку и проведение экскурсии на водный биотоп. Целью данной экскурсии является: овладение методикой сбора водных беспозвоночных животных; изучение водной среды как комплекса определенных жизненных условий; учебное исследование и составление характеристики конкретного водоема, фауну которого предстоит изучить студентам; выяснение видового состава животных данного водоема; выяснение приспособительных черт в организации водных обитателей в связи с условиями их жизни; изучение биологических особенностей некоторых видов, наиболее часто встречающихся в данном водоеме; выявление полезных и вредных обитателей водоема [1. с. 14].

Целесообразно проводить экскурсию небольшими группами в количестве 10-12 студентов. Руководитель знакомит с целью, задачами и методикой сбора водных беспозвоночных. Перед началом экскурсии студенты получают необходимое оборудование: гидробиологические сачки, эмалированные ванночки, жестяные экскурсионные ведерки, стеклянные банки с бечевкой вместо ручки, пробирки для отсаживания хищников, пинцеты, лупы.

Пресный водоем легко найти практически в любой местности, в том числе и в черте города. Река, озеро, пруд, арычная канава могут служить местом проведения экскурсии. Чаще всего мы организуем экскурсии на реки Чаган и Деркул. Обитатели этих водоемов многообразны и представляют самые разные экологические и систематические группы, но в то же время их не так уж и много и подготовить их краткую характеристику и рассказать о них будет несложно.

Прибыв на место проведения экскурсии, студенты проводят описание местности, погоды, а так же отмечают экологические факторы, влияющие на жизнь и распространение гидробионтов. Вначале наблюдают за естественным состоянием водных обитателей (водомерки, прудовики, гладыши, плавунцы и др.). После наблюдения приступают к лову животных с помощью гидробиологического сачка.

Сначала нужно ловить в толще воды, не касаясь дна, а затем уже на дне и вблизи береговой растительности. Извлеченный из воды сачок с водой и пойманными животными надо сразу же поместить в ванночку, а затем все содержимое сачка вытряхнуть в нее. Из ванночки пойманных животных выбирают пинцетом и перекладывают в стеклянную банку, в которую заранее наливается чистая вода из водоема и кладутся веточки элодеи.

Мелких животных (личинки паденок, низшие ракообразные), а также наиболее прожорливых хищников (личинки плавунцов, гладыши) необходимо отсаживать в отдельные пробирки.

Для сбора губок (бодяг) и кишечнополостных (гидр), которые поселяются на подводных растениях или упавших на дно ветках, нужно доставать из воды части зеленых подводных растений или мертвых веток и тщательно осматривать всю их поверхность через лупу. Части растений, на которых обнаружены указанные животные, помещают в стеклянную банку с водой. Для знакомства с фауной простейших исследуются капли воды, взятые из разных участков водоема при помощи микроскопа. В процессе камеральной обработки устанавливается видовой состав отловленных животных, используя различные определители: Е.М. Хейсин «Краткий определитель пресноводной фауны», А.Н. Липин «Пресные воды и их жизнь». Видовое разнообразие наших водных биотопов представлено следующими видами:

Амёбы (лат. *Amoeba*, от греч. «изменение») - род микроскопических одноклеточных организмов из семейства Amoebidae. У амёб неправильная, постоянно меняющаяся форма. Передвигается при помощи ложноножек (псевдоподий). Они состоят из тонкой наружной оболочки клетки, большого ядра, питательных и сократительных вакуолей и жировых глобул. Длина до 0,3 мм. Наиболее известен вид амёба протей (*Amoeba proteus*).

Эвглена (лат. *Euglena*) - род одноклеточных организмов из класса эвгленид (*Euglenida*). Размеры представителей рода варьируют от 30 до 200 микрон. У разных представителей клетки обладают веретенообразной,

цилиндрической или лентовидной формой; тупо срезаны на переднем и заострены на заднем конце. Основание жгутика расположено в крупном жгутиковом кармане на переднем конце тела. Эктоплазма тонкая, у некоторых видов снабжена спирально расположенными утолщениями или полосками. Хлоропластов обыкновенно несколько или один; одно ядро; пиреноиды у немногих видов. На переднем конце тела вблизи основания жгутика расположена стигма и система сократительной вакуоли, резервуар которой опорожняется в жгутиковый карман.

Инфузория-туфелька (лат. *Paramecium caudatum*) - организм получил своё название за постоянную форму тела, напоминающую подошву туфли. Размеры разных видов туфелек составляют от 0,1 до 0,6 мм. На поверхности клетки в основном продольными рядами расположены реснички, число которых - от 10 до 15 тыс. В основании каждой реснички находится базальное тельце. У туфельки 2 сократительные вакуоли в передней и задней части клетки. У туфельки имеется два разных по строению и функциям ядра - диплоидный микронуклеус (малое ядро) округлой формы и полиплоидный макронуклеус (большое ядро) бобовидной формы.

Суво́йки (лат. *Vorticella*) - род из семейства *Vorticellidae* отряда кругоресничных инфузорий, (лат. *Peritricha*), а также Ресничные инфузории. Одиночные или колониальные микроскопические формы до 0,23 мм в диаметре, ведущие неподвижный образ жизни, прикрепляясь с помощью длинной, сократимой ножки или стебелька к неподвижным предметам или к наружным покровам рачков и других животных. Тело имеет форму колокольчика, передний конец которого расширен наподобие воронки, образуя так называемую перистому, окаймленную околоротовым венчиком мерцательных пластинок.

Гидра (лат. *Hydra*) - род пресноводных сидячих кишечнополостных. Гидра прикрепляется к водным растениям или грунту. Длина тела гидры составляет 1-20 мм. Это одиночный малоподвижный полип. Тело гидры цилиндрической формы, на переднем конце тела на околоротовом конусе расположен рот, окружённый венчиком из 5-12 щупалец. У некоторых видов тело разделено на туловище и стебелёк. На заднем конце тела (стебелька) расположена подошва, с её помощью гидра передвигается и прикрепляется. Гидра обладает радиальной (одноосно-гетеропольной) симметрией.

Бадяговые (лат. *Spongillidae*) - семейство пресноводных губок из класса обыкновенных (*Demospongia*). Встречаются на подводных предметах в виде неправильных или древовидных обрастаний до 1 м в длину. Живые бадяги окрашены в зелёный, жёлтый или коричневый цвет. Скелет бадяг состоит из кремниевых спикул и белка спонгина.

Пиявки (лат. *Hirudinea*) - подкласс кольчатых червей из класса поясковых (*Clitellata*). Самый крупный представитель - *Haementeria ghilianii* (до 45 см). Передний и задний концы тела пиявок несут присоски. На дне передней располагается ротовое отверстие, ведущее в глотку.

Беззубка, пресноводный двустворчатый моллюск отр. Пластинчатожаберных. Тонкостенная раковина беззубки в длину достигает 20 см, изнутри покрыта слоем перламутра. Створки раковины лишены зубов, образующих замок (отсюда название моллюска); они удерживаются вместе двумя мышцами-замыкателями. Беззубка перемещается по дну со скоростью 20–30 см/ч.

Водомёрки (лат. *Gerridae*) - семейство полужесткокрылых насекомых из подотряда клопов (*Heteroptera*). Наиболее распространены виды рода *Gerris*. Живут на поверхности воды. Тело и кончики ног покрыты жёсткими несмачиваемыми в воде волосками, благодаря чему водомерки приспособлены к скольжению по воде. Тело длиной 1–30 мм, тёмно-коричневого, бурого цвета. Имеют колюще-сосущий ротовой аппарат (хоботок).

Водяные скорпионы (лат. *Nepidae*) - семейство водяных клопов (лат. *Hydrocores*) из подпорядка разнокрылых (лат. *Heteroptera*), отряда полужесткокрылых насекомых. Тело их плоское, расширенное или удлинённое; голова большая, погруженная в переднегрудь, с большими сетчатыми глазами, но без глазков; хоботок свободный, трехчленистый; сяжки короткие, 3-4-членистые, скрытые в ямки под глазами. Полунадкрылья с явственной перепонкою. Передние ноги длинные и толстые (хищные ноги); задние - покрытые ресничками, но не сплюснутые (плавательные ноги). У некоторых на конце брюшка находятся две дыхательных трубки.

Водолюбы (лат. *Hydrophilidae*) - семейство водных насекомых отряда жесткокрылых. Ноги жуков водолюбов (*Hydrophilidae*) снабжены плавательными волосками, но эти водные жители плавают неважно, а потому предпочитают держаться поближе к берегу, в зарослях водных растений. Большинство водолюбов - мелкие или очень мелкие жуки, но самый крупный водолюб черный (*Hydrophilus piceus*) достигает длины 4,7 см. От плавунцов его легко отличить по внешним признакам - одноцветной темной окраске, очень коротким усикам с булавой на концах и треугольным расширениям на лапках передних ног у самца [2. с. 247].

Личинки стрекоз можно разделить, в общем, на три группы: а) Личинки типа стрекозы-коромысла (*Aeschna*) с удлинённым телом и плоской маской. Сюда относятся самые крупные виды, сходные между собой. б) Личинки типа обыкновенной, или настоящей стрекозы (*Libellula*) с более коротким и широким телом, чем предыдущие. Маску имеют шлемовидную. Держатся преимущественно на дне, часто в слое ила. в) Личинки типа лютки (*Agrion*) с весьма длинным вытянутым телом, которое на заднем конце имеет листообразные жаберные пластинки [3. с. 320].

Результаты работы на экскурсии отмечаются в дневнике в виде описаний, зарисовок, таблиц и предварительных выводов. Собранный на экскурсии материал оформляют соответствующим образом и используют на различных занятиях.

Литература

1. Н.Г. Кременецкий. Учебно-полевая практика по зоологии беспозвоночных. - М.: Просвещение, 1959. - 145 с.
2. А.Н. Липин Пресные воды и их жизнь. - М.: Учпедгиз, 1950. - 406 с.
3. Б.Е. Райков, М.Н. Римский-Корсаков. Зоологические экскурсии. - Ленинград: Учпедгиз, 1956. - 690 с.

С.Н. Бохорова, А.С. Бисенгазиева, А.Г. Жароева
«ОМЫРТҚАСЫЗДАР ЗООЛОГИЯСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША
ДАЛАЛЫҚ САРАМАН КЕЗІНДЕ СУ БИОТОПЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗООЛОГИЯЛЫҚ
ТОПСЕРУЕН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада зоологиялық экскурсия жүргізу барысындағы су биотобында тіршілік ететін омыртқасыз жануарларды зерттеу әдістемесі қаралған. Көп таралған омыртқасыз жануарлардың биологиясы мен экологиясы жазылған.

Түйін сөз: зоологиялық, топсеруен, су, биотоп, омыртқасыздар, жануарлар, қарапайымдылар, гидробионттар.

S.N. Bohorova, A.S. Bisengaziva, A.G. Zhariova
METHODS SYSTEMS STUDYING BRINGING IN OF INTERTEBRATED ANIMALS
TO REALIZATION O ZOOLOGICAL EXCURSION DURING OF SUMMER FIELD
PRACTICE

The article had considered by methods systems studying bringing in of invertebrate animals to realization o zoological excursion during of summer field practice. Described biology and ecology of the most widespread types of invertebrate animals.

Key words: zoological, excursion, water, biotope, invertebrates, animal, simplest, hidrobiont.

УДК 0012:37.011.31

*А.С. Бекенова – магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Inabat.77@mail.ru*

БОЛАШАҚ ҚҰЗЫРЕТТІ МҰҒАЛІМ ДАЙЫНДАУДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада білім сапасын арттырудағы инновациялық ақпараттық-педагогикалық технология және олардың түрлері талданып, оларды болашақ құзыретті мұғалім дайындауда қолдану тиімділігі қарастырылған. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастыратын көрсеткіштер анықталған. Инновациялық технологияны қолдану «Инновациялық технология» элективті курсын оқытудағы мысалдар арқылы дәлелденген.

Түйін сөз: инновация, технология, инновациялық ақпараттық-педагогикалық технология, модификация, білім, ақпарат, мотивация, құзыретті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында жаңа кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі «...осы заманғы білім беру, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды пайдалану мамандарды дайындау сапасын көтеруге басты себеп болатын, инновациялық экономиканы дамыту» деп атап көрсетілген, сондықтан да еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты білім беру жүйесіне қойылған жаңа талаптарға сай студенттердің белсенділік пен дербестік қабілеттерінің жетілуіне әсер ететін жаңа ақпаратты технологияларды қолдану, оның әлемдік білім кеңістігіне енуіне жол ашуда.

Болашақ маман жоғары оқу орны аудиториясында қалыптасады, одан болашақ түлектің біліктілік деңгейі анықталады. Сондықтан жоғары мектеп

педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, іскер және құзыретті маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Оқу үдерісін белсенділендіру – берік те тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оқу үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыру және т.б. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады.

Тұлғалық бағдарлы және синергиялық (өзін-өзі дамыту) парадигмалары ең алдымен білім беру үдерісінің субъектілеріне ерекше талаптар қойып, жаңа инновациялық білім беру ортасын қалыптастыруын талап етеді. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесі инновациялық орта ретінде қалыптасып келеді. Әлбетте, ол жаңа білім мазмұны мен инновациялық білім беру технологиялары мен әдістерді, яғни инновациялық ұйымдастыру-дидактикалық шарттарын қамтитын инновациялық білім беру жүйесін дамытуды талап етеді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың инновациялық технологияларын меңгермейінше, сауатты, әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі

“Инновация” ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді [1].

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. ” Масырова Р.Линчевская Т – “Жаңару” дегенімізді былай деп түсіндіреді: “Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады;

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- ақпараттық бағдарламалық оқыту - оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала-субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады [2].

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жа-тады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады. Олай болса, инновациялық ақпараттық-педагогикалық технология ұғымын білім саласы, ақпарат көзі, ақпараттық технология маманы іс-әрекетінің құралы ретінде 1-кестеге сәйкес анықтауға болады.

Кесте 1.

Инновациялық ақпараттық-педагогикалық технология ұғымы

Білім саласы ретінде	✓ Оқу курсын меңгеру кезіндегі құбылыстарды, объектілерді, заңдарды және олардың жиынтығын сипаттайды; ✓ Бір объектінің әр түрлі қасиеттерін немесе әр түрлі ғылыми позициялары бар бірнеше пәндер бойынша пәндік саланы меңгертуді қамтиды; ✓ Берілген міндеттің жүзеге асу тәсілдері мен құралдарын таңдай білуді жоспарлайды ✓ Орасан зор ақпараттарға негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.
Ақпараттар көзі ретінде	✓ АТ-мамандарына арналған ақпараттар, ақпарат көздерін электронды тасымалдаушылар: бағдарламалау тілдері бойынша анықтамалық ақпарат, бағдарламалық өнімдерді өңдеуге арналған арнайы сайттар, әр түрлі форумдар, чаттар, олардың болашақ іс-әрекеттерімен немесе оған дайындалумен байланысты сұрақтарды талдайтын пәндік сала тақырыптары бойынша конференциялар, электронды журналдар; ✓ Есептеу техникасы, бағдарламалық құралдар, бағдарламалық өнімдерді өңдеу құралдарының, ақпараттық жүйелердің өзгерістерін бейнелейді.
АТ- маманының іс-әрекетінің құралы ретінде	✓ Қазіргі бағдарламалау тілдері, әр түрлі редакторлар (графиктік, мәтіндік); ✓ Меңгерілетін тіл ортасын жүктеуге мүмкіндік береді, оның мүмкіндіктері мен компоненттерімен таныстырады; ✓ АТ-мамандарының болашақ іс-әрекетінде көрініс табатын бір объектіні әр түрлі жағдайларда қарастыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық ақпараттық-педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Педагогикалық жаңалықтарды жасау, меңгеру және қолдану енетін мұғалімдер мен тәрбиешілердің іс-әрекетінің инновациялық бағыты білім беру жүйесін жаңарту құралы болып табылады [3;229-232 б]. Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы мұғалім кеңесші, тәрбиеші, жетекші функцияларын одан әрі меңгереді. Бұл мұғалімнен педагогика және психология, тәрбиелеу және оқыту технологиясы салалары бойынша арнайы психологиялық-педагогикалық дайындықты қажет етеді. Педагогикалық инновацияны түйсіну, бағалау және жүзеге асыру осы дайындық негізінде жүзеге асады [4]. Сондықтан болашақ мамандардың жаңа

инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыруын мына көрсеткіштер арқылы анықтауға болады:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп-тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады [5].

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Жаңа ғасырға білімді адам болып білімді, инновациялық технологияларды жетік меңгергенде ғана еруге болады. Өйткені халықтың іс-әрекеті барған сайын олардың ақпараттануына, компьютердің және телекоммуникацияның көмегімен алған ақпараттарын тиімді өңдеу қабілетіне байланысты.

Бұл жоғары кәсіби білім беру жүйесінің алдына студенттердің инновациялық ақпараттық-педагогикалық технологияны практикалық әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру міндетін қояды.

Осы мақсатта информатика кафедрасында болашақ құзыретті мұғалімдерді дайындау барысында «Инновациялық технология» элективті курсы оқытылады. Курстың мақсаты - қазіргі білім парадигмасы негізінде болашақ информатика мұғалімінің тұлғасын қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда төмендегідей міндеттер қойылды:

- Қазіргі педагогикалық технологиялар туралы түсінік қалыптастыру;
- Оқыту технологиялары туралы нақты білім мен қолданудың практикалық білігін қалыптастыру, инновациялық іс-әрекетке баулу.

Сабақтар оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы өткізіледі. Студенттер кәсіби білім мен құзыреттіліктерді меңгереді. Студенттер практикалық сабақтарда информатика пәні бойынша жеке тақырыптар бойынша инновациялық технологияларды пайдаланып сабақтар өткізеді. Мысалы, атап айтсам, «Paint графиктік редакторы» тақырыбын қайталауда деңгейлеп саралап оқыту технологиясын, «Power Point бағдарламасының мүмкіндіктері» тақырыбында жобалап оқыту технологияларын қолдану арқылы өткізілген сабақтар өз нәтижесін берді. Пәнді оқу арқылы студенттер өз мамандықтары бойынша білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды меңгерсе, ал оқытушы болашақ құзыретті мұғалім дайындауда кәсіби біліктілігін одан әрі жетілдіріп шығармашылық ізденісін шыңдайды.

Білім сапасын арттырудағы инновациялық ақпараттық-педагогикалық технологияны талдай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологиялардың түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай болуы керек.

Қорыта келе, болашақ құзыретті мұғалім дайындауда инновациялық технологияларды қолдану - кәсіптік және құзырлылық деңгейі жоғары, өндірістің қарқынды даму жағдайына тез бейімделе білетін, кездескен мәселенің шешімін өздігінен дербес жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудың негізгі құралы деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Алексеева, Л.Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента/ Л. Н. Алексеева// Учитель. - 2004. - № 3. - с. 78.
3. Сластенин В.А. и др. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В.А. Сластенина. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 576с.

4. Клименко Т.К. Инновационное образование как фактор становления будущего учителя. Автореф. Дис. Хабаровск, 2000. – 289с.

5. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004

А.С. Бекенова

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ
В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ КОМПЕТЕНТНОСТНЫХ УЧИТЕЛЕЙ**

В статье рассматривается анализ повышения инновационных технологий качества в образовании, их эффективность в подготовке будущих компетентностных учителей.

Ключевые слова: знание, информация, технология, инновационная информационно – педагогическая технология, модификация, компетентность, мотивация, инновация

A.S. Bekenova

**THE EFFICIENCY OF USING INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TRAINING FUTURE
TEACHER'S COMPETENCY**

The article deals with the analysis of innovative technologies in improving the quality of education and their efficiency in preparing future teachers' competency.

Key words: knowledge, information, technologies, innovative informative pedagogical technologies, modification, innovation, competence.

УДК 796 799: 378

И.С. Абдрахманов - оқытушы-магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Ibraim_Samatovich@mail.ru

**МЕКТЕПТЕГІ «ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ» ПӘНІ БОЙЫНША
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДЫҢ ӨЗГЕРМЕЛІ БӨЛІГІНЕ
ВОЛЕЙБОЛДЫ ЕНГІЗУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ
АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Андатпа. Волейбол оқушылардың бойында қажетті физикалық қасиеттерді дамытады. Бағдарламаның өзгермелі бөліміндегі волейбол допты қабылдау және кері беру техникасын дамытады. Волейболда тактикаға баса мән беріледі.

Түйін сөз: дене шынықтыру, өзгермелі бөлім, волейбол.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі кезеңі халықтың әр түрлі топтарының және денсаулық жағдайына талаптарды жоғарылатумен сипатталады.

Қазіргі уақытта балалардың дене қозғалысы белсенділігінің жетіспеушілігі олардың қалыпты дене дамуын тежейді, денсаулығына қауіп төндіреді. Осындай себептердің бірі – оқытушыға оқушылардың тілектерін, олардың қызығушылықтарын, сонымен қатар, мектеп мүмкіндіктерін ескермейтін оқу бағдарламасының шектен тыс ережелерге бағындырылуы. 90-шы жылдардың басында дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің альтернативтік формаларын құру қажеттілігі оқушыларды денелік тәрбиелеу

бағдарламаларының тиімді нұсқаларының пайда болуына әкеледі. Дене тәрбиесі мен спорттағы бірегей оқытып үйрету және тәрбиелеу үрдісі тек қана дағдылары мен біліктілікті арнайы спорттық қабілеттерді дамытуға бағытталып қана қоймайды, сонымен бірге адамды жеке тұлға ретінде қалыптастырады.

Жеке тұлғаның қалыптасуы тәрбиенің барлық жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі және адамның сан түрлі қызметі түрлерінде әлеуметтік айқын белсенділігі үрдісінде жүреді.

Кемеліне келіп дамыған қазіргі қоғам жағдайындағы адамның еркі мен міндетінің өзара байланыстылығына егеменді еліміздің өскелең өнегелі ұрпақтарының өмір бейнесі қызмет етеді. Психологиялық тұрғыда жеке тұлғаның психикалық құрылымының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Психикалық құрылым - бұл жеке тұлғаның ерекшеліктерінің тұрақты қатынас бірлігіндегі бағыттылығының, сипатының, сыртқы әсерлерді сезгіштігінің, қабілеттерінің көрінуі, жеке тұлғаның интеллектуалдық, сезімдік және жігерлілік процестерінің өтуі.

Бұл ерекшеліктерді жеке тұлғаның нақтылы ауқымдығы және іс жүзіндегі қызметінің әр түрлілігіндегі белсенділігін іске асырудың маңызды бөлігіндегі психомоторлы өрісінде де көрінеді. Оларды жетілдіру және бекіту процесі екі бағытта жүреді. Олардың біреуі психикалық қасиеттерді, жағдайларды және процестерді жалпы жетілдіру. Ол іскер жеке тұлғаның белсенділігін өмірде және өзінің әр түрлі қызметінде көрсетуге мүмкіндік жасайды. Ал екіншісі психикалық қабілеттерді, жағдайын, процесті арнайы бағытпен жетілдіру болып табылады.

Бұл қызметтің әрбір ынталы түрінің талаптарымен, ерекшелігі жағдайларымен анықталады.

Дене тәрбиесі мен спорттық қызмет жүйесінде жеке тұлғаның қалыптасуы осы екі бағытта жүреді. Сондықтан да дене мәдениетімен және спортпен шұғылданушыларда жаңа қоғамның озық ойлы адамдары үшін таңдап алған спорт түріндегі жеткен жоғары нәтижелеріне байланысты дене сапаларын арнайы бағытта дамытатын жеке тұлғаның құрылым бейнесі қалыптасады.

Жалпы және арнайы бағытта дамыған психикалық құрылымы жиынтығын әскер спортшының жеке тұлғасын егеменді еліміздің азаматы ретінде және оның жеке қайталанбайтын спорттық талантын сипаттайды. Жеке тұлғаның психикалық құрылымын қалыптастыру процесінде қоғам мен мемлекет, оқыту және тәрбиелеу қызметі міндеттеген арнайы институттар басты роль атқарады. Алайда өскелең өмір ұрпақтары білімді, білікті, өмір сүрудің жалпы талаптарын және мінез-құлық дағдыларын бағытты қалыптастырудың енжар пайдаланушысы емес, керісінше іскер жеке тұлға ретінде бұлар арқылы қаруланады және жан дүниесін байытады.

Осындай жеке тұлғаның жетілуі және өзін-өзі жетілдіруі өзара сіңісу процесінде дене тәрбиесі мен спорт қызметі отандық тәрбие жүйесінің бөлінбейтін бөліктерінің бірі болып табылады.

Егеменді еліміздің жеке тұлғасы ретінде спортшыларының қатынастық жүйесін, психикалық қырларының жалпы бағытын азамат ретінде сипаттайтын жағы идеялық ұстанымында, Отан сүйгіштігінде, Отанға және қазақ халқына берілгендігінде, өз ісіне және қылығын жауапкершілікпен сезінуінде көрінеді.

Жеке тұлға ретіндегі Қазақстан спортшыларының типтік сипаты мыналар болып табылады:

- іске байланысты қатынаста: мақсатқа ұмтылушылық, еңбексүйгіштік, адалдық, дербестік және шығармашылық, табандылық;
- ұжымда және басқа адамдармен қатынаста: ұжымшылдық, тілектестік, сыншылдық, талапшылдық, тазалық, риясыздық, ықыластылық, әдептілік, басқаға жәрдем беруге дайын болу;
- өзіне-өзі қатынасында: шегіне дейінгі талапшылдық, талаптанушылықтың жоғары деңгейі, принципшілдік, өзіне-өзі сын көзбен қараушылық, сенімшілдік, ішкі тәртіптілік, мұқияттылық, сыпайылық, өзін-өзі құрбан ету қабілеттілігі.

Адамгершілік қатынастың жиынтығы көрінетін жеке тұлғаның орнықтылық белгісі мінез құрылымын көрсету болып, ал мінез жеке тұлға құрылымындағы өзегі болып табылады. Сондықтан бұл сипат белгілерін жалпы бағыттылық бірлігінде спортшы жеке тұлғасының психикалық құрылымының негізгі сипаты ретінде санауға болады. Олар спорттағы барлық өмір жолы барысында барынша үлкен айқындық алады, нығаяды, жетілдіріледі және басқа да психикалық процестердің, жеке тұлға қасиеттерінің арнайы бағыттталып дамуы, оның ішінде спортшы талантын ашу үшін қызмет етеді. Олар жеке тұлғаның барлық басқа өмірі, өрісі мен қызметінде барлық өмір жолы барысында психикалық құрылымның көріну негізін құрайды. Жоғарыда мысалға келтірілген жеке тұлғаның психикалық құрылым белгілерінің әр түрлі ұнамсыздары, жалпы әрбір спортшыда көрінуінің, жекелеген айырмашылығы болатыны жасырын емес. Бұл белгілер әрбір спортшыда жеке әр түрлі деңгеймен қалыптасқан: біреулерінде - бір белгілері, ал екіншісінде - басқасы ерекше көрінеді. Қалай болғанда да өркениетті еліміздің спортшылары үшін олар әдеттегідей тән.

Жеке тұлғаның психикалық құрылым белгісін немесе спорттың маңызды сапаларын арнайы бағытпен дамытуды мысал ретінде ғана қарауға болады. Өйткені олар әрбір спорт түрінде ғана ерекшеленбейді, сонымен бірге олар әрбір тар мамандықта, айталық спринтерлік немесе стайерлік жүгіруде, шаңғымен трамплиннен секіруде және т.б. ерекшеленеді.

Сананың ерекшелігі әр түрлі спорт түрлерінің өкілдерінде тек әр түрлі болып қалмайды, жүзгіштерде «суды сезіну», мәнерлеп сырғанаушыларда «мұзды сезіну», семсерлесушілер мен боксшылар да «ара қашықтықты сезіну», футболшыларда «допты сезіну», биіктікке секірушілерде «планканы сезіну» және т.б. Бұл іс жеке тұлғаның сезінуден бастап жігерлілік қасиеттерімен аяқталатын психикалық дамуының әмбебап заңы болып табылады. Психологияда бұрыннан түсті сезіну, дыбысты және дәмді айыру сәйкес сала кәсіби қызметкерлері үшін, яғни тоқыма өнеркәсібі жұмысшылары, музыканттардың және дәрігерлердің, дәм айырушылардың және т.б. заңдылықтары белгіленген.

Бірақ барлық бағдарламалар толық көлемде барлық аймақтық жағдайды, ұлттық дәстүрлерді, оқытушы мен балалардың талаптарын ескеруге рұқсат етпейді. Сондықтан мектептегі дене тәрбиесін қайта құруға бағытталған зерттеулер жалғасуда. Олармен ең алдымен оқытушының шығармашылық ынтасын жоғарылатуда пайдаланылатын құралдар мен әдістердің құрамын кеңейтумен байланысты.

Жоғарыда көрсетілгендерді талдай отырып, біздің зерттеудің проблемаларының арасында келесідей мәселелер зерттелгендігін қорытындылауға болады.

Зерттеу проблемасы оқушыларды ынталандыру есебімен спорт түрлерінің вариативтік бөлігінде пайдалану, оқушылардың физикалық дайындығының деңгейін, сабақтық жоғарылату қажеттігі мен оқу процесінде оларды өткізу бойынша ғылыми-негіздемелік ұсыныстардың жеткіліксіздігі арасындағы қайшылыққа негізделеді.

Оқушыларды физикалық тәрбиелеу жұмысы аясында қазіргі уақытта негізінде спорттық-диагностикалық нормативтерді пайдалануға негізделеді. Өсіп келе жатқан ұрпақты физикалық тәрбиелеуде тәрбиелік және гуманистік қызметтерді ескеру қажет.

В.И.Столяровтың[2] пікірлері бойынша ерте шақтан бастап адамды физикалық, әлеуметтік-психологиялық және логикалық тәрбиелеудің органикалық бірлігіне жетуі, сонымен қатар таза тұрмыс қалпын жүргізуге тұрақты қажеттілігін тәрбиелеу мақсатымен оның ынталы-қажетті сферасына міндетті түрде әсер етуі қажет.

Дене тәрбиесі және спорттың сабақтарға қатынастың негізгі детерминанттары ретінде мектеп жасына дейінгі балалардың және оқушылардың қатысуымен жүргізілген әлеуметтік зерттеулерінде мыналар ескеріледі: жасы, жынысы, тұлғаның жеке психологиялық қасиеттері, өмір сүру жағдайы, жақын ортасы, дене тәрбиесі-спорттық қызметтік білімі және оның адамға әсері. Мектепте тәрбиелеу процесін ұйымдастыру кезінде оқушылардың физикалық белсенділігін тексеруде жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Төменгі сынып оқушыларында дене тәрбиесімен айналысу ынталары тұрақсыздығымен сипатталады.

Орта және жоғары сынып оқушыларының ынталары салмақтылығымен, тұрақтылығымен және үлкен әлеуметтік маңыздылығымен ерекшеленеді, сонымен қатар олар күшейтуді қажет етеді.

90-шы жылдардың басында жүргізілген американдық ғалымдардың зерттеулері тек қана оқушылардың 80,3%-ы ғана дене тәрбиесі сабағына қатысатындығын дәлелдеді. Және де бұл көрсеткіш оқушылардың жоғарғы сыныптарға көшуі кезінде төмендеу тенденциясына ие. Егер ол бесінші сынып оқушыларының арасында 90% ер балаларда және 97,4% қыз балаларда құраса, ал жоғары сыныптарда ер балаларда 55,7% және қыз балаларда 48,5%-ға дейін төмендейді.

12-13 жастан бастап дене тәрбиесі белсенділігі ер балалар мен қыз балалардың қатынасындағы айқын өзгешелік К.К:Кардялистің [3] зерттеулерінде белгіленген. Бұл уақытта ол тұрақты сипатқа ие және елді-мекеннің аймақтық және климаттық-географиялық жағдайына байланысты болмайды. Ер балаларда дене тәрбие белсенділігі 7-11 сыныптарда, қыз балаларда 5-8 сыныптарда белгіленеді.

Әлеуметтік мінез-құлықтың ішкі реттеуіштері ретінде алға шығатын тұлғаның жеке психологиялық қасиеттері спорттық қызметтің сол не басқа түрлерін таңдауға әсер етеді.

Авторлардың оқушылардың дене шынықтыру және спортқа қызығушылығын қалыптастыруда дене тәрбиесі мұғалімінің әсері зор екендігі жөнінде пікірлері бір жерден шыққан. Кейбір зерттеулер мектеп мұғалімдерінің, ата-

аналардың және қоғамның бірыңғай қызметінің негізгі байланысы кезінде оқушылардың дене шынықтыруды дамыту бағытында жетістіктер болуы мүмкін деп есептейді.

Сараптамалық зерттеулер қатарында оқушылардың ата-аналармен ағартушылық жұмысы арқылы олардың дене шынықтыру және спорттық белсенділігін жоғарылату әрекеті қабылданды.

Дене тәрбиесіне оқушылардың қызығушылығын арттыруда спорттың әр түрін, соның ішінде қозғалмалы ойындарды пайдаланудың әсері зор екенін ескеру керек. С.В.Воробьевтың [4] зерттеулері бойынша дене тәрбиесі сабақтарына самбо күресінің элементтерін кірістіру балалардың негізгі дене қасиеттерін дамыту динамикасына әсер етеді. Бұл тәсіл жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларының дене тәрбиесі сабағына қатысуларын жоғарылатып қана қоймай, сонымен қатар, олардың физикалық дайындықтарын жоғарғы деңгейге көтеруге көмектеседі.

Зерттеулер қатарында оқушылардың қозғалмалы ойындарға жоғары қызығушылығы байқалады. Мысалы, Карачево-Черкессидің сауалнамасын 1100 жоғарғы сынып оқушыларына Ю.А.Джубаев жүргізді. Ол жыл сайын оқушылардың 55 пайызы денсаулығына байланысты 7-10 күн және одан да көп сабақ қалдыратындығын белгіледі. Сауалнама жүргізілген оқушылардың 76 пайызы аптасына алта сағаттан аз дене шынықтырумен айналысады. Жоғарғы сынып оқушыларының 56,7 пайызы сабақтың ойын формаларын жүйелі түрде пайдаланады.

Дене тәрбиесінің қазіргі заманғы теориясы ойынды әрекет ететін педагогикалық құрал ретінде анықтайды және ең алдымен ойынның мазмұнына назар аударуды ұсынады. Себебі ойынның мазмұнының тәрбиелік мәні зор.

Ойын – бұл әлемді танудың жолы. Ойын процесінде балалар өмірдің әр түрлі жақтарын біледі, маңызды ақпарат алады. Ойын баланың ой-өрісін, байқағыштығын, зерделілігін дамытуға әсер етеді. Бала әрдайым әрекет етуге ұмтылады және осы қажеттілікті ойында қанағаттандырады.

Спорт және қозғалмалы ойындармен айналысуда, сабақты ұйымдастыру әдістері мен құралдарын таңдауда оқушылардың жас ерекшелігін ескеру керек. Әр түрлі жастағы оқушылармен сабақты жүргізу әдістемесі оқушылардың анатомия-физиологиялық және психикалық ерекшеліктеріне және ағзаға әр түрлі ойындардың әсер ету сипатына байланысты болады.

Дене шынықтыру мен спорт қызметіне оқушылардың қатынасына ақпараттық әсер етудің педагогикалық негіздерін жасай отырып, К.К.Кардялис [3] Каунас Мәскеу қалаларының орта мектеп оқушыларының 37 мыңнан астамына сауалнама жүргізді. Бұл аймақтарда спорт және қозғалмалы ойындармен ер балалардың 81,5 пайызы, ал қыз балалардың 68,4 пайызы айналысатындығы белгілі болды. Осылай, респонденттердің көпшілігі дене тәрбиесі сабақтарында футбол, баскетбол, волейбол, гандбол, үстел теннисі және халық ойындарымен айналысу керектігін айтты. Спорттың басқа түрлерін айтсақ, онда: спорт гимнастикасы - 18,5%, жеңіл атлетика - 38,2%, кросс - 23,1%, жүзу - 50,3%, туризм және спорттық бағдарлау - 29,5%, атлетикалық гимнастика - 55,5% аэробика - 39,3%, бірыңғай күрес - 17,3%, дәстүрлі емес спорт түрлері - 31,2%.

Ойын физикалық дайындау құралдары арасында мектеп оқу процесінде жеткілікті орын алады. Олар жасы мен жынысына байланыссыз

оқушылардың арасында жетістікке ие. Егер олар сабақта өтетін оқу материалдарымен байланысты болса, олардың рөлі жоғарылайды.

Спорт ойындарымен айналысу қозғалыстың өзгермелі құрылымдарымен динамикалық шапшаң-күшті сипатқа ие. Барлық спорт ойындарында ситуациялық, стандартқа сәйкес емес қозғалыстар өсіп келе жатқан организмнің қозғалмалы мүмкіндіктерін жетілдіруге, орталық жүйке жүйесінің аналитика-синтетикалық қызметіне, қозғалмалы және бағдарлық талдауыштық қызметін жетілдіруге жоғары талаптарды қояды, бұл жүйелерге едәуір әсер етеді.

Осылай, оқушылардың физикалық дайындығына талдау жүргізе отырып, А.В.Гончарова [5] оқушы-волейболшылар өздерінің құрдастарынан барлық негізгі параметрлері бойынша басым болатындығын анықтады. Осы сараптама балалардың волейболмен айналысу тілегі елеусіз қалмайтындай рөл атқарды.

Арнайы әдебиеттердің мәліметтерін талдау негізінде көптеген елдердің орта мектептері үшін спорт белсенділіктерінің жалпы түрлерінен сол немесе басқа да спорт ойындарының базалық элементтерін меңгеру, сонымен қатар спорттың басқа да түрлерімен тікелей айналысу болып табылатындығы жөнінде қабылдауға болады. Ұлыбритания мен Австралияда оқушылар жұмасына төрт рет дене шынықтырумен айналысады, соның ішінде екі сабақ толықтай ойын физикалық белсенділігіне арналады. Өте танымал және таралған болып футбол, баскетбол, волейбол сияқты спорт ойындары болып табылады.

Осылай орта мектепте дене тәрбиесі сабақтарының тиімділігін жоғарылату проблемасы бойынша әдебиеттерді талдау нәтижелері сабақтың бағдарламасын таңдау кезінде оқушылардың қызығушылықтарын, осы елді-мекеннің аймақтық ерекшеліктерін, мектептің материалдық базасының барын және мұғалімнің мамандандырылуын ескеру қажеттігін пайымдауға көмектеседі. Волейболдың құралдарын айрықша пайдаланумен дене тәрбиесі сабақтарының негізделген бағдарламасының жоқтығы осы күнгі зерттеуді өткізу үшін негіз болды.

Әдебиеттер

1. Вавилов Ю.Н. Концептуальные предпосылки перестройки школьной системы физического воспитания в СССР //Теория и практика физической культуры. – 1990. - № 4. – С.54-60.
2. Столяров В.И. Проект «СпАрт» и новая комплексная система физкультурно-спортивной работы с целью духовного и физического оздоровления населения России (основные идеи и первые итоги реализации) // Теория и практика физ.культуры. – 1993. – № 4. – С. 10-14.
3. Кардялис К.К. Педагогические основы информационного воздействия на отношение школьников к физкультурно-спортивной деятельности: автореф. дис. ...докт.пед.наук. – М.,1990.- 47с.
4. Воробьев С.В. Оптимизация физической подготовки школьников на основе занятий борьбой самбо: Автореф. ... канд.пед.наук. – Краснодар, 1996. – 18с.
5. Гончарова А.В. Повышение надежности защитных действий волейболисток с учетом решения спортивных двигательных задач ////Физическая культура: воспитание, образование, тренировка – 2008. - № 5. – С. 46 – 48.

И.С. Абдрахманов
XVIII ғасырдың 70 жылдары Абылай хан ұлдарынан Уәли сұлтан Солтүстік Қазақстанда, Сүйік пен Шам солтүстік-шығыс пен Балқаш аудандарында, Қасым Орталық Қазақстан мен Бурабайда, Әділ сұлтан Ұлы жүздегі үйсін руларында, ал хан бауыры Сұлтанмәмбет пен баласы Орыс сұлтандар Баянауылда тұрақтады. Территориялық орналасуға назар аударсақ Уәли сұлтанның орыс шебіне жақын жерлерді жайлағандығы байқалады. Мұның өзі оған үлкен жауапкершілікті жүктеді. Уәли де оны толық сезінді. Шекарадағы орыс әскерілерінің жүгенсіздігі әрдайым қазақтар наразылығын туғызатын. Мұндай жағдайда қаруға сенген әскерилер ел тонауға шығатын. Ол турасында Абылай хан 1777 жылы 9 маусымда А.Д.Скалонға Железин, Троицк, Бағлан бекіністері командирлерінің қазаққа қиянатын жеткізіп, «мұндай бассыздық қашан тыйылады» деп ашық жазды. Оны тоқтату мақсатында Тоғым сұлтан бастаған Абылай елшілері 1778 жылы ақпан айында Ресейге аттанды. Елшілік арқылы хан өзін барша қазақтың ханы ретінде 1771 жылы сайланғандығын да хабарлады. Соған қарамастан Ресей өз жоспарына сәйкес 1778 жылы 24 мамырда Абылайды Орта жүз хандығына бекітті. Патша Абылай ханға грамота, аты жазылған қылыш, бұлғын ішік, және қара сусар бөрік жолдады [10, с.90]. Араға уақыт сала қазақ ханы түрлі сылтаулармен оны алудан бас тартып, өзінің оған зәру еместігін дәлелдеді.

Тоғым сұлтан оралғаннан кейін, Я.Усмановтың анықтауынша, Абылай хан ұлдарын, би-батырларын жинап, арнайы кеңес өткізеді. Кеңесте елдің оңтүстігіндегі қырғыздардың шабуылдарын тоқтату жолдары талданады. Содан хан 1779 жылы тамыз айында өзі бастап, жанына 5 ұлы, 2 әйелін ертіп Түркістанға жол тартады. Орынбор губернаторы И.Рейнсдропқа жолдаған хатында хан өзі бұл жерден (Көкшетаудан) аттанып бара жатса да, бір ұлын ел ағаларымен бірге осы жерде қалдырғандығын хабарлайды. Ол турасында М.Бекчурин 1780 жылы 16 маусымда «Абылай ханның мұндағы отбасы ұлы Уәли сұлтанның жауапкершілігінде, қалған жұрағаттары Сібір шебіне таяу жерді жайлап қыстайды» деп анықтайды [11]. Кейін Орынбор кеңсесіне Абылай ордасында хатшылық қызмет атқарған Я.Усманов ханның оңтүстіктегі жеңістерімен қатар тыңшылық мәліметтерін тапсырады. Я.Усмановтың жазуына сенсек, Абылай хан жанында болған Шыңғыс, Есім сұлтандар, Дат батыр Көкшетауға 1780 жылдың қазан айында қайтып келіп, әкелерінің алдағы жылы көктемде келетіндігін хабарлаған. Хатшы Уәлидің әкесіне хат жолдап, елге қайтуын өтінгенін және ханның да Уәли мен Шыңғыс ұлдарына ерекше көзқарастарын жеткізеді. Сонымен бірге

Я.Усманов Уәли сұлтанның басқаларына қарағанда салиқалы, есті адам екендігін, ғайыптан тайып Абылай о дүниелік бола қалса, көпшіліктің хандыққа соны лайық көретіндігін ашық жазады [8, 396-397 б.].

Тарихшы Ж.Қасымбаев пікірінше, Абылай хан қайтпастан бұрын үш жүздің өкілдерін Түркістанда жинап, өз мұрагері ретінде Уәлиді ұсынып, көпшіліктің қолдауына ие болған. Ғалым, неге екені белгісіз, Уәлиді ханның екінші ұлы болатын, үлкен ұлы Дүр-Әділхан белгісіз себептермен ұсынылмады. Соған қарағанда, Абылай Уәлидің өз саясатын қолдаған ерекше қабілеттерін жоғары бағалаған деген тоқтам жасайды [12, с.130]. Шоқан шежіресі, Қытай деректері Уәлиді ханның үлкен ұлы деп есептейді. Абылай ұрпақтарын қатаң бақылаған орыс тыңшылары мәліметтері де оны айғақтайды [3, с.105].

Сонымен Абылай хан елдің оңтүстігінде 1780 жылдың соңында қаза тапты. Орыс тыңшылары Шыңғыс сұлтанның қазақтарға әкесінің өлімі туралы жаздағы бас қосуға дейін орыстарға айтпаңдар дегенін анықтайды. Орынбор кеңсесі хан өлімін шамамен 1781 жылдың қаңтар айында естіген. Сол бойда оның өлімін анықтау туралы жан-жақты тапсырмалар беріледі. Олардың басты мақсаты жаңа ханды тағайындауды өз қолдарына алу болатын. Генерал-майор Хвабулов 1781 жылы 20 наурызда Құлбек батырдан келген ақпаратпен танысып, ханның Ташкент маңында қаза болғандығын, оның уланғандығын естиді. Кейін Абылай жанында Әділ, Рүстем, Тоғым сұлтандардың болғандығы мәлім болады. Жағдайдан хабарланған Ресей саясаткерлері Уәли сұлтанның қадамдарын бақылауға алуға кіріседі. 1781 жылы мамыр айы басында Ұлы жүзден Абылайдың ұлдары Әділ, Тайыр, Бөкей сұлтандармен бірге 60 игі-жақсысы, 2 әйелі Уәли иелігіне келіп жетеді. Міне, содан соң ғана Уәли мен Шыңғыс сұлтандар ханның Түркістан маңында қайтыс болғандығын елге естіртеді. Кейін 23 мамырда Уәли Күсәс батыр мен Тәуекел молда арқылы Н.Г.Огаревке хат жолдап, Абылайдың дүниеден өткендігін жария қылады [13, с.147-150].

Көп ұзамай Абылайдың асы Қызылжарға жақын Қараой деген жерде беріліп, тұтастай үш жүздің игі-жақсылары жиналады. Қазақ жиынындағы басты мәселенің бірі жаңа хан сайлау болатын. Ж.Артықбаев пікірінше, асқа 5 мыңнан астам адам қатысқан [14, 246 б.].

Уәлидің хан сайлануы, оны өзге де төре тұқымдарының, би-батырлардың қолдауы Абылай ханды мойындаған Ресей мен Қытайды тез арада саяси шешім қабылдауға итермеледі. Алдымен Қытай боғдыханы 1781 жылы 26 шілдеде Уәлиге әкеңіздің тұңғышы екеніңізді білеміз дей отыра, хандық лауазымға мұрагер ретінде тағайындаған жарлығын жеткізу үшін арнайы сарай ұлығын жібереді. Боғдыхан қазақ ханына көрші ұлыстармен жанжалдаспауды, жанжал шығармауды, қашқындарды жасырмауды, адал ниетпен қызмет жасауды ұсына отырып, сонда мәңгі бақи жарылқауымда боласыз деп ескертеді [15, 456.]. Қытай қолдауына ие болған соң, Уәли хан Ресей патшасы ІІ Екатеринаға тамыз айында өзінің хан тағына отырғанын хабарлап, бауыры Есім сұлтан бастаған қазақ елшілерін аттандырады. Осы аралықта Ресей Уәлидің Петропавловск қорғанынан 250 шақырым жерде тұратындығын және хан сайлауда қазақ еліне беделді Абылай ханның інісі Сұлтанмәмбет, Барақ тегінен Дайыр сұлтан, Әбілмәмбет хан тегінен ұлы Әбілпейіз ұлдарының қатысып, бірауыздан Уәли сұлтанды қолдағандығын анықтайды. 1781 жылы 31 желтоқсанда И.Якоби Ресей

Сыртқы істер алқасына Уәлидің хан сайланғанына ешқандай күмән жоқ, ол да әкесі Абылай сияқты тәкаппар, бірбеткей, оспадар, өр мінезді адам деп хабарлайды [3, с.103-106]. Ал 1782 жылы 25 ақпанда орыс патшасы да Уәлиді хан тағына бекітеді. Патша грамотасы ханға Әулие Петр бекінісінде 1782 жылы 1 қарашада тапсырылады. Уәли бекініске 15 сұлтан, 120 би-батыр, өзге де 500 қазақпен келеді. Ресей тарапынан Қазаннан шақырылған ахун, генерал-поручик И.В.Якоби, т.б. әскерилер қатысады. Орыс деректері хан құран алдында адалдық анттын тапсырды, ханның иелігінде Құлсары, Құлеке батырлар бар. Олар 1769 жылдан бері Сыртқы істер алқасынан төлем алады деп жазады [16, с.38-39].

Уәли хан әке жолымен екі алпауыт елмен қатар байланысын дамытуды бірден қолға алды. 1782 жылы маусым айында ол інісі Сығайды Қытайға аттандырды. Оларды Ежен хан қабылдады. Дегенмен Қытай 1783 жылы қайтыс болған Әбілпейіз сұлтанның орнына Ханқожаны (Әбілпейіздің әмеңгерлік жолмен алған, қайтыс болған Барақ сұлтанның әйелімен келген бала-Ә.М.) хандық лауазымға тағайындап, Орта жүздегі билікті екіге бөліп тынды [15, 85-86б.]. И.Г.Андреевтің анықтауынша, Әбілпейіз қайтыс болған соң, найман рулары ел басқаруға Бопы мен Ханқожа сұлтандарды шақырғанымен, талқылай келе, Қытаймен тиімді байланысын ескеріп, Ханқожаны таңдаған. Кейін Ханқожа ұлдары Жошы, Шығияз, Адай сұлтандарды бірнеше рет Қытайға жібереді [16, с.42]. Мұның өзі Абылай заманынан берік орныққан ішкі бірлікті Қытайдың да біртіндеп ыдырату жоспарының жүзеге аса бастағанын аңғартты. Мұндай жағдайды талдаған Ж.Қасымбаев: «Уәли негізінен Ресей бағытына, Ханқожа Қытайға арқа сүйеді», - деген қорытынды шығарған болатын [12, с.133]. Расында да Уәли бастапқы кезеңде солтүстік шекарадағы мәселелерді реттеу үшін Ресейге елші жіберді, бекіністердегі орыс командирлерімен байланыс орнатады. Ол көршілес елдер арасындағы заңды қарым-қатынас болатын. Уәли үшін Ресеймен 60 жыл, Қытаймен 25 жыл бейбіт араласқан Абылайдың саяси қадамдары өмірлік ұстанымға айналған-ды. Сондықтан ол сол сара жолды жалғастыруға күш салады. Оның үстіне ол Ресейдің қазақтың белді азаматтарын өзіне тарту мақсатындағы әрекеттерімен жақсы таныс еді. Орыс саясаткерлері, әсіресе, өздерімен 1764 жылы патшаға Баймырза батырды жіберіп, Семипалатинск қорғанында арнайы қазақтар үшін сауда орталығын ашу мәселесін көтерген Әбілпейіз сұлтанға, ол басқаратын найман руларына назар аударады. Олар 1784 жылы Әбілпейізді ұлы Бопының Түркістанға жерлегендігін, ол жерде келесі ұлы Болаттың хан екендігін толық есепке алды [16, с.40]. Ресей мұндай айла-шарғыларды Абылай заманында да қолға алғанымен, Әбілмәмбет, Барақ, т.б. беделді тұлғалардың ұрпақтары ханның алдына шықпаған-ды. Енді жағдай өзгеше қалыптасты. Уәли де осындай жолдармен көршілес елдердің қазақтарды іштен ыдыратуға кіріскенін сезінеді.

Соған қарамастан Уәли хан өз саясатын батыл жүргізуге бағыт ұстанды. Оған елдің оңтүстігіндегі саяси қадамдары куә. 1784 жылы күзде Уәли інісі Шыңғыс сұлтанды 1000-нан аса сарбазымен Ташкентке аттандырды. Сұлтан Ташкенттегі өзара дау-жанжалды реттеген. Осы тұста Тыс сұлтан да 300 адамымен қырғыз ұлыстарына соққы беріп, жеңіліс тауып, қолға түседі. Кейін оған көмекке Шыңғыс жіберіліп, өзара келісімнен соң сұлтан елге қайтарылады [16, с.79].

Уәли Кіші жүздегі Ресейдің саясатын үнемі бақылауда ұстады. 1785 жылы Айшуақ сұлтанның казак-орыстар тұтқынына түсуі, Сапақ сұлтанның қаза табуы, 1786 жылы көктемде Нұралы ханның шекараға шақырылып, Уфаға жер аударылуы Уәли ханның О.А.Игельстроммен байланысқа шығуына әкеледі. Уфа және Симбирск генерал-губернаторы ханға тәжірибелі саясаткер ретінде «Сізге тек қана Орта жүзді басқару берілді» деп асқан сақтықпен жауап қайтарады [17, с.102]. Бұл кезеңде Ерәлі сұлтан Уәли хан мен Құдайменді сұлтаннан көмек сұрап, адамдарын жіберген-ді. Бірақ патша үкіметі 1786 жылы Кіші жүздегі хандық басқаруды жою жоспарын жүзеге асыруға кіріскен сәтте Әбілқайыр-Абылай ұрпақтарының бірлігіне жол бермеуге жанталасты. Оны түсінгендіктен Уәли мен Құдайменді Ерәліге «біз ішкі істеріңізге араласа алмаймыз» деген мәтінде хат жолдауға мәжбүр болады [18].

Кіші жүзде Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың аздап саябырсыған 1789 жылы полковник Бентам Сібір шептеріне жіберіледі. Осы жылы 15 желтоқсанда Г.А.Потемкинге тапсырған есебінде Сырым батырдың серіктері Жетіру Сағыр, Тотай батырлар Уәли ханға бағынады деп көрсетеді. Ханның сенімді би-батырлары қатарында қаракесек Тіленші, төртуыл руынан Жанбатыр, алтай руынан Байдалы билер аталады [19]. Уәли хан Көкшетауда бауырлары Шыңғыс, Есім, Рүстем, Сыздық, Әбубәкір, Өмір, Сығай, Қасымдармен бірге атығай-майлыбата руымен бірге көшіп қонған. Бентам патшаға «Уәли қашып келген 1500 түтін қалмақ, башқұрт, татар, т.б. орыс емес халықтарды қабылдаған. Хан Ресейге ниеттес емес. Ол бізге қарсы қарсылықтардың бәрін қолдайды» деп хабарлады [20]. Осы тізімдегі Байдалы би Абылай ханның жанындағы сегіз бидің бірі, хан кеңесінің мүшесі болатын. Оның Уәли ханға ақылшы би болуы да ата дәстүрдің жалғасқандығын айғақтайды.

1789-1790 жылдың қысында Орта жүздің солтүстік-шығыс аудандарында мал азығының қиындығына байланысты төрт түлік малдың әр түрінен 127 мың бас қырылды. Аман қалған малдарымен қазақтар 1790 жылдың күзінде Сібір шебіне ішкерілей ене бастады. Сібір корпусының басшысы генерал-поручик Штрэндманның қоқан-лоқысына Уәли хан бірден қарсы шықты. Хан мәселені шешу үшін патшаға елші жіберуді қолға алды. Патша тарапынан түсіністік таппаған соң, Уәли бауырлары Шыңғыс, Рүстем сұлтандар мен Дат батырлардың қолдауымен Сібір шебіндегі форпостараға шабуыл ұйымдастырады. Оның арты қазақтардың Ертіс шебіндегі жәрмеңкелерге де мал өнімдерін шығаруды тоқтатуына әкелді. Хан саясатына қарсы генерал Я.В.Боувер арнайы сот құруды ұсынады. Ол бойынша бірінші сот Петропавл қорғанында, екіншісі Уәли хан иелігінде құру қажет деп табылды. Оған қоса генерал беделді казактардан аманат алуға шақырады [21, с.325]. 1793 жылы Штрэндман Уәли ханға қарсы казак-орыстардан құралған әскерилерді жібереді. А.И.Левшин орыс әскері Уәли қарамағындағы түркімендерді азат етті. Содан кейін хан патшамен жеке кездесуге рұқсат алғанымен, қорқып бара алмады. Ол қайтыс болған бауыры Шыңғысқа бар кінәні артты деген түйін шығарды [22, с.282]. Мұның өзі Ресейдің саяси, экономикалық жоспарларын Орта жүз территориясында жүзеге асыруды қолға алғанын ашық дәлелдеді. 1794 жылы орыс патшасына жолдаған мәлімдемесінде Я.В.Боувер Абылай ханның ұлдары Уәлидің – бүкіл Орта жүзді, Әділдің – Ұлы жүздің басым бөлігін басқаратынын, ал қалған

ұлдарының олардың өз қарамағынан бөліп берген жерде билік ететінін жеткізеді [23]. Зерттеуші А.Махаева: «XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасыр басында Жетісу мен Түркістан қазақтары Абылайдың алты ұлының билігінде болған. Абылайдың отыз ұлының ішінде Шағатай, Тоғай, Сүйік және Әділ оңтүстік өңірге ел билеуге жіберілсе керек. Бір атаның балалары болғанымен, олардың саяси ұстанымдары әр түрлі болды. Өздері басқарып отырған рулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Ұлы жүздегі сұлтандардың біреулері - Қытай, екіншілері - Қоқан, үшіншілері - Ресей секілді елдер көмегіне арқа сүйемек болды», - деп қалыптасқан тарихи жағдайды аша түседі [4, 88б.].

1795 жылы 1 ақпанда Штрэндман граф П.Зубовқа берген рапортында Орта жүз қазақтарын Ресейдің қол астына толықтай қаратып бағындыруға тырысудамын дей келе, қазақтардың орыс қол астына бағынамыз дегені жай ғана айтылған сөз екендігін мойындады. Дегенмен ол Уәли хан мен інілері жағдайды ушықтырып отыр деуді де ұмытпады [10, с.140-141]. Ресейдің саясатының алдын алуға тырысқан Уәли Қытаймен байланыстарын жалғастыра түсті. 1795 жылы ол өз ұлы Хамзаны екінші рет (бірінші рет 1791 жылы барған-ды) Бейжінге жібереді [24, 252-253б.].

1795 жылы қаңтарда Ресейдің арандатуымен 2 сұлтан, 19 ру басы өз иеліктеріндегі 43360 адамымен, оларға қосымша 79 мың басқа да Орта жүз қазақтары Уәлиді хандықтан босату туралы хатты орыс патшасына жолдаған [25, 21 б.]. Зерттеуші Ж.Қасымбаев осынша қазақтардың Ресейге хат жолдау себебін Уәлидің Ханқожамен келісе алмауынан іздеп, хан ел ішінде саясаткерлік таныта алмады. Ол қарапайым қазақтарды менсінбей, төре тұқымдарына шекесінен қарады деп анықтады [12, с.133]. Десек те, бұл нағыз алыстан ойластырылған саяси ойын болатын. Соңында өздері ұйымдастырған жоспардан орыс саясаткерлері амалсыздан бас тартты. А.И.Левшин оны орындау (Уәли ханды орнынан босату-Ә.М.) қиынға соғатын және Ресейге еш пайда әкелмейтін деп анықтады [22, с.282]. Арандату нәтижесінде жазылған хат орыс империясының Солтүстік және Шығыс Қазақстанды қосып алу барысындағы жұмыстарды батыл жүргізуге сылтау ғана болды. Оның арты Уәли ханға қарсы шыққан қазақтарды түрліше жолмен марапаттауға ұласты. 1798 жылы 23 ақпанда I Павел Абылай хан иелігіндегі молда Айқожа Кочиннің Орта жүзден Ресей қарамағына көшуді жоспарлаушылар көп дегеніне сеніп, арнайы оған ішке көшуге, Семипалатинск мен Омск қорғандары арасында еркін жайлауға рұқсат етті [10, с.148]. Көп ұзамай Орта жүз руларына Ресей бодандығын қабылдаудың өтеміне Ертіс алқабынан жер бөлінді. Мұны пайдаланған қазақ рулары Ресейге қарай ішкерілей еніп орналаса бастады. Сол кездегі есеп бойынша олардың саны 140 мыңнан асты [26, 275б.]. 1798 жылы Уәли хан қалыптасқан жағдайда қазақ-орыс талас мәселелерін қарайтын кезінде Я.В.Боувер ұсынған Петропавл бекінісінде сот құруға келісім берді. Соған қарамастан сот өз жұмысын 1806 жылға дейін бастамады [22, с.283].

XIX ғасыр басында Уәли хан Есіл өзені бойында, Көкшетау таулары маңында, Үшкүндік, Үшбұлдық, Қылшықты мекендерінде арғын руының алтай-тарақты, құлшан бөлімдерімен бірге көшіп қонған. Оның қарамағындағы қазақ рулары Омбы, Әулие Петр, өзге де шекаралық жерлерде сауда-саттық жасайтын. Дегенмен орыс саясатынан қауіптенген Уәли хан

өзін Ресейден тәуелсіз ұстауға тырысты. Бұл кезеңде Ұлы, Орта жүз қазақтары Қытаймен Үрімші, Іле, Тарбағатай жерлерінде сауда-саттықты дамытып, екі жылда бір рет елшілерін жіберіп, екі ортадағы шаруаларды бірлесе шешіп отырған. Қытай болса өз ретінде қазақ билеушілерін тартып, ерекше құрмет көрсетіп, түрлі атақ-дәреже берген. Қазақтар осындай қарым-қатынасты шығыстағы атамекенді иелену үшін пайдаланған. 1803 жылы Уәли хан ұлы Бәкірді(бір деректе Бегалы) Қытай патшасына жіберді. Басты мәселе шығыстағы жайылымдарды кеңейту еді. Келіссөздер нәтижесінде 1805 жылы Чиң патшасы жарлығымен шекарадағы қарауылдан ішке қарай бірнеше 10 шақырым жерлер қазақтардың қыстауы мен көктеуіне беріледі. 1806 жылы хан Қытайға інісі Қамбар сұлтанды жіберуді жоспарлады. Мұны естіген қытайлық саясаткерлер: «Қазақтың тайжысы Қамбар қатарлылар тілеу тілеймін деген атақпен келіп, өз талаптарын айтпақшы. Олардікі әсте шын ниетімен тілеуге келу емес», - деген қорытынды шығараған. Соған қарамастан қытайлықтар қазақтар арасындағы хандыққа мұрагерлерді көбейтіп, оларды тартуды әсте естен шығармаған. 1809 жылы Орта жүз ханы Болат Әбілмәмбетұлы (Ол арғын, қоңырат руларын басқарып, Түркістанда тұрақтады. -Ә.М.) қайтыс болғанда, орнына ұлы Тоғым сұлтанды бекітеді. Осы жылы Тоғымның Қытайға ұлы Алтынсары бастаған елшілеріне Уәли ханның інісі Досалы сұлтанмен бірге 16 адам қосылады [27, 99-100б.]. Бұл кезеңде Қытайдың да белгілі дәрежеде сыртқы саясаты әлсірей бастады. Олар қазақтардың оңтүстігіндегі Қоқандықтардың күш алып, Ұлы жүз руларына шабуыл жасай бастағанына да назар аудармады. Оны пайдаланған Қоқан билеушісі Әлімбек 12 мың әскермен 1807 жылы Ташкенттің төңірегін басып алады. Кейін ол Ташкентті бағындырады. Осыдан бастап Ташкент үшін қазақ, қырғыз, өзбек билеушілері арасында күрес өрши түседі. Осы кезеңде Қытай шекарасындағы жерлерге 10 мың түтінмен жылжыған Әділ Абылайұлы 1814 жылы оңтүстікке қайта оралып, қазақ-қоқан келіссөздері басталады [4, 66-67б.].

Осындай жағдайда орыс империясы Шығыстағы басты ойыншыға айналды. Олар Орта жүзді отарлауға басты кедергі болған Уәли ханға Кіші жүзде қолданған іштен іріту, ағайынды ел билеушілер арасына от салу жоспарларын батыл жүзеге асыра бастады. Патша үкіметі Сібір шептерінің қолбасшысы Г.И.Глазенапқа Уәли ханға қарсы топтарды қолдауды, оларды үнемі қолпаштауды тапсырып, ханның барлық істеріне кедергі жасауды қатаң жүктеді. Уәли хан жымсысқы саясатты толық сезінді. Ол 1809 жылы жазған хатында орыс әскерлерінің қазақ даласына енуін, қазақтарға қысым жасауын, шұрайлы жерлерді иемденуін тоқтатуын сұрады. Хан Орта жүзден әрі-бері өтетін шөп шабушылар, балық аулаушылар, көпестер салық төлейтіндігін, егер талап орындалмаса, олардың тоқтатылатынын ескертеді. Оның арты Ресейдің әскери күш көрсетулеріне ұласты. Алдымен, 29 сәуірде капитан Часовщиков, 4 мамырда хорунжий Безязыков, 6 мамырда майор Морозов әскерлері Уәли мен Ғаббас сұлтан иеліктеріне шабуылдады. 12 мамырда қарауыл руының адамдары, хан кеңесшілері барлығы 9 адам қолға түседі. Ал Уәли мен Ғаббас бастаған қазақтар орын ауыстырып үлгереді. Өз бағытынан бас тартпаған Уәли хан 20 мамырда қарпық руларына хат жолдап, сауда керуендерін өткізбеуді бұйырады. Орыс әскерлері жазалауынан қорыққан қазақтар оны орындаудан бас тартқан кезеңде, хан өз төлеңгіттерімен ойла-

рын жүзеге асырады. Дегенмен ханды қолдаған атығай-қарауыл руларының қарсылықтары орыс-казак әскери күштерімен басып жаншылады [28].

Бұл кезеңде, шынтуайтына келгенде орыс шекаралық әкімшілігі күн санап әскери-барлау жұмыстарын жүргізуді батыл дамыта түсті. 1815 Усть-Уйск бекінісінен Торғайдың жоғары ағысына подполковник Феофилятов бастауымен 1617 адамнан, соның ішінде 330 казак-орыс, 1080-нен астам башқұрттан, екі зеңбірегі бар 100 жаяу әскерден тұратын экспедиция жіберіледі [29, с.246-247]. Бұдан кейін де 1816 жылы Ертіс шебінен И.Шангиннің басқаруымен 200, Пресногорьков бекінісінен Ф.Набоковтың 150 казак-орыстан тұратын әскер аттанды. Г.И.Глазеп осы тұста Ресей тарапынан екінші ханды тағайындау жоспарын жүзеге асырды. Патша таңдауы атақты Барақ сұлтанның баласы Бөкейге түсті. Шежіре бойынша Бөкей сұлтан әкесі шешімімен 1749 жылы Түркістаннан Солтүстік Қазақстанға жіберіліп, қара-кесек руларына орныққан болатын. Ахмет Байтұрсыновтың анықтауынша, қаракесек руының Шор деген биі 1748 жылы «еліме хан қоямын» деп Барақтың 14 жасар Бөкей деген баласын сұрап әкелген екен [2, 189 б.]. Ресей патшасы найман руының төртуыл бөліміне 1816 жылы хан сайланған осы Бөкей Барақұлын Орта жүз ханы ретінде 1817 жылы арнайы грамотамен бекітті. Грамота 1817 жылы маусым айында Коряковск форпостысынан 180 шақырым жердегі Жайылма көлі маңында табыс етілді [30, с.89,132-133]. Осылайша орыс патшасы Орта жүздегі дәстүрлі хандық басқаруды екіге бөліп, Уәлидің аталас бауырларын хан бекіту арқылы ханның заңды билігін шектеді, оларды бір-біріне айдап салды. Тіпті патша грамотасында «Уәли ханда бұрыннан адал 9 болыс қалды, ал 13 болысқа Бөкей Барақұлы бекітіледі» деп анық жазылды [31]. Мұның өзі Уәли ханды ашық ығыстырумен тең еді. Г.И.Глазеп Сібір шебіндегі Бөкей ханның басты қолдаушысына айналды. Орыс генералы патша саясаткерлерінің жоспарымен Абылай ұрпақтарын осылайша биліктен ығыстырды. Оның арты кейбір ішкі қарсылықтарға ұласты. Мәселен, ел аузында арғынның Шоң биі мен Бөкей ханның арасындағы Нұра соғысы сақталған. Оны Жанақ акын: «Бөкей сұмдық бастады, Ел ішіне от тасталды. Қаракесек бауырмен, Аранын отыр ашқалы», – деп жазған болатын.

Араға көп уақыт салмай 1819 жылы Бөкей хан, 1820 жылы Орта жүзді 40 жылға уақыт билеген Уәли хан дүниеден өтті. Орыс деректері Уәли хан 1819 жылы тамыз айларына дейін қайтыс болған деп жазғанымен (3, с.182), соңғы жылдары табылған ханға қойылған құлыптастағы жазбада нақты 1820 жылдың көрсетілуі мәселеге нүкте қойғандай [32, 1206.]. Дегенмен зерттеуші К.Т.Бекимова ханның қайтқан жылын көрсеткен авторлар еңбектерін салыстыра келе, хан 1820 жылдың желтоқсаны мен 1821 жылдың қаңтар айында қайтыс болған. Осы мәселеге байланысты белгілі қазақ шежірешісі М.Ж.Көпейұлының Уәлиге қатысты деректеріне көңіл аудару қажет деген пікір білдіреді [25, 226.]. Болашақта бұл мәселе де мұрағат деректерімен толығына үміттіміз.

Жинақтай айтсақ, қиын-қыстау аласапыран заманда ел үмітін арқалаған Уәли хан Ресейдің отарлауына бірден-бір қарсы күш болды. Ата шежіреде Абылай ұрпақтарына байланысты айтылғандай, олар Ресейге, Қытайға қарсы арыстанша арпалысып өтті. Тарихи деректер Г.Н.Потаниннің Уәли ханға берген «Абылай хан секілді ел билеу қабілетімен ерекшеленбеген адам» деген сипаттамасының біржақты берілген баға екендігін дәлелдейді [33, 341б.]. Оның 40 жылға жуық ел билеген кезеңі қазақ қоғамындағы күрделі өзгерістер мен

көршілес Ресейдің ашық отарлауының күшеюімен ерекшеленеді. Кіші жүзді бөлшектеп басқару, әскери күшпен мәжбүрлеу, қазақтар арасынан орыс саясатын қолдаушыларды шығарып, оларды үнемі қолдап отыру секілді Ресейдің сыннан өткен жоспарлары Орта жүзде толық жүзеге асты. Уәли де сыртқы саясатында Абылайдың көп векторлы бағытын қолданды. Бірақ уақыт өзгерді. Ресей қазақтан асып, қырғыздармен 1785 жылы-ақ байланыс орнатты. Сауда-саттықты дамыту сылтауымен оңтүстікке керуендердің бірінен соң бірі жіберілді. Шен-шекпен, мол сыйлықтар отарлау жолына ағылды. Ресей күшейген тұста Қоқан да қазақтарды қыспаққа алды. Мұндай жағдайда ел билеушілерінің бір легі орысқа арқа сүйей бастады. Орынбор мұсылман діни басқармасы, ол жіберген татар молдалары, дайындаған аудармашылары оңтүстікте ашық үгіт-насихатпен шұғылданды. Мәселен, жалайыр сұлтаны Сүйік Абылайұлына келген татар көпесі С.Құрбанбакиев Ресейдің қуаттылығын, оның ерекше камқорлығын насихаттаған [4, 93б.]. Алысты болжаған саясаттың соңы сұлтандардың Ресеймен жеке байланысына әкелді. Мұның арты мемлекеттік негіз хандық басқарудың біртұтастығына кері әсерін тигізді. Соған қарамастан Уәли хан алған бағытынан бас тартпады. Сондықтан да өле-өлгенше ұлдарын Ресей, Қытай елдерімен бірдей қарым-қатынас ұстауға тәбиеледі. Үлкен ұлы Абас (бір деректе Ғаббас) екі ел саясаткерлерімен де таныс болды. Қытай патшасы оны 1800 жылы-ақ Уәлидің мұрагері ретінде бекітіп, гун атағын береді. 1809 жылы Сұлтанкерей Абасұлы да Қытай патшасымен кездесіп қайтты [24, 51б.]. Жас сұлтандар хан ордасында көршілес халықтар тіліне машықтанған. Хан дүниеден өткеннен кейін-ақ орыс саясаткерлері ханның ұлы және оның отбасы біздің басшыларға риза емес деген қорытынды шығарған болатын [3, с.182]. Уәли ханның саясатын екінші ұлы Ғұбайдолла да (бір деректе Абайділдә) жалғастыруға күш салды. Ғұбайдолла сұлтанның дәстүрлі ел басқаруды сақтауға ұмтылушылығы Ресеймен арадағы жағдайды шиеленістірді. Кейін сотник Карбышев басқарған әскери күшпен сұлтан елден әкетіліп, жер аударылады. Осы арқылы Ресей Орта жүздегі хандық басқаруды тоқтатқандай болды. Қорыта келгенде айтарымыз, Уәли хан - өз заманында ата дәстүр бойынша ел басқарған, қалың қазақтың қамы үшін еңбек сіңірген тарихи тұлға. Қазақтың бас ханы болған әкесі Абылайдың қайраткерлігін қайталай алмағанымен, екі алып мемлекеттің арасында өз саясатын жүргізіп, ел тұтастығын сақтап, олардың елді отарлау жоспарына кедергі болғанын тарих айғақтайды. Ата шежіреде айтылғандай, артына ел келешегі үшін тер төгер, еңбек сіңіретін ұрпақтар қалдырады. Бұған дәлел Шоқандай, Ермұхан Бекмаханов сынды бірегей ұлт зиялыларының ел игілігі үшін қайталанбас құнды мұралар қалдыруы бола алады.

Әдебиеттер

1. Ақбай Н. Шоқан жазып алған аңыздар // Қазақ әдебиеті, 2011, 25 ақпан
2. Төреқұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені /Атамұра сериясы/. – Алматы: Қазақстан, 1995. -384б.
3. Казахско-русские отношения XVIII-XIX веках (1771-1867 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1964. -575с. (алда КРО -2)
4. Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезі). –Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2007. -357б.

5. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Абылая). –Алма-Ата: Наука, 1988. -144с.
6. Абуев К.Е. Абылай хан и его время. –Астана: Елорда, 2006. -304с.
7. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы (Құраст...З.С.Тайшыбай). –Петропавл: ЖШС Астана, 2005. -477б.
8. Қазақтың ханы – Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі: Ғылыми басылым. –Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2011. Т.2. -640б.
9. Бекмаханова Н. Көктемір туралы аңыз. –Алматы: Жалын, 1983. -184б.
10. Казахско-русские отношения XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата: АН КазССР, 1961. -744с. (алда КРО -1)
11. КРО -1, С.102; Қазақтың ханы – Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі.-391б.
12. Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). – Алматы: Білім, 1999. – 228 с.
13. История Казахстана в русских источниках XVI - XX веков. VI том. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. -516с.
14. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. -392б.
15. 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – Алматы, 1998. -176б.
16. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Ғылым, 1998. - 280с.
17. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). Т.IV – М.,-Л.: Наука, 1940. - 543с.
18. Мұқтар Ә. Азаттық таңы жолында. –Алматы: Ғылым, 2001. -151б.; РИССМ. 122 қ., 122/3 т., 1786-1787, 12 іс, 23-26 п.
19. Мұқтар Ә. Азаттық таңы жолында. –159б.; РМКАМ. 10 қ., 3 т., 585 іс, 52 п.
20. РМКАМ. 10 қ., 3 т., 585 іс, 24-51п.
21. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX в. –М., Наука, 1960. -456с.
22. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. –Алматы: Санат, 1996. -656с.
23. РИССМ. 122 қ., 122/3 т., 3 іс, 255п.
24. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I том. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -396б.
25. Бекимова К.Т. Орта жүзде қос хандық биліктің пайда болуы // Хабаршы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар», 2010. N10. -18-26б.
26. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. – Алматы: «Атамұра», 2010. -768б.
27. Мұхаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер / Дайынд. А.Қожабеков. – Алмты: Жалын, 1994. -144б.
28. Бекимова К.Т. Орта жүзде қос хандық биліктің пайда болуы. - 21-22б.; ҚРОММ. 4 қ., 1 т., 154 іс, 59, 136 п.
29. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. – Алма-Ата: Глав. Редакция Казахской Советской энциклопедии, 1985. -463с.
30. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана:

проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана. –Алматы: Издание Института философии МН-АН РК, 1997. –С.46-144

31. ҚРОММ. 338 қ., 1т., 407 іс., 5п.

32. Әбуев Қ. Қазақстан: тарих пен тағылым. – Елорда, Жібек жолы, 2006.

33. Потанин Г.Н. Ш.Уәлиханов туралы өмірбаяндық мәліметтер // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы: «Толағай групп», 2010.Т.5. -528б.

Ә.Қ. Мұқтар ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УАЛИ ХАНА

В статье анализируется общественно-политическая деятельность Уали хана, хана Старшего жуза в 1780-1820 гг., старшего сына известного Абылай хана. Уали хан по примеру отца установил тесные двусторонние связи с Китаем, Россией, постоянно обмениваясь дипломатическими посольствами. Однако именно в период правления Уали хана Россия проводила активную политику колонизации и ввела войска на территорию Казахского ханства.

Ключевые слова: Абылай хан, Казахское ханство, Россия, Китай, Уали хан, Средний жуз.

A.K. Mukhtar THE LIFE AND ACTIVITIES OF WALI KHAN

The article examines the social and political activity Wali Khan, Khan of the Great Horde in 1780-1820. The eldest son of the famous Abylaikhan. Wali Khan, like his father established close bilateral ties with China, Russia, the constant exchanging diplomatic embassies. However, it was during the reign of Wali Khan, Russia has pursued an active policy of colonization and sent troops into the territory of the Kazakh Khanate.

Key words: Abylai khan, Kazakh Khanat, Russian, China, Wali khan, Middle Zhuz.

УДК 94(574) “17/19”:32.019.5

**Ұ.Т. Ахметова – т.ғ.д.,
Г.Е. Бержанова – магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Gulek_16_85@mail.ru**

ҒАБДУЛҒАЛИ БАЛҒЫМБАЕВТЫҢ ТОРҒАЙ ГАЗЕТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі жағдайы сөз болады. Соның ішінде Торғай газетінің халық арасындағы қызметі, онда редакторлық және аудармашылық қызмет атқарған Ғ.Балғымбаевтың газетті шығару жолындағы еңбектері баяндалады.

Түйін сөз: Торғай газеті, Ғ.Балғымбаев, қазақ тарихы, орыс зерттеушілері.

XIX ғасырдың аяғында Торғай облысының орталығы Орынбор қаласында «Тургайские областные ведомости» атты ресми газет шығып тұрды [1, с.17]. Бұл басылымның алғышқы саны 1891 жылы жарық көрді. Оған дейін 90-шы жылдардың алдында жарық көріп тұрған «Оренбургский

листок», «Оренбургское слово» атты орталық басылымдарынан өзге ел ішіне тараған жаңа экономикалық-шаруашылық өзгерістерге байланысты жаңалықтарды халыққа тез жеткізетін алғашқы басылымдардың бірі «Тургайские областные ведомости» газеті болды. Басылымның тұрақты шығуына облыстық басқарма бастығы Иван Иванович Крафт жауапты болды. Бұл газетті шығару үшін облыстағы рухани семинарияның оқытушысы және облыстық мектептердің инспекторы А.В.Васильев пен И.И.Крафт Петербургке газетті ашу туралы өтінішті жолдайды [1, с.19]. 1895 жылдың 1 қаңтарынан «Торғай облысының ведомостволары» газетінің бейресми бөлімі жеке дара «Торғай» газеті атауымен жарық көре бастады. Газет шыққан күннен бастап саяси, әдеби-қоғамдық басылым ретінде көзге түсті. Газеттің бейресми бөлімі 1895-1909 жылдар аралығында шығып тұрған. Осы газеттің 1902-1903 жылдар аралығында қызмет еткен редакторларының бірі Ғабдулғали Балғымбаев болатын. Ол орыс тіліндегі материалдарды қазақшаға, қазақша мәтіндегіні орысшаға аударып отырған. Газеттің қазақ тілінде арнайы бөлімі болды. Ғ.Б. Балғымбаевтың өмірінің Орынбордағы кезеңінде ағартушылық қызметімен қоса журналистік, публицистік, аудармашылық жұмыстарымен көзге түскен. Орынбор тарихшысы Д.А.Сафонов өз еңбегінде Ғ.Б. Балғымбаевтың «Торғай облысының ведомостволары» газетінің негізгі бөлімінде редакторлық қызметті 1902 жылдан 1907 жылдың 28 қаңтарына дейін басқарғанын көрсетеді [2, 88-98 б.]. Қосымша бөлімі аптасына 2 рет, ал 1897 жылдан бастап аптасына 3 рет шығып тұрды [1, с.21]. Бір жылда газет 50 немесе 52 нөмірден аз дана шығармады. 1895-1910 жылдар аралығында ол сан 154-ке дейін жетті. Қалалық жерде тұратын тұрғындар үшін жазылу бағасы 3 рубль болса, ал алыс аймақтағы тұрғындарға 4 рубльге сатылды. 1895 жылы газетке жазылған адам саны – 1000 болса, 1896 жылы – 2000 оқырманға жетті. Басылымға алғашқы қазақша мақала 1892 жылдан бастап шыға бастады [3, 102-105 б.].

Ал 1900 жылдан бастап басылым Б.Бреслина және Жаринова деген жеке баспаханаларда басылған.

Бұл ресми газеттің бетінде жоғары билік органдарының актілері, бұйрықтар, министрліктердің тапсырмалары, басшылардың хаттары, Торғай облысының әскери губернаторының жарлықтары мен бұйрықтары, қазыналық жарнамалар жарық көріп тұрса, бейресми бөлімде түрлі жаңалықтар, Солтүстік телеграфтық агенттің телеграммалары, Торғай облысына қатысты мәліметтер мен құжаттар, соттың шығарған үкімдері, жеке жарнамалар жарық көріп тұрды [4, с.10].

Бұл газетті саралаған тарихшы В.З.Галиев басылымда жарық көрген мақалалардың тізімін жариялады. Шыққан кезеңнен бастап қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, өмірінен қызықтықты материалдар, дін, сот ісі, әсіресе, газет оқырмандарын қызықтырған тақырыбы қазақтың тарихы мен этнографиясы болды. Мысалы, атап айтар болсақ, В.З.Галиев еңбегінде көрсетілгендей, қазақ қымызының орыс патшасына тартылуы, Торғай және Ырғыз қалаларының пайда болуы, Бөрте болысындағы қазақ жылқыларының ат жарысы және көрме туралы, Қостанай уезіне шаруалардың қоныс аударуы, 1880 жылы Торғай облысындағы жұт туралы, қазақ мақал-мәтелдері, қазақ тарихи шежірелері жарияланған [1, с.21]. Сонымен қатар, «Сұлтаны, тарханы, бии» деп аталатын тарихи анықтамалық мақаласында осы 3 терминнің шығу

тегі және ол атақтардың кімдерге берілу керектігі талқыланған. «Сұлтандар» қазақ хандарының ұрпақтары болса, ал «Тархан» атауы XVIII ғасырдың соңына дейін көптеген деректерде кездеседі. Бұл атақты қазақтарға орыс үкіметіне қызмет еткені үшін беріп отырған. Ал «Би» атағы ерте кезде халық арасындағы дау-жанжалдарды шешетін адам ретінде қаралса, кейін олар «халық қазылары» болып есептелген. Олар өз жұмысын тоқтатқан кезеңде бұл атаудан да айрылатын болған [5, с.2-3]. Ал газеттің бейресми бөлімінде қазақ арасында кең тараған ертегілердің бірі «Итыгиль» жарияланған. Итыгиль бір байдың 10 ұлының ең кенжесі болады. Ол дүниеге келісімен өзінің ақылымен, батырлығымен көзге түседі. Ағаларымен бірге байдың бір үйдегі 10 қызының кенжесі Кенжекейге үйленеді. Ал екінші әйелін аларда ол шайтанның кедергілеріне тап болып, сол кедергілердің барлығынан аман өткен Итыгиль Тоқтамыс ханның қызын алып, аман-есен еліне келеді [6, с.2-3]. А.Матовтың «О развалине Балгасын» атты мақаласы газеттің №124-ші, №125-ші сандарында жарияланды. Балгасын қалдығы Ырғыз қаласының оңтүстігінде орналасқан Қарасор өзенінің бойында орналасқан [7, с.1]. Сол маңайдағы халықтың айтуы бойынша, Балгасын деген қала болған. Ал қалада атақты бір байдың әдемі қызы болып, ол ойламаған жерден ауырып қайтыс болады. Қызының қазасына налыған әкесі биік мұнара тұрғызады. Кейін осы мұнараға келген адамдар бұл жердің қасиетті жер екенін байқаған. Уақыт өте мұнараның сыртқы келбеті бұзылған. Матовтың айтуы бойынша, мұнара Әмір Темір кезінде салынған ескерткіштерге өте қатты ұқсас екенін жазып өткен [8, с.2-3].

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық революциясы қарсаңында бұл газет бетінде қазақ еңбекшілерінің екі жақты езгіге түсіп отырғандығын баяндайтын материалдар да жарық көрген. Міне, осыған қарап, біз «Торғай облысының ведомстволары» мен «Торғай» газетін Қазан төңкерісіне дейінгі орыс баспасөз материалдары қазақ тарихының белгілі бір кезеңінен құнды хабар берер салыстырмалы тарихи дерек ретінде қарастырамыз. Осы басылымдармен жұмыс жасаған Г.Балғымбаев туралы да «Торғай» газеті арқылы бізге бірнеше деректер жеткен [2, 88-98 б.].

Айта кетер болсақ, Торғай облысының Қостанай және Ақтөбе уездерінің Орынбор оқу округі жанынан «Бастауыш білім беру туралы қоғамдық кеңес» жұмысының мәліметтері «Торғай облысының ведомстволары» газетінде жарық көрді. Бұл қоғамның басшысы А.Е.Алекторов болды. Осы ағарту бағытында құрылған қоғам құрамындағы мүшелерін бірнеше топқа бөліп көрсеткен: құрметті мүшелер, теңдестірілген мүшелер, нақты мүшелер. Нақты мүшелердің құрамында Қарабұтақтағы 2 сыныптық училищенің басқарушысы Ғабдулғали Балғымбаевтың да аты-жөні кездеседі [9, с.6 – 8].

Жалпы бұл газет білім беру саласына қатысты біраз мәліметтерді жариялаған. 1896 жылы «Тургайская областная ведомости» газетінің «Тургайская иллюстративная газета» деп аталатын қосымшасында Қостанайдағы 2 сыныптық орыс-қырғыз училищесінің ашылғанына 35 жыл толуына орай арнайы құттықтау мақала жарық көрді. Училище 1861 жылдың 1 қыркүйегінде ашылып, өз жұмысын 23 оқушымен бастады [10, с.297-298]. 1897 жылы «Торғай» газетінде «Начальное образование в Тургайской области среди киргиз и русской населения» - деген мақала жарық көрген. Бұл мақалада сол кезеңдегі нақты статистикалық мәліметтер келтіріледі. Мақаладан қазақ мектептерінің саны 52, орыс мектептерінің саны 41, қазақ мектептеріндегі

оқушылардың саны 963, орыс мектептеріндегі оқушылардың саны 1490-ға жеткендігін байқаймыз [11, с.2-3]

«Торғай» газеті орыс патшасының білім беру мәселесі бойынша саясатын насихаттаушы болды. Осы газетте жарық көрген «По поводу пожертвований киргизов в образование», - деп аталатын мақалада білім беруге қажет қаражатты жинаудағы қазақтардың берген көмегі жазылған. Қайырымдылық көмегін жасаған қазақтар ішінен Ақмырза Тастеміров, Беймін Атантаев, Мұхамеджан Ибрагимовтарды айтуға болады [12, с.1]

Ал Ғабдулғали Балғымбаевтың «Торғай» газетінің №45 санына шыққан мақаласы 1895 жылдың 29 қазанында «Открытие женского русского киргизского училища в Карабутаке», - деген атаумен басылды [13, с. 204].

Кейін 1904 жылдың 10 желтоқсанындағы №48 нөмірінде, 17 желтоқсанында №50 нөмірінде Ғ.Балғымбаевтың «Бесіктен бейітке дейін» деген ірі мақаласы жарық көрді [1, с. 27]. Бұл мақалада қазақ халқының басқа халықтармен салыстырғанда білімге құштарлығы, орыс тілін үйренуге деген ынтасы туралы ашық жазылады [14, 132 б.].

1907 жылы 4 ақпандағы «Торғай» газетінің №5 санында «Ғ.Балғымбаевты шығарып салу» мақаласы жарияланады. Мақалада оның Торғай облыстық басқармасының газет столы меңгерушілігінен Торғай облысының қазақ мектептерінің инспекторы қызметіне ауысқаны хабарланып, қысқаша өмірбаяны туралы қысқаша мәлімет беріледі [4, 88-98 б.].

Торғай газетіне Ғ.Балғымбаевтың білім саласына, салт-дәстүрге байланысты жинақтаған мақалалары жарық көріп отырды. Айта кететін болсақ, «Программа предметов, пройденных киргизскими воспитанниками в школе, учрежденной при Оренбургском укреплении», «Из описания художника Чернышева о киргизской школе», Күдері ақынның «Қырғыздың (қазақтың) қайғысы» атты өлеңін айтуға болады. Бұл өлеңді Ғабдулғали қазашадан орысшаға аударған. 1880 жылғы қазақ жерінде болған жұт туралы да айтылған [13, с. 349]. Бұдан байқағанымыз редакторлық қызмет атқарған Ғ.Балғымбаевтың оқу ағарту саласындағы негізгі жұмысымен тығыз ұштастыра жұмыс жасағандығын байқаймыз.

Бұндай мақалалармен қатар, Торғай газетінде мемлекеттік мәселелер де қаралған. Әскери губернатордың бұйрықтары, Торғай ауыл-шаруашылық қоғамының хаттамалары жарық көріп тұрды.

Басылымда жарияланған хаттамалардың бірі, Ғ.Балғымбаевтың А.А.Ломачевскийдің ұсынысымен Торғай ауыл-шаруашылық қоғамының мүшелерінің құрамына еніп, бас есепші болып тағайындалғандығы жарияланған [15, с.1]. Осы Торғай ауыл-шаруашылық қоғамының мүшелерінің отырысында Ғабдулғали «Торғай даласындағы ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне көп көңіл бөлу керек екендігін айтқан және оның ойымен әскери-губернатор Ломачевский, вице-губернатор Богданович бірауыздан келіскен». Бұдан Балғымбаевтың тек қана ағартушылық емес басқа да облыстағы қоғамдық мәселелерге де белсене араласқандығын байқауымызға болады [16, с.1].

«Тургайская областная ведомости» газетінің №13 нөмірінде Торғай облыстық әскери губернаторының 1906 жылғы 18 наурыздағы №29 бұйрығы жарияланған. Осы бұйрығында Торғай облыстық басқармасының басылым столы бастығы Ғ. Балғымбаевтың Мемлекеттік Дума сайлауына байланысты Ырғыз және Торғай қалаларына іссапарға жіберілгендігі туралы жазылған [17, с.1].

Балғымбаевтың «Тургайская областная ведомости» газетінің редакторы мен басылымының бастығы қызметінен 1907 жылдың 25 қаңтарынан бастап босап, 1 ақпаннан бастап Торғай облысының 1-ші ауданының халық училищесіне инспектор қызметіне ауысқандығы туралы Әскери губернатордың 1907 жылғы 31 қаңтардағы №18 бұйрығы жарияланған [18, с.1]. Осы бұйрықтан кейін Балғымбаев өз қызметін инспекторлықпен тығыз байланыстырып, бүкіл ғұмырын ағартушылыққа арнағандығын көруге болады. Кейін инспекторлық қызметі кезеңінде мектептерге қатысты жылдық есептер, хабарламалар, білімнің маңызы туралы мақалаларын шығарып тұрған.

Жалпы XIX ғасырдың II жартысында шығып тұрған «Тургайская газета» басылымы «Тургайские Областные ведомости» басылымының қосымшасы ретінде орыс және қазақ тілінде шығып тұрған. Яғни, Ресейдегі ғылым және техника, экономика, ресми жаңалықтар қазақшаға аударылып жарық көріп отырса, керісінше жергілікті қазақ халқының жаңалықтары, өмірі, мәдениеті, тарихы мен әдебиеті туралы мәліметтер орыс тілінде жарық көрді [19, с. 27-28]. Балғымбаев Ғабдулғали өзі қызмет еткен редакторлық қызметі кезеңінде аудармашылық жұмысымен көбірек айналысқан. Торғай газетінің шығуында Балғымбаевтың атқарған рөлі зор деуге де болады. Өйткені басылым редакторы бола жүріп, қазақ халқы туралы тарихы, мәдениеті, шаруашылығы жөніндегі көптеген мәліметтерді газет бетіне жарыққа шығарған.

XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзі жеке қалыптасқанға дейін ресми мемлекеттік орыс үкіметінің газеті бола тұра, қазақ халқы арасына тарап, жергілікті қазақ ұлты туралы мәліметтер жарияланған кезең еді. Әрі халқымыздың тар жол тайғақты кезеңі туралы нақты тарихи мәліметтер алуға қазірде мүмкіншілік туып отыр. Осындай аласапыран кезеңде халық тағдыры мен қоғам өмірінің шындығын жариялаған Торғай газеті және оның белгілі мезетте редакторы болған Ғ.Балғымбаев қызметін саралау арқылы өткен тарихымызды сараптауға мүмкіншілік алып отырмыз.

Әдебиеттер

1. Галиев В.З. Казахстан на страницах дореволюционной печати («Сибирская газета», «Тургайская газета»). – Алматы: Национальная библиотека РК, 2000. – 185 с.
2. Ахметова Ұ.Т. Ғ.Б. Балғымбаев және Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы // Отан тарихы, 2008. №2. - 88-98 бб.
3. Ахметова Ұ.Т. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы және Торғай облыстық газеттері. / «Қазақ әдебиеті және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. - Атырау. 2007. 28-29 қараша.-102-105 бб.
4. Объявления // Тургайские областные ведомости.- 1893. №52 - 26 декабрь. – с.10
5. Султаны, тарханы, бии // Тургайская газета. – 1897. №120 - 10 октябрь.- с.1
6. Итыгиль (Киргизская сказка) // Тургайская газета. – 1897. №86 - 23 июль.- с.2-3

7. О развалине Балгасын // Тургайская газета. – 1897. №124 - 19 октябрь.- с.1
8. О развалине Балгасын // Тургайская газета. – 1897. №125 - 22 октябрь.- с.2-3
9. Список членов общества попечения о начальном образовании в Кустанайском и Актюбинском уездах Тургайской области // Тургайская областная ведомости.- 1898. №5 - 5 февраль. –с. 6-8
10. Кустанайское 2 – х классное русско – киргизское училища (По поводу 35 – ление существования) // Тургайская иллюстративная газета. – 1896. №37 – 8 сентябрь.- с.297 – 298
11. Начальное образование в Тургайской области среди киргиз и русской населения // Тургайская газета. – 1897. №37 - 26 март.- с.1-2
12. По поводу пожертвований киргизов в образование // Тургайская газета. – 1897. №51 - 2 май.- с.1
13. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. - Казань, 1900. - 855 с.
14. Ламашев.Ә. «Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары. - Алматы: Қазақстан, 1988. - 184 б.
15. Журнал собрания членов учредителей «Тургайского сельско – хозяйственного общества» // Тургайская газета. – 1903. №22 - 25 май.- с.1
16. Протоколы заседания «Тургайского сельско – хозяйственного общества» // Тургайская газета. – 1903. №37 – 7 сентября. – с.1
17. «Приказы господина Военного Губернатора Тургайской области» // Тургайская областная ведомости.- 1906. №13 - 25 март. – с.1
18. «Приказы господина Военного Губернатора Тургайской области» // Тургайская областная ведомости.- 1907. №5 – 3 февраль. – с.1
19. Абилхасимова Б.Б. Казахизмы русскоязычных газетах Казахстана (II половина XIX века) Исследование и словарь.- Алматы: Издательство «Арыс», 2006. – 116 с.

У.Т. Ахметова, Г.Е. Бержанова
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Г.БАЛГИМБАЕВА В ТУРГАЙСКОЙ ГАЗЕТЕ

В данной статье проведен анализ публикациям опубликованных в период редакторской деятельности Габдулгали Балгимбаева в Торгайской газете.

Ключевые слова: Тургайская газета, Г.Балгимбаев, история казахов, русские исследователи.

U.T. Ahmetova, G.E. Berjanova
G.BALGIMBAYEV'S OCCUPATION IN THE TURGAI NEWSPAPER

In this paper, an analysis of the publications Gabdolgalı Balgymbaeva published between editorial work in the newspaper Torgay.

Key words: newspaper Torgay, G. Balgymbaev, the history of Kazakh, Russian researchers.

УДК 94(574) “17/19”:32.019.5

Ұ.Т. Ахметова – т.ғ.д.,
А.Е. Жаркемалиева - магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: asilhanym@mail.ru

ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Андатпа. Мақалада Қазақстанды зерттеу қоғамының Орал бөлімшесінің құрылуы мен қызметі, оның мүшелерінің жан-жақты зерттеулері мұрағат деректері мен жергілікті, ғылыми басылымдарға сүйене отыра қарастырылады.

Түйін сөз: Қазақстанды зерттеу қоғамының Орал бөлімшесі, қазақ тарихы, бөлімше мүшелері, ізденістері.

Қазақстанды зерттеуге өз үлесін қосқан Орынборда құрылған 1887-1918 жылдар аралығында жұмыс жасаған Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы болатын. Ғылыми комиссия тараған соң қызметін жалғастырған 1920 жылы құрылған Қырғыз зерттеу қоғамы болатын. Қырғыз (1925 жылдан Қазақстанды зерттеу қоғамы – Ұ.Т., Ж.А.) өлкесін зерттеу қоғамының бөлімшелері Ақтөбеде, Семейде, Қостанайда, Сырдарияда, Ақмолада ашылған болатын. Осы бөлімшелердің ішінде қарқынды жұмыс жасаған Қазақстанды зерттеу қоғамының Орал қаласындағы бөлімшесі еді.

1924 жылдың 13 мамырында «Дома Крестьянина» мекемесінде П.В. Калачевтің басшылығымен және топ мүшелерінің ықпалымен жергілікті өлкені зерттеу қоғамын құру туралы жиналыс болып өтті. Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының Оралдағы бөлімшесі 1919 жылы құрылып, қоғам Орынбордың облыстық орталығында тіркеліп, әскери оқиғалар нәтижесінен, ғылыми, бейсаяси жағына байланысты өз қызметін тоқтатады. 1921 жылы «Красный Урал» газетінің редакциясының ықпалымен қайта құрылады. Қоғам өз қызметін атқара бастағанмен, бірақ сол жылдардағы аштықтың кең етек алуы мен қарақшылықтың басымдылығы, қоғам мүшелерінің жұмыс бастылығы салдарына байланысты бөлімше жұмысы аяқсыз қалды. 1923 жылдың күзінде жергілікті өлкені зерттеу қоғамын қайта құру туралы ой туындап көптеген себептердің салдарынан кейінге қалады.

1924 жылы соңғы өлкетанушылық съезінде тек ғылыми өлкетанушылық қана емес, сонымен бірге ғылыми-практикалық мақсатында ескере түсті. Осы съезде 7 мүшеден тұратын ұйымдастыру бюросы сайланып, осы жиналыста И.В.Ларин «Почвы и растительность Чжинского района» баяндамасын оқыды [1, 8 б.].

1924 жылдың сәуір айының басында құрамында И.В.Ларин, П.В.Калачев, И.И.Фолиманов, Г.С.Якимович, П.Я.Иванинков мүшелерінің бастауымен Орал губерниясының Атқарушы Комитетіне жіберген өтінішінде Орал губерниясының Қырғыз өлкесінің зерттеу қоғамын құруға рұқсат сұраған. Атқарушы Комитет және басқа да мекемелер басшылары бұл бастамаға дұрыс қабылданған шешім деп қарап губерниялық Атқару Комитетінің Президиумы мәжілісінде 1924 жылдың 24 сәуірінде Қоғамды құруға рұқсат еткен [2, 34-п.]. 1924 жылдың 24 қыркүйегінде Орал Губерниялық Әкімшілік бөлімшесі Қырғыз зерттеу қоғамының Орал бөлімшесін тіркеу туралы қаулысы қабылданып, 1924 жылдың 26 қыркүйегінде куәлігі берілді [3, 84-п.].

Сонымен Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының Орал бөлімшесі ресми түрде құрылады. Алғашқы күндері Баскарма бөлімшесі тірегі болатын өзінің негізгі мүшелерін толықтыра бастады. Сол кезде мүшелікке толық 42 азамат, атап айтсақ Калачев П.В., Филимонов И.И., Ларин И.В., Иванников П.Я., Потапов А.Г., Ванюшин С.Г., Трублаевич Н.Д., Мальцев П.Г., Мюллер Е.К., Якимович Г.С., Джаленов К.Д., Кукебаев М.К., Емелин, Феоктистов Н.В., Спожинецев, Щелоков Б.К., Мусатова, Шапошников А.А., Шапошников С.А., Степанов, Калинин И.А., Тимофеев М.К., Андреев М.Н., Букейханов Г., Кожевников И.Х., Хремин, Иванов П.В., Салин, Логашкин Л.А., Карачев К.М., Джумабаев, Прянишникова, Маклаков Г.М., Соколова Ю.А., Данилевский К.В., Бошкнятов К.П., Попов М.К., Найденов А.В., Альбанов П.А., Аманжулов, Рацулл, С.Г. Верушкин кіреді [2, 37-38 п.]. Қоғам мүшелеріне дара тоқтала өтсек, Орал бөлімшесі комиссия төрағасы Калачев Павел Васильевич 1891 жылы 10 желтоқсанда Змеиногорск Томскіде (Алтай губерниясында) дүниеге келген. 1901 жылы бір кластық шіркеулік мектепке барып, оны 1903 жылы бітіреді. 1903 жылы Устькаменгорск қала мектебіне қабылданып, оны 1904 жылы көктемде бітіріп шығады. 1904 жылы күзде отбасымен Змеиногорсктен Семипалатинскіге көшіп келеді. Семипалатинскіде 5 класты қала мектебіне барып, мектепті 1908 жылы бітіріп шығады. Бірақ отбасы жағдайына байланысты білімін әрі қарай жалғастыра алмаған. Училищені бітірген соң жұмыс табу оңайға түспей, сырттай бөлімде есепші мамандығында оқиды. 1908 жылдан 1909 жылға мамыр айына дейін Змеиногорскіде кеңсе қызметкері болып жұмыс жасайды. Мамыр айының соңында Семейге оралып, Семей бөлімшесінің «ВОГАУ» сауда үйінде кеңсе қызметкерінің жұмысын атқарып, кейін 1913 жылдың 1 желтоқсанына дейін есепші қызметін атқарады. Қызметте жүріп, 1912 жылдан Семей музыкалық-драмалық қоғамының әкімшілігінің мүшесі, Семей қоғамының бастауыш білім беру бөлімінде қамқоршылар мүшелігінде болған. Осы кезде өлкетанушылық жұмыстармен айналысқан. 1913 жылдың 4 желтоқсанынан Енисейск губерниясы Ачинск қаласына 29-шы Сібір атқыштар полкінің 3-ші атқыш ротасына қабылданады. Ротада 1914 жылдың ақпан айына дейін, 1914 ақпанынан Ачинск Әскери шаруашылық құрылыс комиссиясына ауыстырылып, 1914 жылдың 29-шы қарашасына дейін болады. Империялық майданға кеткенге дейін, құрылыс комиссиясында іс жүргізуші қызметін атқарады. Майданға 1914 жылдың қараша айынан Ачинск қаласынан шығып, 1914 жылдың 13 қазан айында Варшава марштық теңіз ротасының 53-ші сібір атқыштар полкіне қатардағы жауынгерлер құрамына 1914 жылдың 6 желтоқсанына қызмет етеді. 1914 жылдың 6 желтоқсанынан 1918 жылдың 5 қарашасына дейін Германияда тұтқында болады. Осы уақытта Бютов, Данцинг қалаларында алғашында тұтқындардың лагерінде, кейін Зенсбург қаласының жақын маңдағы ауданында кірпіш заводында, Виллинберг ауданында ауыл-шаруашылық жұмыстарын, Найденбург қаласының ауданында ағаш тілгіш заводында жұмыс істеген.

1918 жылдың 28 желтоқсанында Қазан губерниясының Пленбег коллегиясының бөлімінде есепші болып қызметке тұрып, кейін Пленбег бөлімінің және осы кезде жалпы есепшілердің меңгерушісі болған. 1921 жылы 1 наурызда жоғарғы инспектор және басшылықтың орынбасары қызметін атқарған. 1921 жылдың 8 қарашасында Губерния комитетінің және

губерниялық атқару комитетінде қабылдаған қаулыға сәйкес Семей Губерниялық бөлімінің меңгерушісі қызметінде болған. Бұл қызметте 1923 жылдың 15 мамырына дейін болып ГИК мүшесі, Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің басқа да қоғамдық ұйымдарда қызметін атқарған. 1923 жылдың 15 мамырынан бастап Орал атқарушы комитетінің губерниялық бөлімінің меңгерушісі қызметінде 1924 жылдың 15 сәуіріне дейін болады. 1924 жылдың 2 сәуірінен Орал губерниялық статистикалық бюросының меңгерушісі қызметіне тұрады. Сонымен қатар, 1923 жылдың желтоқсанынан Орал губерниялық атқарушы комитетінің (ГИК) мүшелігінде, Губерниялық ғылыми-жоспарлы комиссиясының мүшелігінде, 1923 жылдың 3 қыркүйегінен Доброхим тексеру комиссиясының өкілі болған. 1924 жылдан қазіргі кезге дейін Қазақстанды зерттеу қоғамының Орал бөлімше басқармасының өкілі және 20 ақпаннан құрметті мүшесі болған. Осы жылдың 6 мамырынан Орал губерниялық мұражай кеңесінің өкілі болып, 1925 жылдың қарашасынан ВКП Орал губерниялық комитетінің испарт (история партии) бөлімінің уақытша міндетін атқарушы болған [4, 31-32 п.].

Осы бөлімшеге мүше болған - Ванюшин Сергей Григорьевич 1893 жылы 6 қазанда Орал губерниясында дүниеге келген. Алғашқы білімді үйден алып, кейін Лухов училищесінен білім алуға жіберіліп, Лухов семинариясының 4 класты орта білімін аяқтаған. 1913 жылы азаматтық оқу орындарынан білім алу мақсатында семинариядан шығып, осы жылы Киев коммерциялық институтының Сауда-техникалық бөліміне оқуға түсіп, 1919 жылы бітіріп шығады. 1916 жылы Самара жер басқармасында санақ бойынша аудандық басшы қызметін атқарады. 1922 жылдың бірінші жартысында Оралда Губерниялық сауда бөлімінің тауар алмастыру экспедициясында кеңсе басшысы, кейін Орал губерниялық статистикалық бөліміне жұмысқа келген. 1925 жылға дейін ауыл шаруашылық статистикалық бөлімінде қызмет атқарған. 1925 жылы Өнеркәсіп және Еңбек бөліміне секция меңгерушісі қызметіне келген, реалдық училищені бітірген. Осы саланың тапсырмасы бойынша Орал өзенінің балық шаруашылығына зерттеу жүргізген. Қазіргі таңда жергілікті өлкені зерттеу қоғамының мүшесі қызметін атқарады [5, 56-п.].

Ал келесі мүшесі Мальцев Павел Геннадиевич 1892 жылы 24 желтоқсанда Тула қаласында дүниеге келген. Орал қаласына келгеннен Мукомольдық бірлестік кеңсесінде есепші болып қызмет атқарған. 1912-1913 жылдары реалдық училищені бітіргеннен кейін, 1914 жылы Москва шаруашылық институтына оқуға түсіп, екі жыл білім алып шығады. Облыстық баспа статистикалық басқармада есепші қызметін атқарған. Кеңес билігі кезінде Орал қаласында Губерниялық сауда бөлімінен кейін губерниялық жер басқармасы (ГЗУ) бөлімшесінде, агрономының көмекшісі және есепші қызметінде болған. 1922 жылдың 22 қаңтарынан Орал губерниялық статистикалық бюросына түсіп, қазіргі кезге дейін болады. Ақпан төңкерісінен кейін Орал облыстық азық-түлік басқармасында және қазан төңкерісінен кейін қазандық банкінде 2 жыл шамасында қызмет істейді. Кеңес билігі кезінде 8 айдай Губерниялық сауда бөлімінің статистикалық бөлімінде қызметте болады. 1922 жылдың 1 қаңтарынан губерниялық статистикалық бөлімнің ауыл-шаруашылық статистикалық бөлімінде жұмыс істейді. 1922 жылы І-ші, ІІ-ші Қазандық статистикалық конференцияда және Москвадағы статистикалық одақ конференциясына қатысады [6, 47-п.].

Мюллер Елезавета Карловна 1923 жылдың 19 қыркүйегіндегі №107 бұйрық бойынша экономикалық секцияның меңгерушісі қызметіне тағайындалған [7, -10 п.]. Е.К.Мюллерге 1914-1915 жылы Орал әскери гимназиясының 8-ші педагогикалық сыныбында оқығандығы туралы куәлік берілген [7, 15-п.].

Трублаевич Николай Дмитриевич Орал ерлер гимназиясын бітірген. 1920 жылдың 19 маусымынан бастап губерниялық статистикалық бюросында санақ тіркеуші қызметін атқарған. 1922 жылдың сәуір айынан бастап Әлеуметтік статистикалық секция меңгерушісі болып, кейін Губерниялық халықтық оқыту бөлімі мен губерниялық комитет қызметін атқарады. Статистика бойынша жергілікті «Красный Урал» газетінде бірқатар мақалалары шыққан [8, 44-п.].

Қазақстанды зерттеу қоғамы ғылыми зерттеулерді жинақтап, «Труды» атты мерзімдік басылымдарын шығара бастады. Баспа беттерінде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихы, этнографиясы, қазақтардың ауыз әдебиеті, ертегі, тұрмыстық және қолданбалы өнері туралы қоғам мүшелерінің зерттеу нәтижелері жарияланды. «Труды» басылымдарында Орал өлкесіне байланысты зерттеулерді атасак, профессор Б.А. Федеченко мен И.В.Лариннің «История исследования растительность Уральской губернии» атты еңбегінде, Жайық өзені бойында орналасқан кен байтақ даланы суреттей келе, сол даладағы қорғандарды, жан-жануарлары, құстарын, өзені бойындағы тоғай ормандары, сонымен қатар, шипы, осетры, белуг, сазан тағыда басқа түрлі балықтарға бай екенін атап өткен. XVII-XVIII ғасырлары орал казактарының келуі біршама өзгерістер алып келеді. Сол кезден бастап казактар Орал, Елек, Гурьев, Калмыков, Гребенщиков, Сарайшық қалаларына қоныстана бастады. Осы кезде Орынборда Орал губерниясын алғаш зерттей бастаған Петр Рычков 1748 жылы Орал казак старшиндарының сөздерінен Орал казактарының тұрмыс-тіршілігін, табиғатын, тарихын жаза бастайды. 1762 жылы жарық көрген Арал – Каспий өңірінің халқы мен табиғаты туралы жазған очеркі «Топография Оренбургского губернии» еңбегі шығады. Ғылыми Академияның зерттеулері мен Екатерина II-нің бұйрығы арқылы, 1767 жылы ұйымдастырылған бес ғылыми экспедицияның үшеуі, П.С. Паллас, И. Лепехин және И.П. Фальктің экспедициясы Орал губерниясын зерттеуге бағытталған еді. Академик Перт Симон Паллас Ленинградтан басқа экспедициялар сияқты 1768 жылы шығады. Симбирскіде қыстап, 1769 жылдың көктемінде Самара арқылы Орынборға бағыт алып, 27 шілдеден 10 тамыз аралығында Орал губерниясының халқы, тұрмыс-тіршілігін, балық аулау әкімшілік басқармасын, мал шаруашылығын, жер шаруашылығын зерттей бастады. 11 тамыз күні Орал губерниясынан шығып, Қамыш – Самар көлдері мен Горск ауылынан Индер көлінің тауларын, Гурьев халқы мен өңірінің табиғатын зерттей бастайды. Кейін Оралға қайтып келіп, 6-20 қыркүйек аралығында Орал өңірін зерттеуге қайта кіріседі. Келесі экспедиция жетекшісі Иван Лепехин осы жылы 19-23 тамыз аралығында Гурьевті зерттеп, Солянка, Камен аралы, Орал өзенінің оң жағалауларына барып, Палластың бағытымен Орал арқылы Орынборға кетеді. Ал ботаник Иоган Петр Фальктің бастауымен жүргізілген экспедиция Волга өзені, Рын – құмдары арқылы 1770 жылы 22 шілдеде Кіші Өзен өзеніне келіп жетіп, кейін Үлкен Өзен өзені арқылы Қамыш – Самар көлі, Кушум мен Орал өзені арқылы 28 шілдеде Оралға келіп, 4 күн болып Орынборға аттанған. Қазақ

өлкесін зерттеуге үлес қосқан осы жүргізілген үш экспедицияға және басқа да орыс зерттеушілерінің жүргізілген зерттеулеріне тоқталып кеткен [9, с.115-130]. Сонымен қатар, Орал өңірінің өсімдіктерін зерттеуді 1918 жылы И.В. Ларин бастайды. 1920 жылы оған Е.А. Дорогоневская мен Л.Ф. Буренина қосылады. 1921 жылы олар Орал ауылшаруашылық тәжірибелі станция мен дала ұйымдарының егістік аумағының өсімдіктерін зерттей бастайды. Бұл зерттеуге С.М. Верушкин, Е.А. Дорогоневская мен Л.Ф. Буренина қатысып, 1922 жылы оны С.М. Верушкин жалғастырады. Осы кезде колониялдық Орал – Бөкейлік экспедиция ұйымдастырылып, оның құрамында жүріп И.В. Ларин батыстағы Чижинск аймағында жұмыс жасайды. 1924 жылы И.В. Ларин К.М. Мусатовпен бірге Чижинскінің солтүстігін зерттей бастайды. 1924 жыл мен 1925 жылдың басында И.П. Крашенинков пен И.В. Лариннің еңбектері бірге жарияланып, осы еңбекте қазақ өлкесінде атқарылған зерттеулерге тоқталған [9, с.130-132]. Сондай-ақ, А.Ф.Рязановтың «Отголоски Пугачевского восстания на Урале, в Киргиз – Кайсацкой Малой Орде и в Поволжье» [9, с. 197 – 216], И.В.Ларин және Т.Ф.Тихомировтің «Почвы, растительность и их хозяйственное значение участка Уральской и сельскохозяйственной опытной станции» [10, с.5-24] атты зерттеулері жарық көрді.

Орал бөлімшесінің ғылыми-зерттеу қоғамы мүшелері қоғамның мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырудың бірнеше мүмкіндіктерін қарастырды. Біріншіден, дәрістер мен баяндамалар ұйымдастыру, екіншіден, мерзімді басылымдар беттерін пайдалана ғылыми танымдық мақалалар, хабарламаларды шығаруды жоспарлады. Қоғам мүшелерінің мынадай тақырыптарда дәрістері мен баяндамалары тыңдалды. Атап өтсек, И.В.Лариннің «Изучение Уральской губернии» және «Растительность Уральской губернии», И.И. Фолимановтың «Гидрография Камыш-Самарского западины», Рацуллдің «Торговые сорта хлебов в условиях Уральского рынка» және «Вредители зерна в Уральской губернии и борьба с ними», Г.С.Якимовичтің «Сопоставление паровоза с тепловозом», П.В.Калачевтің «Букеевская губерния в прошлом и настоящем», А.Г.Потаповтың «Опыты хлопководства в Прикаспийских степях», И.И.Фолимановтың «Орошение Чижино-Слаухинского района и мелиоративной возможности», профессор Рыковтың «Изучение Уральской губернии в археологическом отношении» [2, 39 п.]. Сонымен қатар, Красный Урал газетіне Дом крестьянина мекемесінде И.В.Лариннің «Почвы и растительность Уральской губернии» дәрісі [11,4 б.] және Орал бөлімшесінің мүшесі И.С.Фолиманов «Гидрография Камыша – Самарской западины и мелиоративные возможности» тақырыбында баяндама оқитыны туралы хабарлама берілген [12, 4 б.].

Қоғамның алғашқы атқарған жұмысы 1925 жылы Шалқар көлін гидробиологиялық және гидроихтиологиялық қатынаста зерттеу болып табылды. Гидробиологиялық және ихтиологиялық саласында зерттеуді Л.И.Паллон, М.И.Маркун мен И.Х.Кожевников жүргізді. Л.И.Паллонның «Озера Чалхар в Уральской губернии» атты еңбегінде Шалқар көлін гидробиологиялық және гидробиологиялық жағынан зерттеуге 1925 жылы Ресей Гидробиологиялық институты жіберуімен келген, көлді зерттеу Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының Орал бөлімшесінен бөлінген қаржысына зерттелді. Л.И. Паллон Шалқарда 36 күн, яғни маусым мен тамыз айларында аралығында болады. Шалқар көлінің орналасқан жері, аумағы және онда кездесетін минералдар,

суының көлемі, су тәртібі, суының тұздылығы, өсімдігі туралы айтып кеткен. Қорыта келе Қоғам басқармасына экспедиция жүргізуіне көмек көрсеткені үшін төрағасы П.В. Калачев пен хатшы С.Г. Ванюшинге ризашылығын білдірген болатын [13, с. 73 – 101]. Сонымен қатар, топырақтанулық-ботаникалық зерттеулерді К.М. Мусатов пен С.М. Верушкиннің көмегімен И.В.Ларин жүргізді. Бұл жұмыстың нәтижелері тек қолжазбаларда көрсетілген. Геологиялық зерттеуді профессор С.С. Неуструев жүргізді. 1925 жылдан кейін «Советская степь» газетіне: «Археологическое экспедиция профессор П.С. Рыкова в Уральской губернии», «Исследование озера Чалкара», «К изучению Уральской губернии», «Исследование рыболовства и рыбободства на реке Урале» ғылыми мақалалары жарыққа шыққан [2, 40-п.]. Ал 1926 жылы бөлімше бастамасымен профессор Л.С.Берг пен В.В.Петровтың жетекшілігімен Орал өзенінде балық аулауды зерттеді. 1927 жылдан Қоғам Орал округінде фенологиялық бақылау ұйымдастырады. Әрине, бақылау тарапы Өлкетану бюро орталығы мен Орыс Әлемтану қоғамымен байланысты болды. Қоғам мүшелері П.В. Калачев пен Е.М. Тимофеевтің археологиялық жұмыстары жүргізді [14, 44 б.].

1925, 1926, 1927 жылдары Қоғамның қатысуымен профессор П.С. Рыков басшылық жасаған археологиялық экспедиция ұйымдастырылып, Семиглавый - Мар, Шипов, Зеленый, Деркөл, Новенька, Чувашкин, Теплый, Озерный, Трекин, Дарьинск, Рубежинск, «Спартак» коммунасы, Требушинск, оң жақ жағалаудағы - Январцевск пен Долинный, Федоровка, сол жақ жағалаудағы Подстепный аудандарына зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Осы қоғам жүргізген экспедиция материалдарының нәтижесінде Орал мұражайында археологиялық бөлімше ашылуына мүмкіндік берді. Орал бөлімшесінің мүшесі Б.К.Щелоков 1927 жылы Оралда Сарайшықтан (Гурьев округі) алтынорда мәдениетінің жәдігерлерін жинақтаған. Сонымен қатар, Н.Н.Крестьяниновпен бірге қазақ ою-өрнектер туралы мағлұматтар әзірленді.

1927 жылы Орал Губерниялық халықтық оқыту бөлімінің (ГубОНО) жанынан К.В.Данилевский және Е.В. Рудницкиймен құрастырылған «Краеведческий справочник по истории, географии, экономике и быту русского населения Урало-Каспийского Края» атты өлкетанулық жинақ басылып шықты [14, 45 б.].

«Красный Урал» газеті ұжымы 1924-1925 жылдарында газет бетінен өлкетанушылық бағыттағы мәліметтерді басуға көңіл бөлді. Осы уақыт аралығында «Красный Урал» газетінде өлке тарихына қатысты мақалалар жарық көрген. Оларға 1924 жылы «Богатый и необитаемый край Чижино – Сламихинской район из работ Урало-Букеевской экспедиции», «Чума в Уральской губернии», П.В.Калачевтің «О скотоводство в Уральской губернии», П.В. Калачевтің «Обеспеченность скотоводства Уральской губернии кормовыми средствами», И.В.Лариннің «Что мы знаем и незнаем об Уральской губернии» және өзге де мақалалар жарық көре бастады.

Кеңестік Қазақстанды зерттеуде Қазақстанды зерттеу қоғамының Орал бөлімшесінің қосқан үлестерін атап өту маңызды. Қоғамның атқарған қызметі мен қоғам мүшелерінің Орал өлкесінің тарихы, тарихи ескерткіштері туралы баяндама, дәріс оқып, сонымен қатар өлке табиғатын, табиғи байлығын зерттеуде атқарған қызметтері тарих ғылымы үшін құнды жазба деректер болып табылады.

Әдебиеттер

1. Трублаевич Н.Д. Изучение местного края. / Красный Урал. №108 (2008) 15 май. 1924 год
2. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты - 432 қ., 1 тізбе., 1 іс.
3. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 693- қ., 1-т., 25-іс.
4. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты - 1 қ., 2 т., 79-іс.
5. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты - 1 қ., 2 т., 51-іс.
6. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты - 1 қ., 2 т., 90-іс.
7. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты - 1 қ., 2 т., 93-іс.
8. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты - 1 қ., 2 т., 109-іс.
9. Труды Общества изучения Киргизского края. – Оренбург: 1925 г. Т.VI. -313 с.
10. Труды Общества изучения Киргизского края. Отдел естествознания и географии. – Кызыл–Орда: Общества изучения Казакстана, 1927. Том. 8. Вып.1. - 473 с.
11. Объявления / Красный Урал.- 1925. №9 (1305) - 11 январь. – с.10
12. Объявления / Красный Урал.- 1925 №11 (1307) -14 январь. – с.10
13. Труды Общества изучения Киргизского края. Отдел естествознания и географии. - Алма –Ата: Общества изучения Казакстана, 1929. Том. 10.
14. Дроздов Г.Н. Уральский округ и его районы выпуск II. – Уральск: Гостипография им. Т. Луначарского, 1929.

У.Т. Ахметова, А.Е. Жаркемалиева

НАУЧНОЕ ОБЩЕСТВО В ГОРОДЕ УРАЛЬСКЕ И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

В статье рассматривается вопрос об организации и деятельности Уральского отделения Общества изучения Казахстана, и вкладе членов общества в историю края.

Ключевые слова: Уральское отделение, Общество изучения Казахстана, казахская история, члены общества, поиски.

U.T. Akhmetova, A.E. Zharkemaliev

THE SCIENTIFIC COMMUNITY OF THE URALSK CITY AND ITS ACTIVITY

The article considers the organization and activities of the Society for the Study of the Ural Branch of Kazakhstan, and the contribution of the members of the society to the edge of history.

Key words: Ural branch for the Study of Kazakhstan, history of the kazakhs, members society, search.

2013 жылдың 11 сәуірінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 12 сәуір ғылым қызметкерлері күніне арналған «Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуындағы ғалымдардың рөлі мен белсенділігі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстел барысында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик Асхат Сәлімұлы Иманғалиев құттықтау сөз сөйлеп, университетіміздің отыз екі ғалымын атаулы мереке қарсаңында алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен марапаттады. Олардың ішінде, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков, химия ғылымдарының докторы, профессор Дина Кенжебекқызы Мендалиева, биология ғылымдарының докторы, профессор Талшен Есенманқызы Дарбаева және т.б. бар. Дөңгелек үстел жұмысында «Университет ғалымдары алған белестер» тақырыбында ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы Әбілсейт Қапизұлы Мұқтардың баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар, «М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми мектептерінің қалыптасуы тарихы» атты фильм тамашаланып, аға буын, белгілі ғалымдар биология ғылымдарының канди-даты, профессор Мария Максимовна Фартушина, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов және жас ғалымдар атынан Тарих мамандығы магистранты Сандуғаш Сақауова құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Мерекелік жиынға айналған дөңгелек үстел музыкалық құттықтаумен аяқталды.

30 сәуір 2013 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «В.И. Дальдің филологиялық мұрасы» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.

Конференция жұмысын М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, п.ғ.д., академик А.С. Иманғалиевтің алғы сөзімен ашылды. Сонымен қатар, пленарлық отырыста Орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Г.С. Умарованың «Концепт Аксакал как отражение картины мира казахов в повести В.И. Даля «Бикей и Мауляна», аға оқытушы Р.Э. Винниктің «Особенности дискурса повести В.И. Даля «Жизнь человека, или Прогулка по Невскому проспекту», Тілдерді оқытудың практикалық курсы кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к. М.Қ. Ажғалиевтің «Қазақ және орыс халықтары қарым-қатынасы тарихындағы В.Даль шығармаларының маңызы мен рөлі» және Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі, ф.ғ.к., доцент О.В. Опряның «Наследие В.И. Даля в свете современной науки» атты баяндамалары тыңдалды.

Конференция жұмысы «Биография В.И. Даля: традиционные и новые научные факты, лексикография», «Методические и дидактические принципы изучения произведений В.И. Даля», «Художественное творчество В.И. Даля: опыт современного прочтения» және «Филологические и методические аспекты изучения языков» атты секцияларда жалғасын тапты.

4 мамыр 2013 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Ұлы Отан соғысының ардагері, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор П.Р. Букаткиннің 90 жылдық мерейтойына арналған “Батыс Қазақстанның 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Жеңіске қосқан үлесі” атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылды.

Конференция М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, п.ғ.д., академик А.С. Иманғалиевтің алғы сөзімен ашылып, Батыс Қазақстан облысының әкімі Н.А. Ноғаевтың құттықтау сөзімен жалғасын тапты. Конференция жұмысында т.ғ.д., профессор А.М.Нұрғалиева «П.Р. Букаткиннің өмірі мен қызметі» тақырыбында баяндама оқыды. Ұлы Отан соғысының ардагері, т.ғ.к., профессор П.Р. Букаткиннің «Западный Казахстан – ближний тыл Сталинградского фронта» тақырыбындағы, Батыс Қазақстан облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы, т.ғ.к. М.Ә. Мухамбетовтың, Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының профессоры, п.ғ.к. Н.Н. Пересветовтың баяндамалары тыңдалды. Конференция соңында профессор П.Р. Букаткинге шәкірттері тарапынан құттықтаулар жолданды.

Конференция жұмысы «Ұлы Отан соғысы тарихының зерттелуінің өзекті мәселелері», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстан» және «Ұлы Отан соғысы тарихын оқыту негізінде қазіргі таңдағы жастарға патриоттық тәрбие беру мәселелері» атты секция отырыстарында жалғасты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен 2013 жылдың 16-17 мамырында Астана қаласында өткен «Қазақстанда филологиялық білім беруді дамытудың негізгі басымдықтары» тақырыбындағы Қазақстан Республикасы Филологтер съезінің шешімдерін жүзеге асыру мақсатында 2013 жылдың 31 мамырында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Қазақстанда филологиялық білім беруді дамытудың негізгі бағыттары» атты аймақтық семинары ұйымдастырылды.

Семинарлық мәжілісте М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, п.ғ.д., академик А.С. Иманғалиев алғы сөз сөйледі. Семинар жұмысында М.Өтемісов атындағы БҚМУ филология факультетінің деканы, п.ғ.к., доцент Қ.Т. Утегенованың «Новый формат содержания высшего филологического образования», Қазақстан Республикасының Филологтер съезінің делегаты, ф.ғ.к., доцент З.Ж. Мүтиевтің «Қазақстан Республикасының Филологтер съезінен туындайтын шешімдердің маңызы мен өзектілігі», Қ.Жұбанов

атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д. А.Ш. Пангерееттің «Қазақ филологиясы: үрдістер мен тенденциялар, даму болашағы», Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті профессоры, ф.ғ.д. С.С. Дүтбаеваның «Роль филологического образования в инновационном развитии Казахстана», Батыс Қазақстан инженерлік гуманитарлық университеті проректоры, ф.ғ.д., Қазақстан Республикасының Филологтер съезінің делегаты С.Б. Мұраттың «Қазіргі түркологияның мәселелері: ізденістер мен іркілістер», Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, ф.ғ.д., Ж.А. Асановтың «Болашақ филолог-мұғалімнің кәсіптік біліктілігін қалыптастыру және жас ұрпақтың дамуындағы әдеби тәрбиенің маңызы», ф.ғ.д., М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры Ғ.Қ. Хасановтың «Қазақстанда латын әліпбиіне көшудің қиындығы мен тиімділігі», ф.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті Г.С. Умарованың «Укрепление позиции русского языка в Казахстане: проблемы и перспективы», Назарбаев Зияткерлік мектебінің координаторы, ф.ғ.к. Н.Ж. Дәулеткерееваның «Екінші тілді меңгертуге қажетті тіл үйренушінің қабылдау дағдыларын қалыптастырудың жолдары» және аға оқытушы, шет тілдер магистрі И.Н. Касимованың «Қазақстан мектептерінде ерте жастан ағылшын тілін оқыту әдістемесіне жауап беру әдісін енгізудің өзектілігі» тақырыбындағы баяндамалары тыңдалды. Семинар соңы филологияның өзекті мәселелеріне тоқталған жарыссөзге жалғасты.

2013 жылдың 1 маусымында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті базасында «Түркі тілді халықтар тарихындағы Ғабдолла Тоқайдың орны» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.

Ғылыми тәжірибелік конференцияны өткізуге Ғ.Тоқай Еуразиялық орталығы, Башқұрт мемлекеттік университеті, Қазан федералды университеті, Татарстан Республикасы Ғылым академиясы мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғалымдары атсалысты. Конференция жұмысы М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик А.С. Иманғалиевтің алғы сөзімен басталды. Пленарлық мәжілісте Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Г.Т. Хайруллиннің (Алматы қ.) «О культурном наследии золотой Орды (новая тяжба за историческое наследие тюрок)», профессор, филология ғылымдарының докторы Р.К. Ганиева (Қазан қ.) «Бессмертие», Башқұрт мемлекеттік университеті профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Л.Г. Саяхова (Уфа қ.) «Духовно-нравственные уроки творчества Габдуллы Тукая», М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Ғ.Тоқай Еуразиялық орталығының директоры Р.А. Абузяровтың «Меценатству второго уральского ренессанса - новое дыхание» (Орал қ.), Татарстан Республикасы Ғылым академиясы Г.Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор З.З. Рамеевтің (Қазан қ.) «Уроженец Уралья - казанский историк - тукаевед», Г.Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының ғылыми

кызметкері Д.Д. Хисамованың (Қазан қ.) «Уральский период жизни и творчества Габдуллы Тукая в произведениях художников Татарстана», филология ғылымдарының кандидаты, Башқұрт мемлекеттік университеті доценті М.С. Шариповтың (Уфа қ.) «Р.Миңнуллин шигъриятендә миллипәрвәрлек идеяләре» атты баяндамалары тыңдалды. Конференция төрт секция отырысында жалғасты: «Татар, қазақ және басқа да халықтар тарихында және Орал қаласы тарихындағы Ғабдолла Тоқайдың орны», «Еуразиялық идея контексіндегі Ғабдолла Тоқай мұрасын жаңғырту бойынша Қазақстан және Татарстан ғалымдарының тәжірибесі мен болашақ мәселелері», «Рухани сұрақтарды толерантты шешу мәселелері: діни және ағартушылық» және «Қолданбалы және теориялық лингвистика, әдебиеттану мәселелері».

Павел Романович Букаткин

Букаткин Павел Романович – почетный гражданин Западно-Казахстанской области, кандидат исторических наук, почетный профессор ЗКГУ. Участник Великой Отечественной войны. Родился 3 апреля 1923 года г.Уральске. В 1950 году окончил Уральский педагогический институт им. А.С.Пушкина. В 1950-1951 гг. работал преподавателем кафедры истории СССР УПИ. В 1951-1955 гг. работал зав. парткабинетом, лектором, зав. отделом пропаганды и агитации горкома КПК Казахстана. В 1955-1964 гг. работал начальником учебной части, преподавателем истории СССР УПИ. В 1964-1967 гг. Павел Романович учился в аспирантуре Казахского государственного университета им. С.М.Кирова.



В 1967 году защитил кандидатскую диссертацию на тему «Западный Казахстан в годы Великой Отечественной войны». В 1967 году ему была присуждена ученая степень кандидата исторических наук, а в 1970 году - ученое звание доцента. В последующие годы работает старшим преподавателем, доцентом, заведующим кафедрой истории СССР, деканом исторического факультета Уральского педагогического института им. А.С.Пушкина.

Сферой научной деятельности является работа над проблематикой боевого пути Западно-Казахстанского и других соединений на фронте и работе тыла в годы Великой Отечественной войны и другими проблемами истории Казахстана. Является членом редакционной коллегии «Книга памяти» г. Уральска. Имеет правительственные награды: 2 ордена «Отечественной войны II степени, орден «Красной звезды», 7 боевых медалей за боевые заслуги на фронтах Великой Отечественной войны, Почетную Грамоту Министерства просвещения, Министерства образования КазССР, значок «Отличник просвещения КазССР», «Отличник высшей школы СССР», орден «Курмет», медали «50 лет Победы в Великой Отечественной войне», «Маршал Советского Союза Г.К.Жуков».

П.Р.Букаткин внес огромный вклад в развитие народного образования. Целая плеяда ученых ЗКГУ считает себя учениками Павла Романовича. Участник Великой Отечественной войны, ученый и наставник внес большой вклад в развитие и воспитание подрастающего поколения. П.Р.Букаткин воспитал и воспитывает будущих патриотов. Его ученики трудятся в различных отраслях экономики, политики и культуры.

Его труды, посвященные проблемам Великой Отечественной войны, являются актуальными, так как их автор сам участник войны.

Павел Романович, мы благодарим Вас за то, что вы внесли большой вклад в сохранение жизни на земле, приняв участие в самой страшной войне, которая известна в истории - Великой Отечественной войне 1941-1945 г. Желаем Вам крепкого здоровья, семейного благополучия, новых открытий в науке!

Мы склоняем голову перед ученым и педагогом, внесшим огромный вклад в развитие образования РК.

Коллектив факультета истории и права

Актоты Болатовна Ниязбекова

Сердечно поздравляем Вас с юбилеем!

Ваш авторитет творчески активного, талантливого педагога, ученого-химика, прекрасного организатора в сфере образования во многом способствует развитию и процветанию естественно-географического факультета. Многолетней педагогической и научной деятельностью Вы доказали свое умение ставить самые высокие цели и успешно добиваться их достижения. Примите самые искренние поздравления и наилучшие пожелания, дальнейших успехов, доброго здоровья.

Счастья Вам и Вашим близким!



Коллектив естественно-географического факультета

Розалинда Эйзеровна Винник



19 апреля 2013 году старшему преподавателю кафедры русской филологии Розалинде Эйзеровне Винник исполнилось 60 лет.

Почти вся трудовая жизнь Розалинды Эйзеровны была связана с нашим вузом, в котором она начала работать с 1975 года, с отличием окончив Саратовский государственный университет имени Н.Г.Чернышевского.

Получив великолепную подготовку как по русской литературе, так и по русскому языку, Розалинда Эйзеровна на высоком профессиональном уровне ярко и эмоционально читает лекции по ряду историко-литературных курсов, среди которых особенно выделяя русскую литературу XVIII века, мировую литературу и современные литературные процессы.

За десятилетия работы в стенах ЗКГУ им. М. Утемисова Розалинда Эйзеровна стала авторитетнейшим специалистом самого широкого спектра научных дисциплин – от литературоведения до лингвистики!

Ее принципиальность, организованность и ответственность, удивительная широта научных интересов, стремление к новому являются для всех нас – преподавателей и студентов – высоким ориентиром, к которому хочется стремиться.

Уважаемая Розалинда Эйзеровна!

Ваша молодая энергия, помноженная на многолетний опыт ученого и преподавателя – вот залог творческого долголетия! Пусть Вашими спутниками всегда остаются стремление к новым учебным горизонтам и покорение новых научных вершин!

Коллеги

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ПЕДАГОГИКА PEDAGOGICS

Имангалиев А.С., Тажгулова Д.З. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРОЦЕССА САМОПОЗНАНИЯ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ.....	3
Andrzej Ostrowski, Mirosław Juskiewicz, Marek Strzala, Arkadiusz Stanula, Witold Ziara, Aleksander Skaliy, Tetiana Skaliy ASSESSMENT OF VOLUNTARY LIFEGUARD IN YEARS 2003-2012 ON THE BACKGROUND OF SOCIAL CHANGES.....	13
Мұханбетжанова Ә.М., Мұханбетжанова А.Ә. 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫН ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕҢІСТІГІМЕН ЫҚПАЛДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ.....	28
Байгараев И. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИНТЕГРАЦИИ ДУХОВНОГО И ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ВУЗЕ.....	36
Темирбек улуу Иличбек ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ВУЗЕ В КОНТЕКСТЕ РЕШЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ.....	41
Адельбаева Н.А., Ойлыбаева Л.Н. НЕКОТОРЫЕ ПОДХОДЫ К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ЛИЧНОСТИ.....	46
Мусабекова Г.А. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ТИПТІК МЕКТЕПТЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ МЕКТЕПКЕ КӨШУ.....	52
Нургалиев К.А., Жумалиева Г.С. ОСОБЕННОСТИ ОТНОШЕНИЯ К ЛЮБВИ И БРАКУ И ИХ СВЯЗЬ С ПСИХОЛОГИЧЕСКИМ ТИПОМ ЛИЧНОСТИ.....	62
Байдулова Л.А., Булатова К.Б. ПОЛЕВАЯ ПРАКТИКА ПО КУРСУ ЭВОЛЮЦИОННОЙ ТЕОРИИ (для специальности 5В011300 «Биология» - бакалавр).....	73
Сырым Ж.С., Нуртазаева Г.А., Кажмуханова Г.Ш. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ МОДЕЛЬДІҢ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	78
Байдулова Л.А., Булатова Қ.Б., Ертлеуова Б. ОПИСТОРХОЗ ИНВАЗИЯСЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	85
Испулова Р.Н., Нугманов И. ХОККЕЙ С МЯЧОМ КАК ОДИН ИЗ ВИДОВ МАССОВОЙ ФИЗКУЛЬТУРНО-СПОРТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	91
Нағымова М.М., Бекеева Г.А. ПЕДАГОГ МУЗЫКАНТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТІН ДАМУДА ЭТНОМӘДЕНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫНЫҢ МӘНІ.....	96

Нағымова М.М., Жартыбаева А.А.	
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ЭЛЕКТИВТІ ТАҢДАУ КУРСЫН ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	100
Шоканова А.Ш.	
РОЛЬ АКТИВНЫХ ФОРМ И МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ-ЭКОЛОГОВ.....	106
Калаханова С.Б.	
ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ АНА МЕН БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛЬДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТІ.....	112
Бахтиярова С.Ж.	
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРГЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘСЕРДІҢ ТИГІЗЕР МҮМКІНДІКТЕРІН АРТТЫРУ.....	121
Ворфоломеева О.В.	
ВОКАЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	127
Кайнбаева Ж.С.	
ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ.....	136
Olga Vorfolomeyeva	
INDIVIDUAL TRAJECTORIES FOR ART SPECIALTIES STUDENTS IN CREDIT SISTEM OF EDUCATION.....	140
Бохорова С.Н., Бисенгазиева А.С., Жароева А.Г.	
МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ ЗООЛОГИЧЕСКИХ ЭКСКУРСИЙ ПО ИЗУЧЕНИЮ ВОДНОГО БИОТОПА ВО ВРЕМЯ ЛЕТНЕЙ ПОЛЕВОЙ ПРАКТИКИ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ЗООЛОГИЯ БЕСПОЗВОНОЧНЫХ».....	145
Бекенова А.С.	
БОЛАШАҚ КҰЗЫРЕТТІ МҰҒАЛІМ ДАЙЫНДАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ.....	149
Абдрахманов И.С.	
МЕКТЕПТЕГІ «ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ» ПӘНІ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДЫҢ ӨЗГЕРМЕЛІ БӨЛГІНЕ ВОЛЕЙБОЛДЫ ЕНГІЗУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	155
Давлетова Ж.А.	
ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ.....	161

ФИЛОЛОГИЯ ФИЛОЛОГИЯ PHILOLOGY

Герасименко И.А.	
О СЕМАНТИКЕ КОЛОРАТИВОВ РУМЯНЫЙ, РУСЫЙ, РЫЖИЙ В ТЕКСТАХ РУССКОГО ФОЛЬКЛОРА: ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	165
Рамеев З.З.	
КАЗАНСКИЙ ИСТОРИК - УРОЖЕНЕЦ УРАЛЬСКА.....	169
Исакова С.С.	
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОНЦЕПТІЛЕР.....	174
Байжигитова Г.Б.	
РАБОТА С ЭКОНОМИЧЕСКИМИ ТЕРМИНАМИ В КУРСЕ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	179

Қарағұлова Б.С.	
МЕДИЦИНА САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МӘНІ.....	184
Биалиева К.К., Шагимгереева Б.Е.	
ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ГЛАГОЛОВ	
ДВИЖЕНИЯ В СОВРЕМЕННОМ РУССКОМ ЯЗЫКЕ.....	189
Жигалин Н.С., Гумарова Ж.С.	
ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ СИНТАКСЕМЫ	
«НА+ПРЕДЛОЖНЫЙ ПАДЕЖ» С ПРОСТРАНСТВЕННЫМ	
ЗНАЧЕНИЕМ И ЕЕ ЭКВИВАЛЕНТЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	194
Щербакова И.К.	
ОТРАЖЕНИЕ ГЕОМЕТРИЧЕСКО-ВРЕМЕННЫХ КОНЦЕПТОВ	
РУССКОЯЗЫЧНОЙ КУЛЬТУРЫ В ЯЗЫКЕ ПЕРЕВОДА	
НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК (на материале перевода произведения	
А.С.Пушкина «Капитанская дочка»).....	201

ТАРИХ ИСТОРИЯ HISTORY

Мұқтар Ә.Қ.	
УӘЛИ ХАННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....	208
Ахметова Ұ.Т., Бержанова Г.Е.	
ҒАБДУЛҒАЛИ БАЛҒЫМБАЕВТЫҢ ТОРҒАЙ	
ГАЗЕТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	220
Ахметова Ұ.Т., Жаркемалиева А.Е.	
ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....	226
<u>ҒЫЛЫМИ ӨМІР - НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ</u>	233
<u>БІЗДІҢ МЕРЕЙТОЙ - НАШИ ЮБИЛЯРЫ</u>	237

АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға білім мәселелеріне қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 8 беттен аспайтын) USB-жинағышы, CD-R дискімен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,0 интервалымен, 11 шрифтісінен кем емес, және бір данасы А4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканерленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, электрондық почтасы, тел.), ƏОЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек); аңдатпа, мақала тіліндегі түйін сөз (10 сөзден артық); Т.А.Ә., мақаланың атауы, түйіндеме, түйін сөз (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс немесе ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға expertтік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің expertтік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом не более 8 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дисках CD-R, USB-накопитель (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 11, 1,0 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате А4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисункном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (Ф.И.О. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, электронная почта, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами); аннотация, ключевые слова на языке статьи (более 10 слов); Ф.И.О., название статьи, резюме, ключевые слова (статьи, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском и английском языках; статьи, публикуемой на других языках – на государственном, русском или английском языках); наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается expertтной комиссией научно-технического Совета актом expertтного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:

Р.Р. Құжалиева

Корректоры-Корректор:

С.А. Бекқужиева

Материалдарды

компьютерде беттеген:

Верстка и изготовление

оригинал-макета:

М.Т. Кафизова,

А.Е. Павленко, Б.М. Мустахан

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан

мемлекеттік университеті, 2013

090000, Орал, Достық даңғылы, 162

Басуға 13.06.2013 ж. қол қойылды.

Көлемі 30,3 б.т. Таралымы 350 дана.

Тапсырыс № 171

Подписано в печать 13. 06. 2013 г.

Объем 30,3 п.л. Тираж 350 экз.

Заказ № 171

Западно-Казахстанский государственный

университет им. М.Утемисова, 2013

090000, Уральск, пр. Достык, 162